	2 Жанды табиғат	2.1 Өсімдіктер	2.2.1.1 өсімдіктердің әртүрлі жағдайларда өсу мүмкіндіктерін зерттеу; 2.2.1.2 өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін сипаттау; 2.2.1.3 өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау; 2.2.1.4 өсімдік топтарын тіршілік ортасына және қоршаған ортаның жағдайларына (ылғал) бейімделу жолдары бойынша салыстыру; 2.2.1.5 өз өлкесінің өсімдік топтарын сипаттау; 2.2.1.6 топырақты күтудің маңызын түсіндіру; 2.2.1.7 өсімдіктерге қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсіндіру
2. Менің отбасым және достарым		2.2 Жануарлар	2.2.2.1 жануарлар класының өкілдерін ажырату: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер; 2.2.2.2 жануарлардың тіршілік ортасына бейімделу жолдарын сипаттау; 2.2.2.3 жануарлардың көбею жолдарын түсіндіру; 2.2.2.4 жануарлардың саналуандығын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау
2-тоқсан			
3. Менің мектебім	2 Жанды табиғат	2.3 Адам	2.2.3.1 адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау; 2.2.3.2 дұрыс дене сымбатын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; 2.2.3.3 бұлшықеттің қозғалыс кезіндегі жиырылуының рөлін түсіндіру; 2.2.3.4 денсаулық сақтаудағы жеке гигиенаның рөлін анықтау; 2.2.3.5 тіс күтімінің денсаулық сақтаудағы маңызын анықтау

	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру
4. Менің туған өлкем	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.2 Ауа	2.3.2.1 біздің ғаламшарымыз үшін ауаның маңызын түсіндіру; 2.3.2.2 ауаның кейбір қасиеттерін сипаттау (агрегаттық күйі, түсі, иісі); 2.3.2.3 ауаның кеңістікті толтыру қасиетін және жылуөткізгіштігін зерттеу
		3.3 Су	2.3.3.1 судың физикалық қасиеттерін анықтау (дәмсіз, иіссіз, белгілі бір формасының болмауы, аққыштығы); 2.3.3.2 судың агрегаттық күйінің өзгеру процесін зерттеу; 2.3.3.3 судың табиғи көздерін анықтау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру
3-тоқсан			

5. Дені саудың - жаны сау	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.4 Табиғат ресурстары	2.3.4.1 табиғат ресурстарының қолданысын анықтау; 2.3.4.2 табиғат ресурстарын шығу тегі бойынша жіктеу
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже)
	4 Жер және Ғарыш	4.1 Жер	2.4.1.1 Жер мен Күн арасындағы байланысты түсіндіру; 2.4.1.2 Жердің табиғи серігін анықтау
		4.2 Ғарыш	2.4.2.1 Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтау; 2.4.2.2 Күн жүйесі ғаламшарларын салыстыру
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	1 Мен зерттеушімін	4.3 Кеңістік және уақыт	2.4.3.1 негізгі уақыт өлшем бірліктерін ажырату; 2.4.3.2 ғарыштағы қашықтық пен уақыттың ерекшеліктерін түсіндіру
		1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау
	5 Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс	2.5.1.1 түрлі денелердің әртүрлі жылдамдықпен қозғалуына мысал келтіру; 2.5.1.2 жылдамдықты түсіндіруде сапалық сипаттамаларын қолдану (жылдам, баяу); 2.5.1.3 қозғалыс тудыратын күштерді зерттеу; 2.5.1.4 массаны анықтауға арналған құралдарды таңдау және пайдалану
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже)
4-тоқсан			
7. Қоршаған орта	5 Табиғат физикасы	5.2 Жарық	2.5.2.1 кейбір денелердің жарықөткізгіштік қасиетін зерттеу
		5.3 Дыбыс	2.5.3.1 дыбыс қаттылығы бойынша дыбыс көздерін жіктеу
		5.4 Жылу	2.5.4.1 түрлі денелердің температурасын өлшеу

8. Саяхат		5.6 Магниттілік	2.5.6.1 магниттерді қолдану аясын сипаттау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру

3) 3-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Жанды табиғат	1 Мен зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	3.1.1.1 маңызды ғылыми жаңалықтар мен олардың адамның күнделікті өміріне әсері туралы әңгімелеу
		1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау
2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	2 Жанды табиғат	2.1 Өсімдіктер	3.2.1.1 өсімдіктердің фотосинтез процесінде оттегі бөлуін түсіндіру; 3.2.1.2 өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру; 3.2.1.3 өз өлкесіндегі табиғат бірлестіктерін сипаттау; 3.2.1.4 адамның іс-әрекеттерінің өсімдіктердің саналуандығына әсерін түсіндіру; 3.2.1.5 сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін анықтау
		2.2 Жануарлар	3.2.2.1 жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу; 3.2.2.2 жануарларды тіршілік ортасы бойынша ажырату; 3.2.2.3 табиғаттағы жануарлардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау;

			3.2.2.4 өсімдіктер мен жануарлар арасындағы өзара байланысты зерттеу; 3.2.2.5 тіршілік ортасындағы жағдайдың өзгеруіне байланысты жануарлар санының өзгеруін түсіндіру; 3.2.2.6 адамның жануарлар санының азаюына әсер ететін іс-әрекет түрлерін анықтау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау
2-тоқсан			
3. Уақыт	2 Жанды табиғат	2.3 Адам	3.2.3.1 адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтау; 3.2.3.2 асқорыту жүйесінің тіршілікке қажетті энергияны алудағы рөлін сипаттау; 3.2.3.3 тыныс алу жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3.2.3.4 қанайналым жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3.2.3.5 адам ағзасының ауру мен инфекциядан қорғану жолдарын түсіндіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтау
4. Сәулет өнері	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.1 Заттардың типтері	3.3.1.1 заттарды шығу тегі және агрегаттық күйі бойынша жіктеу
		3.2 Ауа	3.3.2.1 ауаның құрамын сипаттау; 3.3.2.2 ауаның жануды қолдайтын қасиетін сипаттау
		3.3 Су	3.3.3.1 судың жанды ағзаларда және жансыз табиғатта кездесетінін түсіндіру; 3.3.3.2 судың негізгі табиғи көздерін салыстыру; 3.3.3.3 ауыз суды үнемді қолдану қажеттілігін түсіндіру;

			3.3.3.4 суды тазартудың түрлі тәсілдерін ұсыну; 3.3.3.5 суды тазартуға арналған фильтрдің өз моделін ұсыну; 3.3.3.6 судың тіршілік үшін маңыздылығын түсіндіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау
3-тоқсан			
5. Өнер	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.4 Табиғат ресурстары	3.3.4.1 кейбір ағзалардың тіршілігіндегі топырақтың рөлін түсіндіру; 3.3.4.2 топырақтың негізгі құрамын зерттеу (күм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа); 3.3.4.3 топырақтың негізгі қасиетін анықтау; 3.3.4.4 топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттеу
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау
6. Атақты тұлғалар	4 Жер және ғарыш	4.1 Жер	3.4.1.1 Жер сфераларын түсіндіру және графиктік кескіндеу
		4.2 Ғарыш	3.4.2.1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелеу; 3.4.2.2 адамзат дамуындағы ғарыштың маңызын түсіндіру
		4.3 Кеңістік және уақыт	3.4.3.1 Жердің өз осінен айналуының салдарын түсіндіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау;

			3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтау;
	5 Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс	3.5.1.1 серпімділік күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3.5.1.2 ауырлық күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3.5.1.3 үйкеліс күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3.5.1.4 күштің әсер ету бағытын анықтау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау
4-тоқсан			
7. Су тіршілік көзі	5 Табиғат физикасы	5.2 Жарық	3.5.2.1 көлеңкенің пайда болу себептері мен ерекшеліктерін түсіндіру; 3.5.2.2 денелердің жарықты шағылдыру қасиетін түсіндіру
		5.3 Дыбыс	3.5.3.1 дыбыс қаттылығының дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтыққа тәуелділігін түсіндіру
8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер		5.5 Электрлік	3.5.5.1 электр энергиясы көздерін анықтау; 3.5.5.2 қарапайым электр тізбегінің сызбасын жинау; 3.5.5.3 қарапайым электр тізбегін элементтерін көрсете отырып, сызба түрінде ұсыну
		5.6 Магниттілік	3.5.6.1 магнит көмегімен әртүрлі металдардың магниттелу қасиетін зерттеу
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес

			диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау
--	--	--	--

4) 4-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Менің Отаным Қазақстан	1 Мен зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	4.1.1.1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау
		1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
2. Құндылықтар	2 Жанды табиғат	2.1 Өсімдіктер	4.2.1.1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау; 4.2.1.2 өсімдіктің тіршілік циклін сипаттау; 4.2.1.3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін сипаттау; 4.2.1.4 тұқым таралу жолдарын сипаттау; 4.2.1.5 төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді ажырату; 4.2.1.6 өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсыну
		2.2 Жануарлар	4.2.2.1 өз өлкесіндегі жануарларды жіктеу; 4.2.2.2 бунақденелілердің тіршілік циклін сипаттау; 4.2.2.3 өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды ажырату; 4.2.2.4 симбиоздық қарым-қатынасқа мысал келтіру; 4.2.2.5 қоректік тізбектің құрылымын түсіндіру; 4.2.2.6 белгілі бір тіршілік ортасындағы қоректік тізбектің моделін құрастыру; 4.2.2.7 жойылу шегінде тұрған жануарларға мысал келтіру; 4.2.2.8 ұлттық саябақтар мен қорықтарды құру мақсатын түсіндіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 - алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну

2-тоқсан			
3. Мәдени мұра	2 Жанды табиғат	2.3 Адам	4.2.3.1 зәр шығару жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 4.2.3.2 жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.1 Заттардың типтері	4.3.1.1 заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау; 4.3.1.2 құрылған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алу
3.2 Ауа		4.3.2.1 адам тіршілігінің түрлі салаларында ауаны қолдану жолдарын анықтау; 4.3.2.2 ауаның ластану көздерін анықтау; 4.3.2.3 ауа тазалығын сақтау жолдарын және оны тазарту шараларын ұсыну; 4.3.2.4 ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру; 4.3.2.5 желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру	
		3.3 Су	4.3.3.1 табиғаттағы су айналымын сипаттау; 4.3.3.2 атмосферада жауын-шашын түзілу процесін сипаттау; 4.3.3.3 судың ластану көздерін анықтау; 4.3.3.4 судың ластануының түрлі ағзаларға әсерін түсіндіру; 4.3.3.5 түрлі заттардың судағы ерігіштігін зерттеу
4. Мамандықтар әлемі	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
3-тоқсан			
5. Табиғат құбылыстары	5 Табиғат физикасы	5.2 Жарық	4.5.2.1 көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру; 4.5.2.2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру
		5.3 Дыбыс	4.5.3.1 белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы мен таралуына әсерін зерттеу және түсіндіру

		5.4 Жылу	4.5.4.1 түрлі материалдардың жылуөткізгіштігін зерттеу
		5.5 Электрлік	4.5.5.1 түрлі материалдардың электрөткізгіштігін зерттеу
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
6. Қоршаған ортаны қорғау	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.4 Табиғат ресурстары	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау; 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету; 4.3.4.3 пайдалы қазбаларды сақтау және үнемді қолданудың жолдарын ұсыну
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
4-тоқсан			
7. Ғарышқа саяхат	4 Жер және ғарыш	4.1 Жер	4.4.1.1 жер бетінің ірі элементтерін атау және сипаттау
		4.2 Ғарыш	4.4.2.1 жекелеген ғарыш денелерін сипаттау; 4.4.2.2 Жердегі тіршілікке ғарыштың әсерін анықтау
		4.3 Кеңістік және уақыт	4.4.3.1 Жердің орбиталық айналуының салдарын түсіндіру; 4.4.3.2 жыл мезгілдерін сипаттау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
8. Болашаққа саяхат	5 Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс	4.5.1.1 Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысал келтіру; 4.5.1.2 судағы әр түрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну

Ескерту: зерттеушілік білік пен дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Мен зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттары «Жанды табиғат», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» бөлімдерінің оқу мақсаттарымен кіріктіріле жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы бойынша өзгерістер енгізілген оқыту мақсаттары 11-кестеде көрсетілген.

11-кесте. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша оқыту мақсаттары

1) Ақпараттық әдеп

Білім алушылар міндеті	
Бөлімше	1-сынып
1. Өз денсаулығымызды сақтаймыз	1.1.1.1 Компьютермен жұмыс істеу барысында тәртіп ережелерін ұстанып өз денсаулығын сақтау. 1.1.1.2 Компьютердің қолданылуына қарай негізгі құрылғыларын атау.
2. Біздің айналамыздағы ақпарат	1.1.2.1 Қабылдау тәсілдерін қолданып ақпарат түрлерін анықтау.
3. Ақпарат және компьютер	1.1.3.1 Ұсыну формасы бойынша ақпарат түрлерін ажырату. 1.1.3.2 ақпаратты ұсыну кезіндегі ақпарат көздері мен қабылдағыштардың байланыс арналарына мысалдар келтіру
4. Интернет желісінде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік	1.1.4.1 Интернет желісін өмірде қолдану мысалдарын келтіру. 1.1.4.2 желідегі барлық ақпарат сенімді және пайдалы емес екенін талқылау; 1.1.4.3 Интернет желісіне жеке ақпаратты беру кезіндегі қауіптерді анықтау.

2) Менің алғашқы суретім

Бөлімше	1-сынып
Фигуралар	1.2.1.1 Стандартты фигураларды қолданып салу. 1.2.1.2 Түстер палитрасындағы негізгі түсті өзгертіп кескін салу. 1.2.1.3 Палитрада фон түсін тандап кескін салу. 1.2.1.4 Контурын өзгерту арқылы фигураны салу. 1.2.1.5 Фигура түсін құйып бояу арқылы өзгертіп салу.
Фигуралармен орындалатын іс-әрекет	1.2.2.1 Форма мен параметрді қолданып кескін бөлігін ерекшелеу. 1.2.2.2 Көшіру, қиып алу және қою құралдарын қолданып кескін салу. 1.2.2.3 Бұру немесе айналдыру құралдарын қолданып кескін салу. 1.2.2.4 Түспен толтыру құралын қолданып кескін салу.

3) Біздің өміріміздегі алгоритмдер

Біздің өміріміздегі алгоритмдер	1.3.1.1 Алгоритм, әрекет және команда ұғымдарын түсіндіру. 1.3.1.2 Орындаушы және оның командалар жүйесін анықтап алгоритм құру.
---------------------------------	---

	1.3.1.3 Алгоритм түрлерін өмірмен байланыстырып мысалдар келтіру.
--	---

4) Бағдарламалау

Scratch пен танысу	1.4.1.1 Кейіпкер фигурасы үшін кітапханадан Спрайтты таңдау. 1.4.1.2 Кітапханадан Сахна фонын таңдау.
Менің алғашқы бағдарламам	1.4.2.1 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында дайын сценариді алгоритм бойынша іске асыру. 1.4.2.2 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында есептің шарты бойынша сызықтық алгоритмді өңдеу. 1.4.2.3 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында жобаны құру, сақтау және ашу.

2-4-сынып

1) Компьютер

Бөлімше	Білім алушылар міндетті		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.Компьютердің құрылғылары	2.1.1.1 енгізу шығару құрылғыларын ажырата білу;	3.1.1.1 таңба регистрін, пернетақтаның орналасуын, меңзерді басқаруды өзгерту үшін клавиштерді пайдалану;	4.1.1.1 компьютерлік және мобильді технологиялардың ескіруі ғылыми-техникалық прогреспен байланысты екенін түсіндіру;
2.Программалық қамтамасыз ету	2.1.2.1 Файл мен бума туралы түсінік беру; 2.1.2.2 файлдар мен бумаларды жасау, көшіру, жылжыту және жою; 2.1.2.3 өз жұмысындағы контекстік мәзірді пайдалану;	3.1.2.1 қолданбалы программаларда «қызу» клавиштерді пайдалану;	
3.Қауіпсіздік	3.1.3.1 Интернет желісінде жұмыс істеуде жеке қауіпсіздігінің негізгі ережелерін ескеру;	4.1.3.1. сенімді пароль критерийлерін айқындау;	

2) Ақпаратты ұсыну және өңдеу

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Мәтіндер	2.2.1.2. Өз идеяларын мәтіндік редакторда жазу;	3.2.1.1. таңбалы, нөмірленген тізімдер жасау; 3.2.1.2. мәтінді теру ережесін сақтау; 3.2.1.3. мәтінді өңдеу; 3.2.1.4. шрифт пен абзацты пішімдеу; 3.2.1.5. суреттерді мәтінге енгізіп, реттеу;	4.2.1.1 мәтінде қарапайым кестелер жасау;

2 Графика	2.2.2.1 суреттің фрагментін көшіру және көрсету; 2.2.2.2 суретті өңдеу (кесу, айналдыру, өлшемін өзгерту);	3.2.2.1 фотосуреттерді өңдейтін (жарық, контраст, жиектеме) программаларын қолдану;	
3. Презентациялар		3.2.3.1 мәтін мен бейнені қамтитын қарапайым көрсеткімдерді жасау; 3.2.3.2 слайдтар арасындағы ауысуды қолдану; 3.2.3.3 презентацияларды безендіру үшін дайын дизайнды қолдану;	4.2.3.1 слайд үшін макет таңдау; 4.2.3.2 презентациялардағы нысандардың анимациясын келтіру; 4.2.3.3 презентацияға дыбыс пен бейнені енгізу;
4. Мультимедиа	2.2.4.1 дыбысты жазу және ойнату үшін программаларды пайдалану; 2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу;		4.2.4.1 бейнеклиптерді жасау; 4.2.4.2 белгілі бір тақырыпта фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді пайдалану;

3) Интернет желісінде жұмыс істеу

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Ақпараттар іздеу	2.3.1.1 берілген тақырып бойынша ақпарат іздеу үшін браузерді қолдану;	3.3.1.1 ақпарат іздеуді іске асыру (құжаттағы мәтін үзіндісі);	4.3.1.1 түйінді сөздер бойынша ақпаратты іздеу үшін браузерді пайдалану; 4.3.1.2 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен қалталар)
2. Ақпарат алмасу	2.3.2.1 қосымшалар арасындағы мәліметтермен ауысу;	3.3.2.1. жоба бойынша бірлесіп жұмыс істеуге арнаған мессенджерлерді пайдалану; 3.3.2.2. желідегі ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру;	4.3.2.1. электрондық поштаның мүмкіндіктерін түсіндіру 4.3.2.2. шолғыш параметрлерін қолдану (бетбелгілер жасау, тарихты және жүктеулерді қарау);

4) Есептей білу

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Алгоритмдер	2.4.1.1 берілген сценарий бойынша ойын бағдарламалау ортасында (Scratch (скретч))	3.4.1.1 берілген сценарий бойынша бағдарламалаудың ойын ортасында (Scratch (скретч))	4.1 ойын бағдарламалау ортасында кірістірілген циклды жүзеге асыру (Scratch (скретч))

	тармақталу алгоритмін әзірлеу; 2.4.1.2 ойын бағдарламалау ортасында (Scratch (скретч)) ауызша түрде берілген тармақтау алгоритмін іске асыру;	қайталау алгоритмін әзірлеу; 3.4.1.2 ойын бағдарламалау ортасында (Scratch (скретч)) ауызша түрде берілген қайталау алгоритмін іске асыру;	4.4.1.2 логикалық операторларды ойын бағдарламалау ортасында қолдану (Scratch (скретч)); 4.4.1.3 ойын бағдарламалау ортасында салыстыру операторларын қолдану (Scratch (скретч))
2. Бағдарламалау Scratch-пен танысу	2.4.2.1 жоба үшін бағдарламалаудың ойын ортасының (Scratch (скретч)) ендірілген графикалық редакторында таңба жасау; 2.4.2.2 ойын бағдарламалау ортасында (Scratch (скретч)) пернетақт адан спрайтты басқаруды ұйымдастыру; 2.4.2.3 ойын бағдарламалау ортасында кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыру (Scratch (скретч))	3.4.2.1. дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу 3.4.2.2. программалау ойын алаңында бірнеше көріністермен жұмыс істеу 3.4.2.3. бағдарламалау ойын алаңында бірнеше кейіпкерлермен жұмыс істеу 3.4.2.4. программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру	4.4.2.1 ойын программалау ортасында айнымалыларды қолдану (Scratch (скретч)); 4.2 ойынды өз сценарийі бойынша жасау;
Менің алғашқы бағдарламам		3.4.2.1 ойын бағдарламалау ортасында бірнеше таңбаларды жасау (Scratch (скретч)); 3.4.2.2 ойын бағдарламалау ортасында ойын құру кезінде циклдік алгоритмді іске асыру (Scratch (скретч))	

4) Робототехника

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Жалпы робототехника	2.5.1.1 робот туралы түсіндіру; 2.5.1.2 білім беру роботының базалық моделінің негізгі		

	элементтерін сипаттау; 2.5.1.3. робот үшін аудио файлды жүктеу;		
2. Роботтың қозғалысы	2.5.2.1 роботтың берілген жылдамдықпен алға жылжуын ұйымдастыру;	3.5.2.1. робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклды пайдалану;	
3. Датчиктер мен қозғалтқыштар	2.5.3.1 программаны бастау үшін жанап өтетін датчикті қолдану;	3.5.3.1. жылдамдығын реттеу және орта қозғалтқыш жылдамдығының мөлшерін орнату	4.5.3.1. түс датчигін пайдалану; 4.5.3.2. ультрадыбыс датчигін қолдану;

Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады. 12-кесте.

12-кесте. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 1-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар) *	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
3-тоқсан		
1-бөлім – Ақпараттық этикет (ортақ тақырыбы: «Саяхат»)	Өз денсаулығымызды сақтаймыз	1.1.1.1 Компьютермен жұмыс істеу барысында тәртіп ережелерін ұстанып өз денсаулығын сақтау. 1.1.1.2 Компьютердің қолданылуына қарай негізгі құрылғыларын атау.
	Біздің айналамыздағы ақпарат	1.1.2.1 Қабылдау тәсілдерін қолданып ақпарат түрлерін анықтау.
	Ақпарат және компьютер	1.1.3.1 Ұсыну формасы бойынша ақпарат түрлерін ажырату. 1.1.3.2 ақпаратты ұсыну кезіндегі ақпарат көздері мен қабылдағыштардың байланыс арналарына мысалдар келтіру
	Интернет желісінде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік	1.1.4.1 Интернет желісін өмірде қолдану мысалдарын келтіру. 1.1.4.2 желідегі барлық ақпарат сенімді және пайдалы емес екенін талқылау;

		1.1.4.3 Интернет желісіне жеке ақпаратты беру кезіндегі қауіптерді анықтау.
2-бөлім – Менің алғашқы суретім (ортақ тақырыбы: «Дәстүр және фольклор»)	Фигуралар	1.2.1.1 Стандартты фигураларды қолданып салу. 1.2.1.2 Түстер палитрасындағы негізгі түсті өзгертіп кескін салу. 1.2.1.3 Палитрада фон түсін тандап кескін салу. 1.2.1.4 Контурын өзгерту арқылы фигураны салу. 1.2.1.5 Фигура түсін құйып бояу арқылы өзгертіп салу.
	Фигуралармен орындалатын іс-әрекет	1.2.2.1 Форма мен параметрді қолданып кескін бөлігін ерекшелеу. 1.2.2.2 Көшіру, қиып алу және қою құралдарын қолданып кескін салу. 1.2.2.3 Бұру немесе айналдыру құралдарын қолданып кескін салу. 1.2.2.4 Түспен толтыру құралын қолданып кескін салу.
4-тоқсан		
3-бөлім Біздің өміріміздегі алгоритм (ортақ тақырыптар: «Тағам және сусындар», «Дені саудың – жаны сау»)	Біздің өміріміздегі алгоритм	1.3.1.1 Алгоритм, әрекет және команда ұғымдарын түсіндіру. 1.3.1.2 Орындаушы және оның командалар жүйесін анықтап алгоритм құру. 1.3.1.3 Алгоритм түрлерін өмірмен байланыстырып мысалдар келтіру.
4-бөлім. Бағдарламалау	Scratch пен танысу	1.4.1.1 Кейіпкер фигурасы үшін кітапханадан Спрайтты таңдау. 1.4.1.2 Кітапханадан Сахна фонын таңдау.
	Менің алғашқы бағдарламам	1.4.2.1 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында дайын сценариді алгоритм бойынша іске асыру. 1.4.2.2 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында есептің шарты бойынша сызықтық алгоритімді өңдеу. 1.4.2.3 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында жобаны құру, сақтау және ашу.

2) 2-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар) *	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		

1-бөлім - Компьютерлер мен бағдарламалар (ортақ тақырыбы: «Барлығы мен туралы»)	Өз денсаулығымызды сақтаймыз	2.1.3.1. цифрлық құрылғылар және интернет желілерімен жұмыс істеу кезінде негізгі қауіпсіздік ережелеріне сүйену; 2.3.1.1. берілген тақырып бойынша ақпарат іздеу үшін браузерді қолдану; 2.1.1.1 енгізу шығару құрылғыларын ажырата білу;
	Файлдар мен бумалар	2.1.2.1 Файл мен бума туралы түсінік беру; 2.1.2.2 файлдар мен бумаларды жасау, көшіру, жылжыту және жою; 2.1.2.3 өз жұмысындағы контекстік мәзірді пайдалану;
2-бөлім - Шығармашылық және компьютер (ортақ тақырыбы: «Менің отбасым және достарым»)	Программалар кұруды жалғастырамыз	2.4.1.1 тармақталған алгоритмді жүзеге асыру;
	Алгоритмді орындау	2.4.1.2 ауызша белгіленген алгоритмді іске асыру;
	Жеке кейіпкер жасау	2.4.2.1. программалау алаңының кірістірілген графикалық редакторында кейіпкер жасау; 2.2.2.1 суреттің фрагментін көшіріп көрсету; 2.2.2.2 суретті өңдеу (кесу, айналдыру, өлшемін өзгерту);
2-тоқсан		
3-бөлім – Сөзбе-сөз (ортақ тақырыптары: «Менің мектебім», «Менің туған жерім»)	Пернетақтамен танысу	2.4.2.2 пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру
	Пернетақта симуляторы	2.2.1.1 пернетақта симуляторында мәтін теру;
	Мәтінмен жұмыс істеу	2.4.2.3 кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыру;
	Мультфильм жасау	2.4.1.1 тармақтау алгоритмін іске асыру; 2.4.2.2 пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру; 2.4.2.3 персонаждар арасында мәтін диалогын ұйымдастыру
3-тоқсан		
4-бөлім Мультимедиа (ортақ тақырыбы: «Дені саудың – жаны сау»)	Дыбысты жазу және ойнату	2.1.1.1 енгізу шығару құрылғыларын ажырату; 2.2.4.1 дыбысты жазу және ойнату үшін программаларды пайдалану;
	Дыбыс эсерлері	2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу;
	Дыбысты өңдеу	2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу;
5-бөлім - Робототехника: сенсорлар (ортақ тақырыбы: «Дәстүрлер және фольклор»)	Робот қозғалысы	2.5.2.1 ауызша нысанда көрсетілген алгоритм бойынша робот қозғалысын ұйымдастыру;
	Роботқа арналған программаны іске қосу	2.5.3.1 программаны бастау үшін түрту сенсорын қолдану;
	Роботқа арналған дыбыс	2.5.1.1 роботқа арналған аудиофайлды жүктеу;
		2.5.1.2. роботқа арналған программаны әзірлеу кезінде дыбысты пайдалану;
4 тоқсан		

6-бөлім Робототехника: «Билейтін робот» жобасы (ортақ тақырыптар: «Қоршаған орта», «Саяхат»)	Жобаға идея	2.2.1.2 өз идеяларын мәтіндік редакторда жазу 2.3.2.1 қосымшалар арасындағы мәліметтермен ауысу;
	Жобаға арналған алгоритм	2.4.1.3 мәселені шешу үшін алгоритм құрастыру;
	«Билейтін робот» жасау	2.4.1.1 тармақталған алгоритмді жүзеге асыру; 2.4.1.2 ауызша алдын ала белгіленген алгоритмді іске асыру; 2.5.2.1 ауызша нысанда көрсетілген алгоритм бойынша робот қозғалысын ұйымдастыру; 2.5.3.1 программаны бастау үшін жанап өтетін датчикті қолдану 2.5.1.1 роботқа арналған аудиофайлды жүктеу; 2.5.1.2. роботқа арналған программаны әзірлеу кезінде дыбысты пайдалану;
	Жобаны қорғау	2.5.1.3 құрылған роботты аудиторияға ұсыну.

4) 3-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар)	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім - Бағдарламалау (ортақ тақырыптары: «Жабайы табиғат», «Жақсы деген немене, жаман деген немене?»)	Өміріміздегі қайталаулар	3.4.1.1 қайталауды қолданатын алгоритмдер құрастыру (цикл);
	Циклдар	3.4.1.2 циклдік алгоритмді іске асыру;
	Кейіпкердің қозғалысы	3.4.2.4. программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру; 3.3.2.2 желідегі ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру;
	Желіде тілдесу	3.1.3.1 Интернет желісінде жұмыс істеуде жеке қауіпсіздігінің негізгі ережелерін ескеру
2-тоқсан		
2-бөлім - Ойын құру (ортақ тақырыптары: «Уақыт», «Сәулет»)	Ойынның сценарийі.	3.4.2.1 дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу; 3.2.1.1 таңбалы, нөмірленген тізімдер жасау;
	Көріністер	3.4.2.2 программалау ойын алаңында бірнеше көріністермен жұмыс істеу;
	Кейіпкерлер	3.4.2.3 программалау ойын алаңында бірнеше кейіпкерлермен жұмыс істеу; 3.4.2.4. программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру;

	Костюм ауыстыру	3.4.2.4 . программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру;
	Менің ойыным	3.4.1.1 қайталауды қолданатын алгоритмдер құрастыру (цикл); 3.4.2.3 программалау ойын алаңында бірнеше кейіпкерлермен жұмыс істеу; 3.4.2.2 программалау ойын алаңында бірнеше көріністермен жұмыс істеу; 3.4.2.4. программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру.
3-тоқсан		
3-бөлім - Робототехника. Жоба (ортақ тақырыптары: «Өнер», «Көрнекті тұлғалар»)	Жобаға идея	3.1.1.1 таңба регистрін, пернетақтаның орналасуын, меңзерді басқаруды өзгерту үшін клавиштерді пайдалану; 3.2. 1.2 мәтінді теру ережесін сақтау; 3.2 .1.3. мәтінді өңдеу.
	Құжатты рәсімдейміз	3. 2. 1. 4 шрифт пен абзацты пішімдеу.
	Мәтіндегі иллюстрациялар	3. 3. 1. 1 ақпарат іздеуді іске асыру (құжаттағы мәтін үзіндісі); 3. 2. 1. 5. суреттерді мәтінге енгізіп, реттеу
	Робот қолының қозғалысы	3. 5. 3. 1 орта қозғалтқыш жылдамдығының мөлшерін орнату және жылдамдығын реттеу;
	Цикл блогі	3.5. 2 1 робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклды пайдалану;
	«Робот-тазартқыш» жасау	2. 5. 3. 1 орта қозғалтқыш жылдамдығының мөлшерін орнату және жылдамдығын реттеу; 3.5. 2.1 робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклды пайдалану;
4-тоқсан		
4-бөлім – Презентациялар (ортақ тақырыбы: «Су – өмірдің қайнар көзі»)	Презентация жасау	3. 2. 3. 1 мәтін мен бейнені қамтитын қарапайым презентациялар жасау; 3. 1. 2. 1 қолданбалы программаларда "қызу" клавиштерді қолдану;
	Презентация дизайны	3. 2. 3. 3 презентацияны безендіру үшін дайын дизайнды пайдалану;
	Анимация және ауысу	3. 2. 3. 2 слайдтар арасында ауысуды қолдану;
5-бөлім - Мәтін, графика және	Фотосуреттер	3. 2. 2. 1 фотосуреттерді өңдейтін (жарық, контраст, жиектеме) программалар қолдану;

презентация (ортақ тақырыбы: «Демалыс мәдениеті. Мерекелер»).	Жобамен таныстыру	3. 2. 3. 1 мәтін мен бейнені қамтитын қарапайым презентациялар жасау;
		3. 2. 3. 2 слайдтар арасында ауысуды қолдану;
		3. 2. 3. 3 презентацияны безендіру үшін дайын жобаны пайдалану; Жүктеу

4) 4-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар) *	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім Программалау (ортақ тақырыптары: «Менің Отаным – Қазақстан», «Адами құндылықтар»)	Айнымалылар	4.4. 2.1 айнымалыларды қолдану;
	Кейіпкердің костюмін өзгерту	4.4. 1.1 кірістірілген циклды жүзеге асыру;
	Өз ойының сценарийі	4.2.1.1 мәтінде қарапайым кестелер жасау;
	Логикалық операторлар	4.4.1.2 логикалық операторларды пайдалану;
	Салыстыру операторлары	4. 4.1.3 салыстыру операторларын пайдалану;
	Өз ойыным	4.4.2.2 өз сценарийі бойынша ойын жасау;
2-тоқсан		
2-бөлім - Робототехника. Лабиринт және кегль-ринг (ортақ тақырыптары: («Мәдени мұра», «Мамандықтар әлемі»))	Түс датчигі	4.5.1.1 түс датчигін қолдану;
	Бағдаршам-робот	4.5.1.1 түс датчигін қолдану;
	Ультрадыбыс датчигі	4.5.1.2 ультрадыбыс датчигін қолдану;
	Лабиринттан шығу	4.5.1.2 ультрадыбыс датчигін қолдану;
	Кегль-ринг	4.5.1.1 түс датчигін қолдану; 4.5.1.2 ультрадыбыс датчигін қолдану;
3-тоқсан		
3-бөлім - Бейне жасау (ортақ тақырыбы: «Табиғи құбылыстар»)	Бейнежазба	4. 2. 4. 1 бейнеклиптерді жасау;
	Бейнені өңдеу	4. 2. 4. 1 бейнеклиптерді жасау;
4-бөлім - Презентациялар (ортақ тақырыбы: «Қоршаған ортаны қорғау»)	Презентацияларға арналған ақпарат	4. 2. 3. 1 слайд үшін макет таңдау; 4. 3. 1. 1 ақпарат іздеу (компьютердегі файлдар мен бумалар, құжаттағы мәтін үзіндісі); 4. 3. 2. 1 браузер параметрлерін қолдану (бетбелгілер жасау, журналды және жүктеуді көру);
	Презентациядағы дыбыстар	4. 2. 4. 2 белгілі бір тақырыпта фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді пайдалану; 4. 2. 3. 3 презентацияға дыбыс пен бейнені кірістіру;


	Презентациядағы бейне	4. 3. 1. 1 ақпарат іздеу (компьютердегі файлдар мен бумалар, құжаттағы мәтін үзіндісін); 4. 2. 3. 2 презентациялардағы нысандар анимациясын келтіру; 4. 2. 4. 2 белгілі бір тақырыпта фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді пайдалану; 4. 2. 3. 3 презентацияға дыбыс пен бейнені кірістіру;
	Презентациядағы анимация	4. 2. 3. 2 презентациялардағы нысандардың анимациясын келтіру; 4. 2. 1. 2 құжатқа сурет енгізу;
4-тоқсан		
5-бөлім - Болашақтың компьютерлері (ортақ тақырыптары: «Болашаққа саяхат», «Ғарышқа саяхат»)	Интернетке деректер жіберу	4. 3. 2. 2 файлдары қоса берілген хабарламаларды электрондық пошта арқылы қабылдау және жіберу;
	Пароль сенімділігі	4. 3. 2. 1 браузер параметрлерін қолдану (бетбелгілер жасау, журналды және жүктеуді көру); 4. 3. 2. 2 файлдары қоса берілген хабарламаларды электрондық пошта арқылы қабылдау және жіберу; 4. 1. 3. 1 сенімді пароль критерийлерін айқындау;
	Болашақтағы компьютерлер	4. 1. 1. 1 компьютерлік және мобильді технологиялардың ескіруі ғылыми-техникалық прогреспен байланысты екенін түсіндіру;
	«Болашақтағы компьютер» шағын жоба	3. 3. 1. 1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумалар); 4. 2. 4. 2 белгілі бір тақырыпта фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді пайдалану. 4.

2022-2023 оқу жылында оқу процесіне енгізілген Бастауыш білім беру деңгейіндегі 1-4-сыныптарға арналған оқу пәндері бойынша байқау нәтижелері

Үлгілік оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1 тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау білім беру ұйымдарының басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Қызылорда және Жамбыл облысының педагогтері сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 18,7% құрап белсенді қатысты. Ал Астана қаласы, Алматы қаласы, Ақмола облысы, Алматы облысы, Атырау облысы, Маңғыстау облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Жетісу облысы, Абай облысы бойынша пән мұғалімдерінің үлесі 6,2% құрады.

Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы
10-диаграммада толығырақ берілген.



10-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері (% көрсеткішпен)

Сауалнамаға қатысқан бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 11-диаграммада көрсетілген.

Сауалнамаға қатысқан бастауыш сынып педагогтерінің ең көп саны (1061 адам, 41%) ауыл мектептерінің педагогтері, ал қалалық мектептерде 772 адам (57%), шағын жинақты мектептердің бастауыш сынып педагогтерінің ең аз саны – 43 адам (2%) жұмыс істейді.



11-диаграмма. Өңір бойынша сауалнамаға қатысқан педагогтердің жұмыс орны туралы мәліметтер (пайыздық көрсеткішпен)

Сауалнама нәтижесіне сәйкес бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі туралы мәліметтер 13-кестеде берілген.

13-кесте. Бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі туралы мәліметтер


Біліктілікті арттыру ұйымдары	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	Өткен жоқ
Біліктілікті арттыру ұйымдары	23,1%	66%	10,9%	10,9%
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	17,9%	71%	10,6%	10,6%

Талдау нәтижелері 12-диаграммада берілген.



Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау мыналарды көрсетті: 66% мұғалімдердің (1211 адам) жоғары білімі бар, 11,5% (348 адам) арнайы орта білімі бар, 48% (233 адам) – бакалаврлар, 3% (48 адам) – магистрлер, және 0% (0 адам) педагогика ғылымдарының докторлары/ PhD.

Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 13-диаграммада көрсетілген.



13-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі

Сауалнамаға қатысқан еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті.


Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (56%) тәжірибелі мамандар болып табылады және 17% педагогтің 10-15 жылдық еңбек өтілі бар.

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 15 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 15%-ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 14-диаграммада көрсетілген.



14-диаграмма сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің еңбек өтілі (%-көрсеткішпен)

Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу жоғары санатта - 50 қатысушы, I санатта - 546, II – 52, санатсыз - 324, педагог-модератор – 430, педагог-сарапшы – 497, педагог-зерттеуші – 434, педагог-шебер - 17 бастауыш мектеп мұғалімдерінің біліктілік санаттары бар екенін көрсетті. Бұл статистика 15-диаграммада нақты көрсетілген.



15-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаты (%-көрсеткішпен)

2022-2023 оқу жылында оқу процесіне енгізілген Бастауыш білім беру деңгейіндегі 1-4-сыныптарға арналаган «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

«Еңбекке баулу» оқу пәнінің мақсаты – еңбекке баулу саласында рухани-адамгершілік мәдениетін жетілдіру, шындыққа, шығармашылық ойын еркін жеткізуін дамыту.

«Еңбекке баулу» оқу пәнінің міндеттері:

1) «Әртүрлі ақпарат түрлерін (іздеу, жинау, сұрыптау) бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын, әртүрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу тәжірибелерін қалыптастыру»;

2) ұлттық және әлемдік материалдық мәдениет пен өнер шығармаларымен таныстыру арқылы құндылық бағыттарын қалыптастыру;

3) бақылау, эксперимент жүргізу және көрсетілім жасау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;

4) әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы шығармашылықпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;

5) білім алушылардың өзін-өзі бағалауын жоғарылату және жағымды көзқарас қалыптастыру;

6) коммуникацияның бір тілі ретінде ұлттық және әлемдік мәдениет мұраларының мағынасын, рөлін түсіндіру;

7) өз жұмысын жасау үшін, әртүрлі ақпарат түрлерін (іздеу, жинау, сұрыптау) бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын, әртүрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;

8) ұжымдық, топтық және жеке жұмыстарды орындау процесінде қолдың моторикасын, сенсорикалық, қиялдауы мен шығармашылығын, елестетуін және қабылдауын дамыту.

1-4-сыныптарға арналған «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша бастауыш білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес бастауыш білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

МЖМБС, Үлгілік оқу бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешендердің оқу процесінде жүзеге асырылу нәтижесін талдауға арналған сауалнамаға республиканың 20 өңірлерінен бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.

Бастауыш білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 1-4-сыныптардың «Еңбекке баулу» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

Талдау нәтижесіне сәйкес, «Білім стандарттарында айқындалған базалық құндылықтардың «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша оқу процесінде жүзеге асырылу нәтижесі анықталды. Талдау нәтижесі 1.1-кестеде берілген.

1.1-кесте. МЖМБС-да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік азаматтық	82,2%	16,5%	0,7%
Құрмет	80%	19,2%	0,9%
Ынтымақтастық	82,5%	16,8%	0,5%
Еңбек пен шығармашылық	80,8%	18,8%	0,5%
Ашықтық	67,2%	29,5%	3,2%
Өмір бойы білім алу	79,6%	19,5%	0,9%

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 1.2-кестеде берілген.

1.2-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	75,9	23,1	1,1
Сөйлем құрылымы	72,6	27	0,9
Қолжетімділігі	69,2	29,4	1,4
Айқындылығы	67,8	31	1,3

«МЖМБС пәндері бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері» келесі параметрлер бойынша жоғары балл қойдық: мұғалімдердің 70,2% күтілетін нәтижелер анық баяндалғанын, 70,8% баяндамада семантикалық жүктеме бар екенін, 67,2% күтілетін нәтижелердің реттілігі байқалатынын, 72,2% күтілетін нәтижелердің өлшенетіндігін атап өтті, білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етілуі - 69,2%, талдау нәтижелері 1.2-диаграммада берілген.



1.2-диаграмма. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 1.3-кестеде берілген.

1.3-кесте – МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі

Факторлар	2 балл	1 балл	0 балл
Замануи қоғамның динамикалық сұраныстарға сәйкес болуы	70,2 %	29%	0,8%
Сыни тұрғыдан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	70,8 %	28,6 %	0,6%
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	67,2 %	32,2%	0,6%
Оқытуды, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	72,2%	27%	0,9%
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	69,2%	29,7%	1,1%

Пән мұғалімдерінің шамамен 69,4%-ы МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.


Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 1.4-кестеде берілген.

1.4-кесте. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

Факторлар	Әсер етеді	Кері әсер етпейді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелер мен тақырыптарды тереңдетіп зерттеу	86,7 %	3,6%	9,7%
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	85,4 %	6,7 %	7,9%
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жобалау жұмыстарын жүргізу	81,6 %	6%	12,4%
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын игеру	69,5%	16,8%	13,7%
Білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі	82,1%	7,8%	10%
Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемін ұлғайту	65,7%	18,8%	15,5%

Оқу пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін негізгі факторларды талдау нәтижелері 1.3-диаграммада берілген.


1.3-диаграмма. «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



«Білім алушылардың дағдыларын қалыптастыруға «Еңбекке баулу» оқу пәнінің тиімділігін анықтаңыз» деген сұраққа респонденттер 3476 адам

«тиімді», 977 адам «орташа тиімді» және 142 адам «тиімсіз» деп жауап берді. Талдау нәтижесі 1.4-диаграммада көрсетілген.

1.4-диаграмма - «Еңбекке баулу» оқу пәнін оқыту нәтижесі



Түсініктемелерде мұғалімдер төмендегідей өз ойларымен бөліседі: «Практикалық бағыт жоқ», «Еңбекке баулу білім алушыларға оңай беріледі», «Ұсақ моторика дамиды», «Аз уақыт беріледі, тек 1 сағат», «Барлық білім алушылар бірдей өнерлі емес, бірақ жұмыс істеуге үйрету ешкімге зиян тигізбейді», «Білім алушылар өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын үйренеді», «Шығармашылық ойлаулары дамиды», «Білім алушының дағдыларын қалыптастыру кезінде еңбекке баулу пәні маңызды», «Еңбек дағдылары баланың өміріне қажет», «Еңбекке баулу білім алушылардың қалыптасуына әсер етеді», «Сабақта шығармашылық қабілеттері дамиды», «Еңбексүйгіштік қасиеті қалыптасады және мидың әртүрлі функциялары дамиды», «Балалар ақыл-ой жүктемесінен алшақтайды», «Білім алушылар біліп және іс жүзінде қолдана білуі керек», «Еңбексүйгіштікке, еңбекке деген құрметке тәрбиелеу» және т. б.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарға арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

1-4-сыныптарға арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша бастауыш білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес бастауыш білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Бастауыш білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама «Бейнелеу өнері» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың мақсаты - көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбие беру. Білім алушыларға Қазақстан мен бүкіл әлемнің рухани

және материалдық мәдениетінің ажырамас бір бөлігі ретінде бейнелеу өнерінің жеке әлеміне тарту, олардың тұлғасын қалыптастыру мен дамытудың тиімді құралы болып табылады.

«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың міндеттері:

- адамгершілік тәжірибені байыту; адамгершілік-имандылық сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстан халқының өнері мен мәдениеті және басқа да халықтардың өнері мен көркемдік мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу;

- бейнелеу өнеріне деген қызығушылық пен әсемдік сезіміне тәрбиелеу;

- шығармашылық жұмыстарда қоршаған әлемге деген өзіндік оң қатынасына, оң көзқарасын білдіруге тәрбиелеу;

- сурет, кескіндеме, композиция, мүсін бойынша бейнелеу өнері сауаттылығының заңдылықтары мен негіздерімен таныстыру;

- бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет) және жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, жануарлық жанр және т. б.) таныстыру;

- қоршаған заттардың пішінін, көлемін және құрылымын көру және түсіну қабілетін қалыптастыру;

- кеңістіктікте ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру;

- графикалық дағдыларды және түстану дағдыларын дамыту;

- моториканы, логикалық ойлауды, ойлаудың дербестігін және көркемдік идеяларды іске асыруды дамыту;

- әртүрлі көркемдік материалдармен жұмыс жасаудың дағдыларын және әртүрлі бейнелеу өнерінің техникаларын игерту;

- шынайы өмірде көркем мәдениеттің көрінісін көре, ажырата, тандай, зерделей, талдай білу қабілетін дамыту (мұражайлар, сәулет, дизайн, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер және т. б.)

- балаларда сезімдік-эмоционалдық жағдаяттарын, зейіннің, жады мен қиялының дамуы;

- тәуелсіздік, мақсаттылық, дәлдік, еңбекқорлық сияқты жеке қасиеттерді қалыптастыру;

Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1-тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау білім беру ұйымдарының басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.


«Бейнелеу өнері» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 19 өңірінен педагогтер қатысты.

Талдау нәтижесіне сәйкес, «Білім стандарттарында айқындалған базалық құндылықтардың «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша оқу процесінде жүзеге асырылу нәтижесі анықталды. Талдау нәтижесі 2.1-кестеде берілген.

2.1-кесте. МЖМБС-да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік	98,6%	1,2%	0,2%
Құрмет	99%	0,8%	0,9%
Ынтымақтастық	82,5%	16,8%	0,7%
Еңбек пен шығармашылық	97,8%	2%	0,2%
Ашықтық	77,2%	20,8%	2%
Өмір бойы білім алу	89,6%	9,5%	0,9%

Талдау нәтижелері 2.1-диаграммада көрсетілген.



2.1-диаграмма. МЖМБС-да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы

Сауалнамаға қатысқан «Бейнелеу өнері» оқу пәнінен сабақ беретін педагогтер өз ойларын төмендегідей түсініктемелерімен негіздеген:

«Азаматтық жауапкершілік жоғары деңгейде жүзеге асады», «Базалық құндылықтар әр уақытта қолданылады. Білім мен тәрбие қатар жүреді», «Барлығы жүзеге асырылуда», «Барлық құндылықтар оқу процесінде жай-жай қолданылып жатыр»;

«Білім стандартында айқындалған адами құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылады», «Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде білім алған тиімді», «Бұның барлығы адами құндылықтар деп ойлаймын», «Еңбек пен шығармашылық жүзеге асып жатыр», «Жоғары деңгейде жүзеге асыруға тырысамыз»;

«Қазақстанда патриотизмді дамыту мақсатында барлық құндылықтар есепке алынып, іс шаралар өткізілуде», «Мен өз елімнің патриотымын», «Оқу процесінде базалық құндылықтарды негізге алып оқытқанда ғана нәтижеге қол жеткіземіз», «Патриотизм, жауапкершілік туралы басым айтылған»;

«Сабақ, сыныптан тыс шараларда жүзеге асады», «Сабақта әрдайым үлкенге құрмет кішіге ізет туралы, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, шығармашылыққа баулу жүзеге асырылады» және т.б.

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 2.2-кестеде берілген.

2.2-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	82,5	17,5	0
Сөйлем құрылымы	83,6	15,7	0,7
Қолжетімділігі	80,8	18	1,2
Айқындылығы	74,8	23	2,2

«МЖМБС пәндері бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері» бойынша сауалнама нәтижесі талданды. Талдау бойынша:

педагогтердің 80,4%-ы күтілетін нәтижелер анық баяндалғанын;


75,1%-ы баяндамада семантикалық жүктеме бар екенін;

59,3%-ы күтілетін нәтижелердің реттілігі байқалатынын;

71,4%-ы күтілетін нәтижелердің өлшенетіндігін атап өтті.

70,1%-білім беру мазмұнының практикаға бағытталуы қамтамасыз етілгенін көрсетті. Талдау нәтижелері 2.8-диаграммада берілген.

2.7-диаграмма. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі



МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

– Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;

- Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 2.3-кестеде берілген.

2.3-кесте – МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі

Факторлар	2 балл	1 балл	0 балл
Замануи қоғамының динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	77,8 %	21,6%	0,6%
Сыни тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	80 %	17,3 %	2,7%
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	74 %	26%	0%
Оқытуды, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	71%	29%	0%
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	66,6%	33,4%	0%

Пән мұғалімдерінің шамамен 74% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.

Өз жауаптарын педагогтер «Оқытудың тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету керек», «Оқу пәндерінің ықпалдасуын қамтамасыз ету», «Ресурстар қолжетімді болу керек», «Тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету», «Мен білім алушыларымның сын тұрғысынан ойлауын және шығармашыл білім алушы болуы үшін әдіс-тәсілдер қолданамын», «Қоғам сұраныстарына негізделу», «Теория мен практиканы ұштастыру керек» деген түсініктемелерімен толықтырған.

Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 2.4-кестеде берілген.


2.4-кесте. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

Факторлар	Әсер етеді	Кері әсер етпейді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді,	92,5 %	6,4%	1,1%


бөлімшелер мен тақырыптарды тереңдетіп зерттеу			
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	92,5 %	3,75 %	3,75%
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жобалау жұмыстарын жүргізу	72,3 %	8,6%	19,1%
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын игеру	82,8%	8,6%	8,6%
Білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі	57,5%	17%	25,5%
Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемін ұлғайту	53,2%	21,3%	25,5%

Талдау нәтижелері 2.8-диаграммада берілген.

2.8-диаграмма. «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



Білім алушылардың дағдыларын қалыптастырудағы «Бейнелеу өнері» оқу пәнін бөліп оқытудың тиімділігін бағалау бойынша сұраққа респонденттер 3040 адам «тиімді», 1229 адам «орташа тиімді» және 326 адам «тиімсіз» деп жауап берді. Талдау нәтижесі 2.9-диаграммада көрсетілген.



2.9-диаграмма. «Бейнелеу өнері» оқу пәнін бөліп оқытудың тиімділігі.

Түсініктемелерде мұғалімдер былай деп жазады: «Практикалық бағытын көбейтсе», «Бейнелеу өнері білім алушыларға оңай беріледі», «Ұсақ моторика дамиды», «Аз уақыт беріледі, тек 1 сағат», «Барлық білім алушылар бірдей өнерлі емес, бірақ жұмыс істеуге үйрету ешкімге зиян тигізбейді», «Білім алушылар өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын үйренеді», «Шығармашылық ойлауларын дамытады», «Білім алушының дағдыларын қалыптастыру кезінде «Бейнелеу өнері» пәні маңызды», «Еңбек дағдылары баланың өмірінде қажет», «Бейнелеу өнері білім алушылардың қалыптасуына әсер етеді», «Сабақта шығармашылық қабілеттері дамиды», «Еңбексүйгіштік қасиеті қалыптасады және мидың әртүрлі функциялары дамиды», «Балалар ақыл-ой жүктемесінен алшақтайды», «Білім алушылар біліп және іс жүзінде қолдана білуі керек», «Еңбексүйгіштікке, еңбекке деген құрметке тәрбиелеу» және т. б.

3. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына енгізілген өзгерістер бойынша білім беру ұйымдарының пән мұғалімдеріне арналған сауалнамаға республика өңірлерінен барлығы 126 адам қатысқан.

Сауалнаманың 1-бөлімінде «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» туралы өз ойларын айтқан қазақ тілі мен әдебиеті педагогтері туралы жалпы мәліметтер ұсынылған. Жалпы мәліметтер педагогтердің жұмыс істейтін өңірі, жұмыс орны, білімі, санаты, еңбек өтілі және біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтерді қамтиды.

Республика өңірлерінен сауалнамаға қатысқан педагогтердің саны төмендегі 3.1-кестеде берілген.

3.1-кесте. Республика өңірлерінен сауалнамаға қатысқан педагогтердің саны

Республика өңірлері	Қатысушылар саны	Сапалық көрсеткіші
Ақмола облысы	253	20 %
Ақтөбе облысы	1	0,07 %
Алматы қаласы	7	1,1%
Алматы облысы	15	0,5 %
Атырау облысы	32	2,5 %
Батыс Қазақстан облысы	59	4,6 %
Жамбыл облысы	164	13 %
Қарағанды облысы	74	5,8 %

Қостанай облысы	59	4,6 %
Қызылорда облысы	107	8,4 %
Маңғыстау облысы	55	4,3 %
Астана қаласы	24	1,9 %
Павлодар облысы	63	5 %
Солтүстік Қазақстан облысы	54	4,2 %
Шығыс Қазақстан облысы	14	1,1 %
Шымкент қаласы	16	1,2 %
Ұлытау облысы	32	2,5 %
Жетісу облысы	44	3,4 %
Абай облысы	96	7,6 %
Түркістан облысы	90	7,6 %

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушы қазақ тілі пәні мұғалімдері туралы мәліметті талдап қарасақ, сауалнамаға белсенді қатысқан өңірлер – Ақмола облысынан 253 педагог (22%), Қызылорда облысынан 12 педагог (9,5%), Жамбыл облысынан 14 педагог (11,1%), Түркістан облысынан 13 педагог (10,3%), БҚО-дан 5 педагог (3,5%), Абай облысынан 9 педагог (7,1%) және Павлодар облысынан 9 педагог (7,1%) Маңғыстау облысынан 1 педагог (0,7%), Қарағанды облысынан 8 педагог (6,3%), ШҚО 4 педагог (3,1%) және Жетісу облысы 3 педагог (2,3%), Қостанай облысы 7 педагог (5,5%) және СҚО-да 2 педагог (1,5%) қатысқан. Сауалнамаға ең аз қатысқан өңірлер – Астана, Шымкент және Маңғыстау облысы. Сауалнамаға бірде-бір қатыспаған – Ақтөбе облысы мен Атырау облысының мұғалімдері. Талдау нәтижелері 3.1-диаграммада берілген.



3.1-диаграмма. Қазақ тілі мұғалімдері туралы жалпы мәлімет.

Сауалнаманың келесі сұрағы қазақ мұғалімдерінің қызмет ететін мектептеріне байланысты болды. 2-кестеде ауыл мектебі, қала мектебі, шағын жинақты мектеп деп алынып, мұғалімдердің қызмет ету аймағын айқындауға негізделді. Талдау нәтижесі 3.2-кестеде көрсетілген.

3.2-кесте. Қазақ тілі мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәлімет

Сауалнамаға қатысушылардың жұмыс орны туралы мәлімет.		
Ауыл мектебі	Қала мектебі	Шағын жинақты мектеп
791 / 62,7%	434 / 34,4 %	35 / 2,7 %

Сауалнамаға қатысушы 1260 мұғалімнің 791/62,7%-ы ауыл мұғалімдері, 434/34,4%-ы қала, 35/2,7%-ы шағын жинақты мектептердің мұғалімдері болды. Сауалнамаға қатысқан мектептерден ауыл мектептері мұғалімдерінің белсенділігі байқалды. Талдау нәтижесі 3.2-диаграммада берілген.



3.2-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың жұмыс орны туралы мәлімет

Сауалнаманың келесі сұрағында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылардың білімі туралы мәлімет 3.3-кестеде қамтылған.


3.3-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың білімі туралы мәлімет.

Жоғары	Орта арнаулы	Бакалавр	Магистр	П.ғ.к./Phd
933/74%	74/5,8 %	101/8 %	84/6,6 %	0

Сауалнама қорытындысы бойынша алынған мәліметке сүйенсек, сауалнамаға қатысушылардың 74%-ы жоғары білімді, 8%-ы бакалавр, 5,8%-ы

орта арнаулы білімді, 6,6 %-ы магистр. Нәтижесінде орта білім беру жүйесінде жүрген педагогтердің 94,4 %-ы жоғары білімі бар ұстаздар екені мәлім болды.

Талдау нәтижесі 3.3-диаграммада берілген.



3.3-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың білімі туралы мәлімет.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі бойынша мәлімет келесі кестеде берілген.

3.4-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі туралы мәлімет.

1-5 жыл	5-10 жыл	10-15 жыл	15 және одан да жоғары
264/20,9 %	207/16,4 %	220 /17 %	569/45,1%

Сауалнамаға қатысушы мұғалімдердің еңбек өтілдері туралы деректерге назар аударсақ, 1-5 жылға дейін мектепте қызмет ете бастаған жас ұстаздар 20,9% , болса 5-10 жылға дейін біршама тәжірибе жинаған мұғалімдер 16,4% 10-15 жылдық еңбек өтілі барлар 17% болса, еңбек өтілдері 15 жылдан жоғары әдістемелік жағынан шыңдалған деп саналатын ұстаздардың пайыздық саны 45,1% көрсетті. Нәтижесінде мектептегі педагогтердің көбінің белгілі бір әдістемесі қалыптасқан білікті мамандар деп айтуға болады. Талдау нәтижесі 3.4-диаграммада берілген.



3.4-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі туралы мәлімет

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша санаттары туралы мәлімет 3.5-кестеде көрсетілген.

3.5-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың санаты туралы ақпарат

Санат түрлері	Саны	Пайыздық көрсеткіші
Жоғары	23	1,8 %
I санат	27	2,1 %
II санат	34	2,6 %
Санаты жоқ	146	11,5 %
Педагог	125	9,9 %
Педагог-модератор	303	24 %
Педагог-сарапшы	321	25,4 %
Педагог-зерттеуші	264	20,9 %
Педагог-шебер	17	1,3 %

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің біліктілік санаты туралы алынған деректер бойынша, педагогтердің 1,8%-ы жоғары санатты, 2,1% -ы I санатты, 2,6%-ы II санатты, 11,5%-нда санат жоқ, 9,9 %-ы педагог, 24 %-ы педагог-модератор, 25,4%-ы педагог-сарапшы, 20,9%-ы педагог-зерттеуші, 1,3 %-ы педагог-шебер. Талдау нәтижесі 3.5-диаграммада берілген.



3.5-сурет. Сауалнамаға қатысушылардың санаты туралы ақпарат

Келесі кестеде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша әр түрлі біліктілік курстарынан өткен педагогтердің пайыздық есебі берілген.

Сауалнамаға педагог біліктілігін көтеру орталықтарының ішінен екеуі таңдалып алынды. Олар: «Өрлеу» Ұлттық біліктілік арттыру орталығы мен «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары курстары.


Курстардан өту туралы мәлімет мұғалімдердің 2021, 2022 жылдар және мүлдем осы екі орталықтан өтпегендері туралы деректер алынды.

3.6-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәлімет.

Курстар	2021	2022
«Өрлеу» БАҰО курстары	449 / 35,6 %	451 / 35,7 %
«НЗМ» ДББҰ курстары	312 / 24,7 %	182 / 14,4 %
Біліктілік курсынан өткенім жоқ	360 / 28,5 %	776 / 61,5 %

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы өткізген курстардан 2021 жылы - 449/35,6 %, 2022 жылы - 451/35,7 % екі жылда да курстан өтпеген педагогтер - 360/28,5 % .

«Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары курстары өткізген курстардан 2021 жылы - 312/24,7 %, 2022 жылы - 182/14,4 %, екі жылда да курстан өтпеген педагогтер - 776/61,5 %. Талдау нәтижесі 3.6-диаграммада берілген



3.6-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәлімет

Сауалнаманың келесі сұрағы білім стандартындағы базалық құндылықтардың оқу үрдісі кезінде қаншалықты жүзеге асырылып жатқаны туралы құрылған. Оқыту барысында базалық құндылықтарды мұғалімдердің қаншалықты жүзеге асырып жатқандары туралы «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік» құндылығын: 2 балл – 79 %, 1 - балл - 18 %, 0балл - 0,5 %; «Құрмет» құндылығын: 2 балл - 65,9% %, 1 балл - 20,7 %, 0 балл - 0,5 %; «Ынтымақтастық» құндылығын: 2 балл - 7,1 %, 1 балл - 0,1%, 0 балл - 0,07%; «Еңбек пен шығармашылық»: 2 балл - 0,5 %, 1 балл - 0,4%, 0 балл - 9,5 %; «Ашықтық» құндылығын: 2 балл - 0,3%, 1 балл - 26,9 %, 0 балл - 13,4 %; «Өмір бойы білім алу» құндылығын: 2 балл - 0,1 %, 1 балл - 15,8 %, 0 балл - 0,5%. Мұндағы 2 балл - жүзеге асырылады, 1 балл – ішінара жүзеге асырылады, 0 балл – жүзеге асырылмайды деген мағыналарды білдіреді. Талдау нәтижесі 3.7-кестеде берілген.

3.7-кесте. Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы.

Базалық құндылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	79 %	18 %	0,5 %
Құрмет	65,9%	20,7 %	0,5 %
Ынтымақтастық	7,1 %	0,1%	0,07%
Еңбек пен шығармашылық	0,5 %	0,4%	9,5 %
Ашықтық	0,3%	0,1 %	0,5%
Өмір бойы білім алу	0,5%	0,5%	0,4%


Сауалнаманың келесі сұрағында МЖМБС тілінің түсініктілігі, сөйлем құрылымының дұрыстығы, айқындылығы мен қолжетімділігі мәселесіне назар аударған. Талдау нәтижесі 3.8-кестеде берілген.

3.8-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілуі бойынша мәлімет.

Мәліметтер	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	901 /71%	347 /31%	12 /0,9%
Сөйлем құрылымы	854 / 67,7%	343/27%	13 /1,03%
Қолжетімділігі	808 / 64%	431 /34,2%	21 / 1,6%
Айқындылығы	797 /63%	447 /35,4%	16/1,2%

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілген» сауалы бойынша мәліметтер бойынша: «Күтілетін нәтижелер тұжырымының» түсінікті екендігін 901 /71% педагог растаса, 347/31%-ы орташа түсінікті, 12 /0,9 %-ы түсініксіз деп жауап берген. «Сөйлем құрылымы» бойынша 854/67,7%-ы түсінікті, 343/27%-ы орташа түсінікті, 13/1,03%-ы түсініксіз десе, «қолжетімділігі» бойынша 808/64%-ы түсінікті, 431/34,2%,-ы орташа түсінікті, 21/1,6%-ы түсініксіз екендігін, «айқындылығы» бойынша 797/63% түсінікті,

447/35,4%-ы орташа түсінікті, 16/1,2% % -ы түсініксіз деген тұжырым жасаған. Талдау нәтижесі 3.7-диаграммада берілген.



3.7-диаграмма. «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілген» сауалы бойынша мәлімет

«МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді» деген сауалға берілген жауаптардың пайыздық үлесін келесі 3.9-кестеден байқауға болады.

3.9-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға сәйкестігі бойынша мәлімет.

	2 балл	1 балл	0 балл
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	822 /65,2 %	428/ 33,9 %	10 / 0,79 %
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	708/ 56%	111 / 8,8 %	0
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	675/ %	144 / 11,4%	3 / 0,2%
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	705/ 55,9%	114 / 9%	3 / 0,2 %
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	691/ 54,8 %	124/ 9,8 %	7/ 0,5%

«МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді» сауалы бойынша мәліметті талдасақ, сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі күтілетін нәтижелердің мазмұнға сәйкестігін атап көрсеткен. Мысалы, «заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуын» 822 /65,2 % педагог 2 балл берсе, 428/33,9 % -1 балл қойған. «Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі» жауабының сәйкестігіне 708/ 56% педагог 2 балл, 111/8,8 % педагог 1 балл деп бағалаған.

«Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы» сәйкестігін 675/ 53,5 % -ы 2 балл, 1 балл 144 / 11,4%, 0 балл деп 3/ 0,2%-ы бағалаған.

«Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету» жауабының сәйкес болуын 705/55,9%-ы 2 балл, 1 балл 114/9%-ы берген, 0 балл деп 3/0,2%-ы бағалаған.

«Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету» жауабының мазмұнға сәйкестігін 691/54,8 %-ы 2 балл, 1 балл 124/9,8 %-ын растап жауап берген, 0 балл деп 7/0,5% баға қойған.


«Жауабыңызды негіздеңіз» сауалына барлық педагог «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға сәйкес келеді», «Күтілетін нәтижелер көп», «барлығы түсінікті», «Заманауи қоғам динамикасына сай», «Стандартқа сай» деген жауаптар берген.

Сауалнамада берілген «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалына ұсынылған жауаптар бойынша мәлімет келесі 3.10-кестеде берілді.

3.10-кесте. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар.

	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	67,2 %	15 %	1,5 %
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	57%	0,5%	0,7 %
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	23 %	-	-
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	45,4 %	0,7 %	1,5 %
Білім алушылардың оқуға белсенділігінің төмендеуі	35,4 %	3,1 %	0,7 %
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	25,8 %	5,5 %	-

«Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалы бойынша сауалнамаға қатысқан педагогтер алты сұраққа «әсер етеді», «кері әсер етеді», «жауап беруге қиналамын» деген параметрлер бойынша жауап берген.



3.8-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар.

«Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалына ұсынылған жауаптарды талдап қарасақ, ұсынылған жауаптардың «әсер етеді» нұсқасын педагогтердің басым бөлігі таңдаған. Атап айтсақ, «пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу» жауабының білім сапасын арттыруға әсер ететін фактор екендігін педагогтердің 67,2 %-ы, «оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі» нұсқасын таңдаған педагогтердің үлесі 57%, «оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу» жауабын белгілегендер 23%, «күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту» нұсқасын 45,4 %, «білім алушылардың оқуға белсенділігінің төмендеуі» жауабына 35,4 %, «білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы» нұсқасын таңдағандар 25,8 % - ды қамтыған. Талдау нәтижелері 3.8-диаграммада берілген. «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін басқа да факторларды ұсыныңыз» деген сауалға педагогтер «курстарда жас мамандарды көптеп оқыту», «танымдық қызығушылығын арттыру», «АКТ тиімді пайдалану», «қазақ тілінің өзектілігін дамыту» деген жауаптар берген.

Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылында өзгеріс енгізілген оқу пәндеріңізді белгілеңіз деген сұраққа жауап берген педагогтер екі баллдық шкала бойынша бағалаған. (2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды) Барлығы 235 педагог қатысқан. Талдау нәтижесі 3.11-кестеде берілді.

3.11-кесте. Үлгілік оқу бағдарламасының негізгі талаптарға сәйкестігі

«Қазақ тілі пәні (оқыту қазақ тілінде емес)» бойынша	2 балл	1 балл	0 балл	Бұл пәннен сабақ жүргізбеймін
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	78,5%	25%	0,4%	9,7%
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	65,5%	25,5%	0,4%	9,7%
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	58,8%	28,5%	3,8%	9,7%
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	57,8%	28,5%	2,5%	11%
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	55,8%	28%	3,4%	10,6%
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	62,8%	23,6%	1,2%	10,2%
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	67,1%	26,9%	1,7%	7,2%


Сауалнаманың келесі сұрағы білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтарын анықтауға бағытталды. Сауалнама балмен бағаланды. (2 балл - толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

3.12-кесте. Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары.

«Қазақ тілі» пәні (оқыту қазақ тілінде емес) бойынша	2 балл	1 балл	0 балл	Бұл пәннен сабақ жүргізбеймін
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	78,5%	12%	0,4%	9,7%
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	62,5%	28,5%	0,4%	9,7%
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	58,8%	23,5%	3,8%	9,7%
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	57,8%	27,5%	2,5%	11%
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	59,8%	27%	3,4%	10,6%
Тілдік пәндер бойынша сөйлеу дағдыларын дамытатын оқыту мақсаттары жеткілікті берілген	61,8%	27,6%	1,2%	10,2%

«Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға

бағытталған» сұрағына 2 балл - 78,5%, 1 балл -12 % , 0 балл- 0,4%, 9,7% болса, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін - 9,7% берілді. «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді» деген тұжырымға 2 балл - 62,5%, 1 балл - 28,5% , 0 балл - 0,4%, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін - 9,7%. «Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген» деген тұжырымға 2 балл - 68,5%, 1 балл - 20% , 0 балл - 0,4%, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін - 9,7%. «Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген» деген тұжырымға 2 балл - 58,5%, 1 балл - 23,5% , 0 балл - 0,4%, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін - 9,7%. «Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған» сұрағына 2 балл - 68,5%, 1 балл - 20% , 0 балл - 0,4%, 9,7% болса, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін - 9,7% берілді. «Тілдік пәндер бойынша сөйлеу дағдыларын дамытатын оқыту мақсаттары жеткілікті берілген» сұрағына 2 балл - 61,8%, 1 балл - 27,6%, 0 балл - 1,2% болса, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін – 10,2% берілді. Талдау нәтижелері 3.9-диаграммада берілген.



3.9-диаграмма. Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары.

Сауалнамадағы маңызды сұрақтардың бірі «Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы» туралы болды.

4. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

1-4-сыныптарға арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша бастауыш білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес бастауыш білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Бастауыш білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама «Жаратылыстану» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

Бастауыш мектептегі «Жаратылыстану» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мақсаты – әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан бейнесі туралы білім негізін қалыптастыру және білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту.

Оқу пәнінің бағдарламасы келесі міндеттерге жетуге бағытталған:

1) зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылары мен біліктерінің негізін қалыптастыру;

2) техника мен технологияның дамуына елеулі ықпал еткен жаратылыстанудың маңызды идеяларымен, жетістіктерімен танысу;

3) қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін және әртүрлі ақпарат көздерінен алынған жаратылыстану-ғылымдық тұрғысынан маңызды және өмірлік маңызы бар мазмұнды ақпаратты қабылдау үшін алынған білімді қолдана білу біліктерін меңгеру;

4) зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану-ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

5) табиғат заңдарын тану және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өркениеттің дамуы мен өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті тәрбиелеу;

6) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушының сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты басты құндылықтарын білім алушы бойына сіңіруге негіз болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты бағдары болады.


Талдау нәтижесіне сәйкес, «Білім стандарттарында айқындалған базалық құндылықтардың «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша оқу процесінде жүзеге асырылу нәтижесі анықталды. Талдау нәтижесі 4.1-кестеде берілген.

4.1-кесте. МЖМБС-да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
-------	--------	--------	--------

Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік	95,6%	4,1%	0,3%
Құрмет	97,5%	1,5%	1%
Ынтымақтастық	85,2%	14,3%	0,5%
Еңбек пен шығармашылық	92,8%	6,1%	1,1%
Ашықтық	75,5%	13,2%	1,3%
Өмір бойы білім алу	88,6%	9,5%	1,9%

Талдау нәтижелері 4.1-диаграммада көрсетілген.



Сауалнамаға қатысқан «Жаратылыстану» оқу пәнінен сабақ беретін педагогтер өз ойларын төмендегідей түсініктемелерімен негіздеген: «Базалық құндылықтар жүзеге асырылады», «Ерте дамыту – баланы туғаннан бастап үш жасқа дейін дене, зияткерлік және эмоционалдық дамытуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру», «Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік болу керек», «Білім стандартындағы айқындалған базалық құндылықтардың іске асырылуы орташа жағдайда», «Білім алушылардың патриоттық сезімін оқу процесінде жоғары деңгейде жүргізіледі» және т.б.

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 4.2-кестеде берілген.


4.2-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
-------	--------	--------	--------

Күтілетін нәтижелер тұжырымы	84,5	13,5	2
Сөйлем құрылымы	86,3	13	0,7
Қолжетімділігі	83,8	16	0,2
Айқындылығы	74,8	23	2,2

«МЖМБС пәндері бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері» келесі параметрлер бойынша жоғары балл қойдық: педагогтердің 80,4% - ы күтілетін нәтижелер анық баяндалғанын, 75,1% - ы баяндамада семантикалық жүктеме бар екенін, 59,3% - ы күтілетін нәтижелердің реттілігі байқалатынын, 71,4% - ы күтілетін нәтижелердің өлшенетіндігін атап өтті, білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етілуі – 70,1%, талдау нәтижелері 4.2-диаграммада берілген.

4.2-диаграмма. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі



МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 4.3-кестеде берілген.

4.3-кесте – МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі

Факторлар	2 балл	1 балл	0 балл
-----------	--------	--------	--------

Заманауи қоғамының динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	77,8 %	21,6%	0,6%
Сыни тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	80 %	17,3 %	2,7%
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	74 %	26%	0%
Оқытуды, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	81%	19%	0%
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	76,6%	23%	0,4%

Пән мұғалімдерінің шамамен 77,8%-ы МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.

Өз жауаптарын педагогтер «Практикаға берілуін қамтамасыз ету», «Тәрбие мен оқытуды қамтамасыз ету», «Тағы да тереңдете түсіндіру керек», «Білім алушыларға заманауи білім беру», «Білім беру мазмұнының практикаға негізделуі», «Заманауи дидактикалық сұранысқа сәйкес», және т.б. осы сияқты түсініктемелерімен толықтырған.

Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 4.4-кестеде берілген.


4.4-кесте. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

Факторлар	Әсер етеді	Кері әсер етпейді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелер мен тақырыптарды тереңдетіп зерттеу	91,5 %	6,4%	2,1%
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	89,7 %	7,3 %	3%
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жобалау жұмыстарын жүргізу	79,3 %	7,6%	13,1%
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын игеру	82,8%	8,6%	8,6%
Білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі	64,5%	15%	20,5%
Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемін ұлғайту	58,2%	19,3%	22,5%

Талдау нәтижелері 4.3-диаграммада берілген.


4.3-диаграмма. «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін

факторлар



Білім алушылардың дағдыларын қалыптастырудағы «Жаратылыстану» оқу пәнін бөліп оқытудың тиімділігін бағалау бойынша сұраққа респонденттер 2825 адам «тиімді», 1271 адам «орташа тиімділік» және 127 адам «тиімсіз» деп жауап берді. Талдау нәтижесі 4.4-диаграммада көрсетілген.

4.4-диаграмма. «Жаратылыстану» оқу пәнін оқытудың тиімділігі.



Түсініктемелерінде мұғалімдер «Білім сапасын арттыруға әсер ететін фактор ата-ананың қадағалауы», «Теорияны практикамен ұштастыру», «Практикалық жұмыстарға қолжетімділік», «Пән бөлмесін арнайы жабдықтармен қамтамасыз ету», «Заманға сай білім беру», «Жаратылыстанудан зерттеу жұмысына керекті құралдар тапшы» және т. б. деген ойларымен бөлісті.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

1-4-сыныптарға арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша бастауыш білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес бастауыш білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Бастауыш білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама «Цифрлық сауаттылық» пәнінен сабақ беретін педагогтер арасында жүргізілді.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту мақсаты – білім алушылардың оқу мен күнделікті өмірде есептей білу дағдылары, робототехника, базалық білім, заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс жасаудағы білік және дағдыларды тиімді қолдануын қамтамасыз ету.

Негізгі міндеттері:

- 1) білім алушыларға компьютер туралы, қазіргі заманғы цифрлық құрылғылар және олардың қоғамдағы рөлі туралы бастапқы ақпараттар беру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, білім алушылардың есептей білу, роботтарды жинау және программалау, іздеу, жинақтау, өңдеу, ақпараттарды сақтау және тарату дағдыларын қалыптастыру;
- 3) білім алушылардың әртүрлі қолданбалы программаларды қолдану арқылы өз идеяларын ұсыну дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) байланыс, ақпарат алмасу және ынтымақтастық үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануын ынталандыру;
- 5) білім алушыларды компьютермен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері мен авторлық құқықтарды құрметтеуді үйрету.

Оқу бағдарламасында үш тілде оқыту ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың мектептен тыс сабақтарын үш тілде (қазақ, орыс және шетел тілдерінде) ұйымдастыруды көздейтін үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған.

Оқу бағдарламасының ерекшелігіне оның пән бойынша білім мен білігінің қалыптасуына бағдарлануы ғана емес, сонымен қатар, білімді функционалдық және шығармашылық жағынан қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, әртүрлі коммуникациялық әдістерді пайдалану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдылар жатады.


Жеке тұлғалық қасиеттердің кең спектрлі дағдылардың табиғи үйлесімде дамуы - білім алушылардың бойында: «Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «Құрмет», «Ынтымақтастық», «Еңбек және шығармашылық», «Ашықтық», «Өмір бойы білім алу» сияқты базалық құндылықтарды қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушылардың мінез-құлқына және күнделікті іс-әрекеттеріне ынталандырушы болуға арналған оның тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

Талдау нәтижесіне сәйкес, «Білім стандарттарында айқындалған базалық құндылықтардың «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша оқу процесінде жүзеге асырылу нәтижесі анықталды. Талдау нәтижесі 5.1-кестеде берілген.

5.1-кесте. МЖМБС-да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік азаматтық	89,1%	9,2%	1,7%
Құрмет	87,5%	11,6%	0,9%
Ынтымақтастық	75,3%	22,2%	2,5%
Еңбек пен шығармашылық	90,1%	8,7%	1,2%
Ашықтық	68,3%	29,4%	2,3%
Өмір бойы білім алу	88,1%	10,2%	1,7%

Талдау нәтижелері 5.1-диаграммада көрсетілген.



«Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінен сауалнамаға қатысқан сабақ беретін педагогтер өз ойларын төмендегідей түсініктемелерімен негіздеген: «Базалық құндылықтар жүзеге асырылады», «Сабақта әрдайым жүргізіледі», «Базалық құндылықтарды күнделікті өмірде қолданамыз», «Жоғары деңгейде жүзеге асырылады», «Бұл базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асып отырады», «Жаңалыққа ұмтылу құрметтеу шығармашылық қабілеттерін дамыту», «Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде өз деңгейінде жүзеге асырылады» және т.б.


МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 5.2-кестеде берілген.

5.2-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	81,5%	17,1%	1,4%
Сөйлем құрылымы	87,3%	10,4%	2,3%
Қолжетімділігі	67,4%	25,7%	6,9%
Айқындылығы	75,1%	19,7%	5,2%

«МЖМБС пәндері бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері» келесі параметрлер бойынша жоғары балл қойдық: педагогтердің 81,5% - ы күтілетін нәтижелер анық баяндалғанын, 79,1% - ы баяндамада семантикалық жүктеме бар екенін, 67,3% - ы күтілетін нәтижелердің реттілігі байқалатынын, 67,4% - ы күтілетін нәтижелердің өлшенетіндігін атап өтті, білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етілуі – 82,1%, талдау нәтижелері 5.2-диаграммада берілген.

5.2-диаграмма. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі



МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 5.3-кестеде берілген.

5.3-кесте – МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі

Факторлар	2 балл	1 балл	0 балл
Замануи қоғамының динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	84,1 %	15,7%	0,2%
Сыни тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	75,1%	23,4 %	1,5%
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	73,5%	25,3%	1,2%
Оқытуды, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	71,6%	27,1%	1,3%
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	76,5%	22,1%	1,4%

Пән мұғалімдерінің шамамен 76,1% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.

Өз жауаптарын педагогтер «Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы», «Күтілетін нәтижелер сын тұрғысынан ойлау, тәрбие мен оқудың біртұтастығы т.б сәйкес келеді», «Білім мен практика білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай емес», «Білім беру мазмұнының практикаға негізделуі», «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға сәйкес келеді», «Күтілетін нәтиже жоғары», «Пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға сәйкес жасалған» және т.б. түсініктемелерімен толықтырған.

Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 5.4-кестеде берілген.


5.4-кесте. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

Факторлар	Әсер етеді	Кері әсер етпейді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша бөлімшелерді, кіші бөлімдер мен тақырыптарды тереңдетіп зерттеу	81,6 %	15,2%	3,2%
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	77,6 %	18,3 %	4,1%

Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жобалау жұмыстарын жүргізу	72,1 %	12,6%	15,2%
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын игеру	71%	17,8%	11,2%
Білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі	61,4%	18,2%	21,4%
Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемін ұлғайту	33,9%	48,6%	17,5%


Талдау нәтижелері 5.3-диаграммада берілген.

5.3-диаграмма. «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



Білім алушылардың дағдыларын қалыптастырудағы «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнін бөліп оқытудың тиімділігін бағалау бойынша сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 65,3 % «тиімді», 27,5% «орташа тиімді» және 7,1% «тиімсіз» деп жауап берді. Талдау нәтижесі 5.4-диаграммада көрсетілген.

5.4-диаграмма. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнін оқытудың тиімділігі.



Түсініктемелерінде мұғалімдер «Оқулықтағы тапсырмалар балаларға түсінікті тілмен берілсе», «Теорияны практикамен ұштастыру», «Практикалық жұмыстарға қолжетімділік», «Пән бөлмесін арнайы жабдықтармен қамтамасыз ету», «Заманға сай білім беру», «Сурет салу, сызу дағдылары қалыптасады. Қиын сабақ пен оңай сабақтың алмасып отырғаны жақсы» және т. б. өз ойларымен бөлісті.

2. НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МЖББС, ҮОЖ ЖӘНЕ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АПРОБАЦИЯДАН (БАЙҚАУДАН) ӨТКІЗУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына енгізілген өзгерістер бойынша білім беру ұйымдарының басшылары мен директордың орынбасарларына арналған сауалнамаға республика өңірлерінен барлығы 1001 адам қатысқан.

Сауалнаманың 1-бөлімінде педагогтер туралы жалпы мәліметтер ұсынылған. Жалпы мәліметтер педагогтердің жұмыс істейтін өңірі, жұмыс орны, білімі, санаты, еңбек өтілі және біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтерді қамтиды.


Республика өңірлерінен сауалнамаға қатысқан педагогтердің саны төмендегі кестеде берілген.

1-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылар саны

Республика өңірлері	Қатысушылар саны	Сапалық көрсеткіші
Ақмола облысы	166	16,5%
Ақтөбе облысы	0	0%
Алматы қаласы	5	0,4%
Алматы облысы	11	1%
Атырау облысы	8	0,7%
Батыс Қазақстан облысы	86	8,5%
Жамбыл облысы	119	11,8%
Қарағанды облысы	41	4%
Қостанай облысы	24	2,3%
Қызылорда облысы	120	11,9%
Маңғыстау облысы	47	4,6%
Астана қаласы	12	1,19%
Павлодар облысы	50	4,9%
Солтүстік Қазақстан облысы	22	2,1%
Шығыс Қазақстан облысы	31	3%
Шымкент қаласы	6	0,5%
Ұлытау облысы	37	3,6%
Жетісу облысы	26	2,5%
Абай облысы	65	6,4%
Түркістан облысы	95	9,4%

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылар туралы мәліметті талдап қарасақ, сауалнамаға белсенді қатысқан өңірлер – Ақмола облысынан 166 педагог (16,5%), Қызылорда облысынан 120 педагог (11,9%), Жамбыл облысынан 119 педагог (11,8%), Түркістан облысынан 95 педагог (9,4%), БҚО-дан 86 педагог (8,5%), Абай облысынан 65 педагог (6,4%)

және Павлодар облысынан 50 педагог (4,9%) қатысқан. Қатысушылардың орташа саны Маңғыстау (47), Қарағанды облысы (41), ШҚО (31) және Жетісу облысы (26), Қостанай облысы (24) және СҚО-да (22) байқалды. Сауалнамаға ең аз қатысқан өңірлер – Алматы, Шымкент және Астана қалалары мен Атырау облысы. Сауалнамаға бірде-бір педагог қатыспаған өңір – Ақтөбе облысы. Талдау нәтижесі 1-диаграммада берілген.




1-диаграмма. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылардың сапалық көрсеткіші

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға ауыл мектебінен 653, қала мектебінен 277 және шағын жинақты мектептен 71 педагог қатысқан.

2-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың жұмыс орны туралы мәлімет.

Ауыл мектебі	Қала мектебі	Шағын жинақты мектеп
653 (65%)	277 (28%)	71 (7%)

Жоғарыдағы мәліметтерге сүйенсек, сауалнамаға қатысқандардың 65%-ы ауыл мектебінен, 28%-ы қала мектебінен және 7%-ы шағын жинақты мектептен қатысқан. Талдау нәтижесі 2-диаграммада берілген.



2-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың жұмыс орны бойынша сапалық көрсеткіші

Келесі кестеде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылардың білімі туралы мәлімет берілген.

3-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың білімі туралы мәлімет.

Жоғары	Орта арнаулы	Бакалавр	Магистр	П.ф.к./Phd
858 (78%)	36 (3%)	121 (11%)	80 (7%)	0




3-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың білімі бойынша сапалық көрсеткіші

Кестедегі мәліметке сүйенсек, сауалнамаға қатысушылардың 78%-ы жоғары білімді, 11%-ы бакалавр, 3%-ы орта арнаулы білімді, 7%-ы магистр.

Келесі кестеде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі бойынша мәлімет ұсынылды.

4-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі туралы мәлімет.

1-5 жыл	5-10 жыл	10-15 жыл	15 және одан да жоғары
119 (12%)	134 (13%)	185 (18%)	563 (56%)




4-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі бойынша сапалық көрсеткіш

Сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі бойынша мәліметке қарасақ, 1-5 жыл аралығында еңбек өтілі бар педагогтердің сапалық көрсеткіші – 12%, 5-10 жыл аралығындағы педагогтер 13%, 10-15 жыл аралығындағы педагогтердің үлесі 18%, 15 және одан да жоғары еңбек өтілі бар педагогтердің үлесі 56%-ды құрайды.

Келесі кестеде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылардың санаты бойынша ақпарат берілді.

5-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың санаты туралы ақпарат.

Санат түрлері	Саны	Пайыздық көрсеткіші
Жоғары	49	4,8%
I санат	43	4,2%
II санат	29	2,8%
Санаты жоқ	102	10,1%
Педагог	61	6%
Педагог-модератор	159	15,8%
Педагог-сарапшы	271	27%
Педагог-зерттеуші	274	27,3%
Педагог-шебер	13	1,2%



5-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылар санатының сапалық көрсеткіші.

Сауалнамаға қатысушылардың санаты туралы мәліметке сүйенсек, педагогтердің 4,8%-ы жоғары санатты, 4,2%-ы I санатты, 2,8%-ы II санатты, 10,1%-ында санат жоқ, 6%-ы педагог, 15,8%-ы педагог-модератор, 27%-ы педагог-сарапшы, 27,3%-ы педагог-зерттеуші, 1,2%-ы педагог-шебер.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылардың біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәлімет б-кестеде берілді.

6-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәлімет.

Курстар	2020	2021	2022	Біліктілік курсынан өткенім жоқ
«Өрлеу» БАҰО курстары	21,3%	38,1%	13,2%	27,5%
«НЗМ» ДББҰ курстары	9,9%	26,9%	6,6%	56,6%
Тағы басқа	10,2%	33,8%	11,7%	44,4%



6-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың біліктілікті арттыру курстарынан өтуі бойынша сапалық көрсеткіш

Сауалнамаға қатысушылардың біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәлімет бойынша 1001 қатысушының арасында «Өрлеу» БАҰО курстарынан 2020 жылы өткен педагогтердің сапалық көрсеткіші 21,3%-ды, 2021 жылы 38,1%-ды, 2022 жылы 13,2%-ды құраса, «НЗМ» ДББҰ курстарынан өткен педагогтердің үлесі 2020 жылы 9,9%, 2021 жылы 26,9%, 2022 жылы 6,6%-ды құраған. Тағы басқа курстардан өткен педагогтердің пайыздық көрсеткіші 2020 жылы - 10,2%, 2021 жылы - 33,8%, 2022 жылы - 11,7%.

«Өрлеу» БАҰО біліктілікті арттыру курстарынан өтпеген педагогтердің үлесі – 27,5%, «НЗМ» ДББҰ курстарынан өтпегендердің үлесі – 56,6%-ды құраған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнаманың 2-бөлімінде білім мазмұнына қатысты сауалдар берілген.

«Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде қаншалықты жүзеге асырылады?» сауалына берілген жауаптардың пайыздық көрсеткіші келесі кестеде көрсетілген.

7-кесте. «Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде қаншалықты жүзеге асырылады?» сауалы бойынша мәліметтер.

Базалық құндылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	78,9%	20,6%	0,5%
Құрмет	76%	22,9%	1,1%
Ынтымақтастық	75,5%	23,4%	1,1%
Еңбек пен шығармашылық	77,6%	21,7%	0,7%
Ашықтық	68,4%	29%	2,6%
Өмір бойы білім алу	72,8%	26,1%	1,1%



7-диаграмма. Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылу көрсеткіші

«Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде қаншалықты жүзеге асырылады?» сауалы бойынша педагогтердің жауабын талдап қарасақ, педагогтердің басым бөлігі МЖМБС-да белгіленген


6 құндылықтың жүзеге асатындығын көрсеткен. Мысалы, 78,9%-ы «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік» құндылығының, 76%-ы «құрмет» құндылығының, 75,5%-ы «ынтымақтастық» құндылығының, 77,6%-ы «еңбек пен шығармашылық» құндылығының, 68,4%-ы «ашықтық» құндылығының, 72,8%-ы «өмір бойы білім алу» құндылығының оқу процесінде жүзеге асатындығын белгілеген. Жалпы алғанда, сауалнамаға қатысушылардың шамамен 75%-ы Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылатынын атап көрсетсе, шамамен 25%-ы базалық құндылықтар оқу процесінде ішінара жүзеге асырылады, шамамен 1% -ы жүзеге асырылмайды деген.

«Жоғарыдағы жауабыңызды негіздеңіз» деген сауалға 997 педагог «құндылықтар» оқу процесінде жүзеге асырылады деп жауап берген.

«МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілген» деген сауал бойынша жауаптардың пайыздық көрсеткіші келесі кестеде берілді.

8-кесте. «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілген» сауалы бойынша мәлімет.

	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	73,1%	25,8%	1,1%
Сөйлем құрылымы	65,7%	32,6%	1,7%
Қолжетімділігі	67,5%	31%	1,5%
Айқындылығы	67,4%	31,2%	1,4%



8-диаграмма. «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі» сауалы бойынша жауаптардың сапалық көрсеткіші.

«МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілген» сауалы бойынша «күтілетін нәтижелер тұжырымының» түсінікті екендігін 73,1% педагог растаса, 25,8%-ы орташа түсінікті, 1,1%-ы түсініксіз деп жауап берген.

«Сөйлем құрылымы» бойынша 65,7%-ы түсінікті, 32,6%-ы орташа түсінікті, 1,7%-ы түсініксіз десе, «қолжетімділігі» бойынша 67,5%-ы түсінікті,

31%-ы орташа түсінікті, 1,5%-ы түсініксіз екендігін, «айқындылығы» бойынша 67,4% түсінікті, 31,2%-ы орташа түсінікті, 1,4%-ы түсініксіз деген тұжырым жасаған.

«МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді» деген сауалға берілген жауаптардың пайыздық үлесін келесі кестеден байқауға болады.

9-кесте. «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді» сауалы бойынша мәлімет.

	2 балл	1 балл	0 балл
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	65,9%	33,4%	0,7%
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	68%	31,2%	0,8%
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	62,8%	36%	1,2%
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	68,1%	31,2%	0,7%
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	64,6	33,4%	2%

«МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді» сауалы бойынша мәліметті талдасақ, сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі күтілетін нәтижелердің мазмұнға сәйкестігін атап көрсеткен. Мысалы, «заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуын» 65,9% педагог, «сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі» жауабының сәйкестігін 68% педагог, «оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы» сәйкестігін 62,8%-ы, «оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету» жауабының сәйкес болуын 68,1%-ы, «білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету» жауабының мазмұнға сәйкестігін 64,6%-ы растап жауап берген.



9- диаграмма. «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді» сауалы бойынша жауаптардың сапалық көрсеткіші

Жалпы алғанда, сауалнамаға қатысқан педагогтердің 65%-ы МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің мазмұнға сәйкес келетінін көрсетсе, 30%-ы сәйкестігі орташа дегенді белгілеген.

«Жауабыңызды негіздеңіз» сауалына барлық педагог «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға сәйкес келеді» деп жауап берген.

Сауалнамада берілген «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалына ұсынылған жауаптар бойынша мәлімет келесі кестеде берілді.

10-кесте. «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалы бойынша мәлімет.

Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	89%	3,5%	7,5%
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	87,7%	5,3%	7%
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	83,1%	5,8%	11,1%
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	83,8%	6,3%	9,9%
Білім алушылардың оқуға белсенділігінің төмендеуі	62,6%	23,2%	14,2%
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	64,9%	22,7%	12,4%

«Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалына ұсынылған жауаптарды талдап қарасақ, ұсынылған жауаптардың «әсер етеді» нұсқасын педагогтердің басым бөлігі таңдаған.

Атап айтсақ, «пән бойынша бөлімдер, бөлімшелер және тақырыптарды тереңірек зерделеу» жауабының білім сапасын арттыруға әсер ететін фактор екендігін педагогтердің 89%-ы, «оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі» нұсқасын таңдаған педагогтердің үлесі 87,7%, «оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу» жауабын белгілегендер 83,1%, «күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту» нұсқасын 83,8%, «білім алушылардың оқуға белсенділігінің төмендеуі» жауабына 62,6%, «білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы» нұсқасын таңдағандар 64,9%-ды қамтыған.

«Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін басқа да факторларды ұсыныңыз» деген сауалға 995 педагог «ұсыныс жоқ» деп жауап берген. Талдау нәтижелері 10-диаграммада берілген.



10-диаграмма. «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалы бойынша жауаптардың сапалық көрсеткіші.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының «*Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар*» деп аталатын 2-тарауының 24-тармағына сәйкес 2024-2025 оқу жылынан бастап қазақ тілінде оқытпайтын сыныптар үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндеріне бөлініп оқытылады, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні «Орыс тілі» және «Әлем әдебиеті» оқу пәндеріне бөлінеді. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндеріне бөлініп оқытылуы және «Әлем әдебиеті» пәнін енгізу тиімділігіне байланысты Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген өзгерістер бойынша сауалнама сұрақтары әзірленді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің бөлініп оқытылуын бағалау шкаласы бойынша белгілеңіз» деген сауал бойынша педагогтердің берген жауабының үлесі келесі диаграммада берілген.



11- диаграмма. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің бөлініп оқытылуын бағалау бойынша сапалық көрсеткіш.


«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің бөлініп оқытылуын бағалау шкаласы бойынша белгіленіз» деген сауал бойынша 527 педагог (52,6%) тиімді екенін атаса, 113 педагог (11,2%) тиімділігі орташа, 29 педагог (2,8%) тиімсіз деген жауапты белгілеген. Ал 332 педагог (33,1%) «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнін жүргізбейтінін атап өткен.

«Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін) оқу пәндерінің мазмұнын құру бойынша ұсыныстарыңыз» деген сауалға 996 педагог «ұсыныс жоқ» деп жазған.

«Әлем әдебиеті» оқу пәнін енгізудің тиімділігі» бойынша сауалнамаға қатысушылардың жауаптары бойынша мәлімет келесі кестеде берілді.

12-кесте. «Әлем әдебиеті» оқу пәнін енгізудің тиімділігі» сауалы бойынша педагогтердің ұсынған жауабы бойынша мәлімет.

	Респондент саны	Пайыздық үлесі
оқу сауаттылығы артады	259	25,8%
білім алушылардың дүниетанымы кеңейеді	363	36,2%
халықаралық зерттеулерге қатысуға мүмкіндігі болады	150	14,9%
өзін тұлға ретінде танытуға мүмкіндік алады	140	13,9%
жоғары деңгейдегі ғылыми жобаларға, конкурстар мен олимпиадаларға қатыса алады	152	15%
Бұл пәнді өтпеймін	477	47,6%



12- диаграмма. «Әлем әдебиеті» оқу пәнін енгізудің тиімділігі» сауалы бойынша жауаптардың сапалық көрсеткіші.

«Әлем әдебиеті» оқу пәнін енгізудің тиімділігі» бойынша сауалнамаға қатысушылардың 259-ы (25,8%) «оқу сауаттылығы артады» деп жауап берсе, 363-і (36,2%) «білім алушылардың дүниетанымы кеңейеді», 150 респондент (14,9%) «халықаралық зерттеулерге қатысуға мүмкіндігі болады», 140 педагог (15%) «өзін тұлға ретінде танытуға мүмкіндік алады» деген жауапты таңдаған болса, 477 педагог «бұл пәнді өтпеймін» деп жауап берген. Сонымен талдау нәтижесіне сәйкес педагогтердің 66,8%-ы «Әлем әдебиеті» пәнін енгізудің тиімділігін белгілеген.

*1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған
«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына енгізілген өзгерістер бойынша білім беру ұйымдарының пән мұғалімдеріне арналған сауалнамаға республика өңірлерінен барлығы 126 адам қатысқан.

Сауалнаманың 1-бөлімінде «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» туралы өз ойларын айтқан қазақ тілі мен әдебиеті педагогтері туралы жалпы мәліметтер ұсынылған. Жалпы мәліметтер педагогтердің жұмыс істейтін өңірі, жұмыс орны, білімі, санаты, еңбек өтілі және біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтерді қамтиды.


Республика өңірлерінен сауалнамаға қатысқан педагогтердің саны төмендегі кестеде берілген.

1.1-кесте. Республика өңірлерінен сауалнамаға қатысқан педагогтердің саны

Республика өңірлері	Қатысушылар саны	Сапалық көрсеткіші
21. Ақмола облысы	28	22%
22. Ақтөбе облысы	0	0 %
23. Алматы қаласы	3	2,3 %
24. Алматы облысы	3	2,3 %
25. Атырау облысы	0	0 %
26. Батыс Қазақстан облысы	5	3,9 %
27. Жамбыл облысы	14	11,1 %
28. Қарағанды облысы	8	6,3 %
29. Қостанай облысы	7	5,5 %
30. Қызылорда облысы	12	9,5 %
31. Маңғыстау облысы	1	0,7 %
32. Астана қаласы	1	0,7 %
33. Павлодар облысы	9	7,1 %
34. Солтүстік Қазақстан облысы	2	1,5 %

35. Шығыс Қазақстан облысы	4	3,1 %
36. Шымкент қаласы	1	0,1 %
37. Ұлытау облысы	3	2,3 %
38. Жетісу облысы	3	2,3 %
39. Абай облысы	9	7,1 %
40. Түркістан облысы	13	10,3 %

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері туралы мәліметті талдап қарасақ, сауалнамаға белсенді қатысқан өңірлер – Ақмола облысынан 28 педагог (22%), Қызылорда облысынан 12 педагог (9,5%), Жамбыл облысынан 14 педагог (11,1%), Түркістан облысынан 13 педагог (10,3%), БҚО-дан 5 педагог (3,5%), Абай облысынан 9 педагог (7,1%) және Павлодар облысынан 9 педагог (7,1%) Маңғыстау облысынан 1 педагог (0,7%), Қарағанды облысынан 8 педагог (6,3%), ШҚО 4 педагог (3,1%) және Жетісу облысы 3 педагог (2,3%), Қостанай облысы 7 педагог (5,5%) және СҚО-да 2 педагог (1,5%) қатысқан. Сауалнамаға ең аз қатысқан өңірлер – Астана, Шымкент және Маңғыстау облысы. Сауалнамаға бірде-бір педагог қатыспаған – Ақтөбе облысы мен Атырау облысының мұғалімдері. 1.1- диаграммада берілген.



1.1- диаграмма. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері туралы жалпы мәлімет.


Сауалнаманың келесі сұрағы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің қызмет ететін мектептерін байланысты болды. 2 - кестеде ауыл мектебі, қала мектебі, шағын жинақты мектеп деп алынып, мұғалімдердің қызмет ету аймағын айқындауға негізделді.

1.2-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың жұмыс орны туралы мәлімет.

Ауыл мектебі	Қала мектебі	Шағын жинақты мектеп
83 / 65,8 %	41 / 32,5%	2 / 1,5%

Сауалнамаға қатысушы мұғалімдердің - 83 / 65,8 % ауыл мұғалімдері, 41 / 32,5% - қаладан, 2 / 1,5% - шағын жинақты мектептердің мұғалімдері болды. Сауалнамаға қатысқан мектептерден ауыл мектептерінің мұғалімдерінің белсенділігі байқалды.

Сауалнаманың келесі сұрағында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылардың білімі туралы мәлімет қамтылған.



1.2-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың жұмыс орны туралы мәлімет

1.3-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың білімі туралы мәлімет.

Жоғары	Орта арнаулы	Бакалавр	Магистр	П.Ф.К./Phd
100 / 79,3 %	7 / 5,5 %	16 / 12,6 %	3 / 2,3 %	0

Сауалнама қорытындысы бойынша алынған мәліметке сүйенсек, сауалнамаға қатысушылардың 79,3%-ы жоғары білімді, 12,6 %-ы бакалавр, 5,5%-ы орта арнаулы білімді, 2,3 %-ы магистр. Нәтижесінде орта білім беру жүйесінде жүрген педагогтердің 94,1 %-ы жоғары білімі бар ұстаздар екені мәлім болды.




1.3- диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың білімі туралы мәлімет

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі бойынша мәлімет келесі кестеде берілген.

1.4-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі туралы мәлімет.

1-5 жыл	5-10 жыл	10-15 жыл	15 және одан да жоғары
12/ 9,5 %	11 / 8,4 %	27 / 21,4 %	76 / 60,3%

Сауалнамаға қатысушы мұғалімдердің еңбек өтілдері туралы деректерге назар аударсақ, 1-5 жылға дейін мектепте қызмет ете бастаған жас ұстаздар 9,5% , болса 5-10 жылға дейін біршама тәжірибе жинаған мұғалімдер 8,4 % , 10-15 жылдық еңбек өтілі барлар 21,4 % болса, еңбек өтілдері 15 жылдан жоғары әдістемелік жағынан шындалған деп саналатын ұстаздардың пайыздық саны 60,3 % көрсетті. Нәтижесінде мектептегі педагогтердің көбінің белгілі бір әдістемесі қалыптасқан білікті мамандар деп айтуға болады. Талдау нәтижесі 1.4-суретте берілген.



1.4-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі туралы мәлімет

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша санаттары туралы мәлімет 1.5-кестеде көрсетілген.

1.5-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың санаты туралы ақпарат

Санат түрлері	Саны	Пайыздық көрсеткіші
Жоғары	2	1,5 %
I санат	4	3,1 %
II санат	2	1,5 %

Санаты жоқ	11	8,3 %
Педагог	6	4,7 %
Педагог-модератор	19	15 %
Педагог-сарапшы	30	23 %
Педагог-зерттеуші	50	39,6 %
Педагог- шебер	2	1,5 %

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің біліктілік санаты туралы алынған деректер бойынша, педагогтердің 1,5 %-ы жоғары санатты, 3,1 %-ы I санатты, 1,5 %-ы II санатты, 8,3 %-ында санат жоқ, 4,7 %-ы - педагог, 15 %-ы педагог-модератор, 15 %-ы педагог-сарапшы, 39,6 %-ы педагог-зерттеуші, 1,5 %-ы педагог-шебер.



1.5- диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың санаты туралы ақпарат

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің біліктілік санаты туралы алынған деректер бойынша, педагогтердің 1,5 %-ы жоғары санатты, 3,1 %-ы I санатты, 1,5 %-ы II санатты, 8,3 %-ында санат жоқ, 4,7 %-ы - педагог, 15 %-ы педагог-модератор, 15 %-ы педагог-сарапшы, 39,6 %-ы педагог-зерттеуші, 1,5 %-ы педагог-шебер.

Келесі кестеде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша әр түрлі біліктілік курстарынан өткен педагогтердің пайыздық есебі берілген.

Сауалнамаға педагог біліктілігін көтеру орталықтарының ішінен екеуі таңдалып алынды. Олар: «Өрлеу» біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы мен «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары курстары.


Курстардан өту туралы мәлімет мұғалімдердің 2021, 2022 жылдар және мүлдем осы екі орталықтан өтпегендері туралы деректер алынды.

1.6-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәлімет.

Курстар	2021	2022	Біліктілік курсынан өткенім жоқ
«Өрлеу» БАҰО курстары	34,9 %	38 %	26,9 %
«НЗМ» ДББҰ курстары	19,8 %	23,8 %	56,3 %

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы өткізген курстардан 2021 жылы - 34,9 %, 2022 жылы - 38 %, екі жылда да курстан өтпеген педагогтер - 26,9 % .

«Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары курстары өткізген курстардан 2021 жылы - 19,8 %, 2022 жылы - 23,8 %, екі жылда да курстан өтпеген педагогтер - 56,3 %. Талдау нәтижесі 1.7- диаграммада берілген.



1.7- диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәлімет

Сауалнаманың келесі сұрағы білім стандартындағы базалық құндылықтардың оқу үрдісі кезінде қаншалықты жүзеге асырылып жатқаны туралы құрылған.

1.7-кесте. «Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде қаншалықты жүзеге асырылады?» сауалы бойынша мәліметтер.

Базалық құндылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	31,1 %	11,9 %	0,7 %

Құрмет	28,5 %	9,5 %	7,1 %
Ынтымақтастық	64,2 %	71,4 %	11,9 %
Еңбек пен шығармашылық	69,8 %	20,6 %	9,5 %
Ашықтық	59,5 %	26,9 %	13,4 %
Өмір бойы білім алу	73,8 %	15,8 %	10,3 %

Оқыту барысында базалық құндылықтарды мұғалімдердің қаншалықты жүзеге асырып жатқандары туралы «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік» құндылығын: 2 балл – 31,1 %, 1-балл- 11,9 %, 0балл - 0,7 %; «Құрмет» құндылығын: 2 балл - 28,5 %, 1 балл - 9,5 %, 0 балл- 7,1 %; «Ынтымақтастық» құндылығын: 2 балл - 64,2 %, 1 балл - 71,4 %, 0 балл- 11,9 %; «Еңбек пен шығармашылық»: 2 балл - 69,8 %, 1 балл - 20,6 %, 0 балл- 9,5 %; «Ашықтық» құндылығын : 2 балл - 59,5 %, 1 балл - 26,9 %, 0 балл- 13,4 %; «Өмір бойы білім алу» құндылығын : 2 балл - 73,8 %, 1 балл - 15,8 %, 0 балл- 10,3 %. Мұндағы 2 балл- жүзеге асырылады, 1 балл – ішінара жүзеге асырылады, 0 балл – жүзеге асырылмайды деген мағыналарды айқындайды.



1.8-диаграмма. «Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде қаншалықты жүзеге асырылады?» сауалы бойынша мәліметтер


Сауалнаманың келесі сұрағында МЖМБС тілінің түсініктілігі, сөйлем құрылымының дұрыстығы, айқындылығы мен қолжетімділігі мәселесіне назар аударған.

1.8-кесте. «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілген» сауалы бойынша мәлімет.

Мәліметтер	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	31,7 %	12,6 %	-
Сөйлем құрылымы	26,9 %	17,4 %	-
Қолжетімділігі	27,7 %	16,6 %	0,7 %
Айқындылығы	26,1%	18,2 %	-

«МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілген» сауалы бойынша мәліметтер бойынша: «күтілетін нәтижелер тұжырымының» түсінікті екендігін 31,7 % педагог растаса, 12,6 %-ы орташа түсінікті, 0 %-ы түсініксіз деп жауап берген.

«Сөйлем құрылымы» бойынша 26,9 %-ы түсінікті, 17,4 %-ы орташа түсінікті, 0% - ы түсініксіз десе, «қолжетімділігі» бойынша 27,7 % -ы түсінікті, 16,6 %-ы орташа түсінікті, 0,7 %-ы түсініксіз екендігін, «айқындылығы» бойынша 26,1% түсінікті, 18,2-ы орташа түсінікті, 0%-ы түсініксіз деген тұжырым жасаған.



1.9-диаграмма. «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілген» сауалы бойынша мәлімет

«МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді» деген сауалға берілген жауаптардың пайыздық үлесін келесі кестеден байқауға болады.

1.9-кесте. «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді» сауалы бойынша мәлімет.

	2 балл	1 балл	0 балл
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	23,8 %	2,3 %	-
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	20,6 %	3,1 %	-
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	20,6 %	3,1 %	-

Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	22,2 %	1,5%	-
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	22,2 %	1,5%	-

«МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді» сауалы бойынша мәліметті талдасақ, сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі күтілетін нәтижелердің мазмұнға сәйкестігін атап көрсеткен. Мысалы, «заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуын» 23,8 % педагог 2 балл берсе, 2,3 % 1 балл қойған. «Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі» жауабының сәйкестігіне 20,6 % педагог 2 балл, 3,1 % педагог 1 балл деп бағалаған. «Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы» сәйкестігін 22,2 %-ы 2 балл, 1 балл 3,1% деп бағалаған. «Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету» жауабының сәйкес болуын 22,2 %-ы 2 балл, 1 балл 1,5%-ы берген. «Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету» жауабының мазмұнға сәйкестігін 22,2 %-ы 2 балл, 1 балл 1,5% растап жауап берген.



1.9-диаграмма. «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді» сауалы бойынша мәлімет.

«Жауабыңызды негіздеңіз» сауалына барлық педагог «МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға сәйкес келеді», «Күтілетін нәтижелер көп», «барлығы түсінікті», «Заманауи қоғам динамикасына сай», «Стандартқа сай» деген жауаптар берген.

Сауалнамада берілген «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалына ұсынылған жауаптар бойынша мәлімет келесі кестеде берілді.

1.10-кесте. «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалы бойынша мәлімет.

	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	22,2 %	-	1,5 %
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	23%	-	0,7 %
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	23 %	-	-
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	21,4 %	0,7 %	1,5 %
Білім алушылардың оқуға белсенділігінің төмендеуі	17,4 %	3,1 %	0,7 %
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	15,8 %	5,5 %	-

«Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалы бойынша сауалнамаға қатысқан педагогтер алты сұраққа «әсер етеді», «кері әсер етеді», «жауап беруге қиналамын» деген параметрлер бойынша жауап берген.

«Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалына ұсынылған жауаптарды талдап қарасақ, ұсынылған жауаптардың «әсер етеді» нұсқасын педагогтердің басым бөлігі таңдаған.

Атап айтсақ, «пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу» жауабының білім сапасын арттыруға әсер ететін фактор екендігін педагогтердің 22,2 %-ы, «оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі» нұсқасын таңдаған педагогтердің үлесі 23%, «оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу» жауабын белгілегендер 23%, «күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту» нұсқасын 21,4 %, «білім алушылардың оқуға белсенділігінің төмендеуі» жауабына 17,4 %, «білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы» нұсқасын таңдағандар 15,8 % -ды қамтыған.

«Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін басқа да факторларды ұсыныңыз» деген сауалға педагогтер «курстарда жас мамандарды көптеп оқыту», «танымдық қызығушылығын арттыру», «АКТ тиімді пайдалану», «қазақ тілінің өзектілігін дамыту», «жазба (диктант) жұмыстарын орындау арқылы» деген жауаптар берген.



1.10-диаграмма. «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалы бойынша мәлімет

Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылында өзгеріс енгізілген оқу пәндеріңізді белгілеңіз деген сұраққа жауап берген педагогтер екі балдық шкала бойынша бағалаған. (2 балл - толық, 1 балл - ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды) Барлығы 235 педагог қатысқан.

1.11-кесте. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні (оқыту қазақ тілінде емес) үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бойынша қойылған сауалға берілген жауаптар.

«Қазақ тілі пәні» (оқыту қазақ тілінде емес) бойынша	2 балл	1 балл	0 балл	Бұл пәннен сабақ жүргізбеймін
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	68,5%	20%	0,4%	9,7%
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	61,5%	28,5%	0,4%	9,7%
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	57,8%	28,5%	3,8%	9,7%
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	57,8%	28,5%	2,5%	11%
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	57,8%	28%	3,4%	10,6%
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	60,8%	27,6%	1,2%	10,2%

Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	65,1%	25,9%	1,7%	7,2%
---	-------	-------	------	------

Сауалнаманың келесі сұрағы білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтарын анықтауға бағытталды. Сауалнама балмен бағаланды. (2 балл - толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)



1.11-диаграмма. «Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар».

1.12-кесте. Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалдың жауабы.

«Қазақ тілі» пәні (оқыту қазақ тілінде емес) бойынша	2 балл	1 балл	0 балл	Бұл пәннен сабақ жүргізбеймін
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	68,5%	20%	0,4%	9,7%
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	61,5%	28,5%	0,4%	9,7%
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	57,8%	28,5%	3,8%	9,7%
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	57,8%	28,5%	2,5%	11%

Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	57,8%	28%	3,4%	10,6%
Тілдік пәндер бойынша сөйлеу дағдыларын дамытатын оқыту мақсаттары жеткілікті берілген	60,8%	27,6%	1,2%	10,2%

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалдың жауаптарының талдамасы:

«Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған» сұрағына 2 балл - 68,5%, 1 балл -20%, 0 балл - 0,4%, 9,7% болса, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін - 9,7% берілді.

«Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді» деген тұжырымға 2 балл - 68,5%, 1 балл - 20%, 0 балл - 0,4%, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін - 9,7%.

«Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген» деген тұжырымға 2 балл - 68,5%, 1 балл -20% , 0 балл-0,4%, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін -9,7%.

«Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген» деген тұжырымға 2 балл - 68,5%, 1 балл -20% , 0 балл-0,4%, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін -9,7%.

«Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған» сұрағына 2 балл - 68,5%, 1 балл -20% , 0 балл- 0,4%, 9,7% болса, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін - 9,7% берілді.

«Тілдік пәндер бойынша сөйлеу дағдыларын дамытатын оқыту мақсаттары жеткілікті берілген» сұрағына 2 балл - 68,5%, 1 балл -20% , 0 балл- 0,4%, 9,7% болса, бұл пәннен сабақ жүргізбеймін - 9,7% берілді.



1.12-сурет. Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары. Сауалнамадағы маңызды сұрақтардың бірі «Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы» туралы болды.

2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні

Бағдарлама бастауыш мектепке арналған «Жаратылыстану» пәні бағдарламасының логикалық жалғасы болып табылады.

5-6-сыныптың оқушыларына жаратылыстану бағытында білім беру, олардың білім құмарлықтарының дамуына, әлем жайлы ой-өрістерінің кеңеюіне, ғылымды ұғыну мен қоршаған әлемді тұтастай қабылдауларының дамуына, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі. Қоршаған әлемнің көп қырлылығын, табиғи құбылыстар мен үдерістердің өзара байланысын және себептерін, көптүрлі табиғат құбылыстары мен нысандарын жүйелеу принциптерін түсінуге мүмкіндік береді;

«Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасы негізгі мектепте зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған және география биология физика химия пәндері бойынша жаратылыстану ғылыми сауаттылықты қалыптастырушы болып табылады.

Гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперименттер арқылы алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау осы кезеңнен бастау алады.

Осыларды талдай келе әлеуметтік-педагогикалық қызметтің маңызды екендігін мойындаймыз. Бұл қызметте балалардың әлеуметтенуі арнайы тапсырыстар арқылы іске асырылады. Тапсырыс берілген соң оның мақсаты, міндеттері, мазмұны айқындалады.

Арнайы бағдарламалар құрастырылып, оның түрлері, әдістері мен құралдары таңдалып алынып, белгілі кезеңдер арқылы жүргізіледі. Сауалнама барысында осы мақсаттарға мұғалімдердің сай келетіндігін анықтау тұрды.

Бағдарламаның мақсаты оқушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсінік қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

Пән бағдарламасы келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру; жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен таныстыру;

2) білімдерін қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін қолдану және бұқаралық ақпараттық құралдары, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктеріне ие болу;

3) зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану

ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

4) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану.

Мектеп оқушыларының іс-әрекеттерін жүргізуде олардың мінез-құлқындағы психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білу қажет. Сол себепті жас ұрпақты қоғамға әлеуметтендіру барысында олардың бойына ізгі қасиеттерді ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, олардың ар-намысына тимеуге, абыройларын, ар-ождандарын құрметтеуге, рухани-адамгершілік пен әдептілікке баулу, адамды сүйе, сыйлай, құрметтей, қадірлей білуге үйрету, қоғамның шынайы иесі болуға талаптандыру жолдарын қарастыру қажет. Оларды әлеуметтендіру және тәрбиелеуде ұстаздар мен тәрбиешілердің және ата-аналардың әрбір жас жеткіншек ұрпақтың жас ерекшелігін, мінез-құлқын, тұлғалық қалыптасатын кезеңдерінің психологиялық ерекшеліктерін үнемі ескеріп, зерттеп отыруы әрбір ұстаз бен тәрбиешінің кәсіби міндеті.

Бүгінгі таңда қоғам алдында тұрған ең өзекті және әлеуметтік маңызды міндеттердің бірі – соңғы жылдары отандық білім беру тәжірибесінде болған өзгерістер оңтайландырған бағдарламаның оң, теріс жақтарын көрсетіп отыр.

Тақырыпты зерделеу үшін мұғалімдердің интернет-чаттарына талдау, жаңартылған білім беру жүйесі бойынша пәндерді оқытатын мұғалімдермен ауызша әңгімелер жүргізілді. Жаңартылған білім беру мазмұнының кейбір аспектілерінің оң және теріс жақтары талданды.

Жаңа бағдарлама бойынша оқушының жетістіктерін критериалды бағалау енгізіледі. Ол екі бөліктен тұрады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Классикалық бағалаудың орнына мұғалім оқушының жұмысын орындау туралы пікір жазады, яғни оның жетістіктерін көрсетеді, оқушының сабақ үшін не білгенін және нені іздеу керек екенін түсіндіреді. Мұндай жазбалар ата-аналармен кері байланысты сақтау үшін қажет, осылайша оқу процесін уақтылы реттеуге болады.

5-6-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенген болатын.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогикалық жұртшылықтың пікірін зерделеу бойынша сауалнама жаратылыстану пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

Педагогтер туралы мәліметтер 2.1-кесте берілген.

2.1-кесте. Педагогтер туралы мәліметтер.

№	Өңірлер	Пайыздық құрамы
1.	Ақмола облысы	11
2.	Алматы қаласы	

3.	Алматы облысы	
4.	Атырау облысы	3
5.	Батыс Қазақстан обл	5
6.	Жамбыл облысы	8
7.	Жетысу облысы	4
8.	Қарағанды облысы	4
9.	Костанай облысы	3
10.	Қызылорда облысы	12
11.	Маңғыстау облысы	
12.	Астана қаласы	
13.	Павлодар облысы	3
14.	Солтүстік Қазақстан облысы	3
15.	Түркістан облысы	6
16.	Ұлытау облысы	
17.	Шығыс Қазақстан облысы	13

Сауалнама тек бір тоқсан көлемінде болғандықтан зерттеу тобы тек сол кезенге сай қорытынды жасай алды. Болашақта толық оқу жылын қамту қажет.

Өңірлер бөлінісінде сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері 2.1-диаграммада берілген.




2.1-диаграмма. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Ақмола, Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облысының педагогтері жауап беруге белсенді

қатысты. Ал Астана қаласы, Алматы қаласы, Алматы облысы, Атырау облысы мұғалімдері толық қатыспады.

«Жаратылыстану» оқу пәні бойынша сауалнамаға 177 ауыл мектебі, 78 қала мектептері 8 шағын жинақы мектептер мұғалімдері жауап берді. Пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 2.2- диаграммада берілген.



2.2- диаграмма. Пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер

Сабақ берушілердің білім деңгейлері төмендегідей болды. респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: педагогтердің 60 жоғары білімі бар және бакалавр, жоғары білімі бар магистрлер саны 12, орта арнаулы білімі бар 8 мұғалімдер оқытады. Нәтижесі 2.2-кестеде берілген.

2.2-кесте. Пән мұғалімдерінің білімі туралы мәліметтер


Жоғары	60
Бакалавр	8
Магистр	8
Орта арнайы білімі бар	8

Еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті. Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі 10-15 жылдық еңбек өтілі бар 8 мұғалім қатысқан. Нәтижесі 2.3-кестеде берілген.

2.3-кесте. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі туралы мәліметтер

1-5 жыл	15
5-10 жыл	45
10-15 жыл	8
15- одан да жоғары	8

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 15-і 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар 5 жылдан 15 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 45 болды. 10 жылдан астам өтілі бар мұғалімдер 16. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 4-диаграммада көрсетілген.



2.3-диаграмма. Педагогтердің еңбек өтілі.

Педагог-9.педагог-шебер -1-педагог сарапшы. 9,педагог зерттеуші-20 санаты жоқ -10 мұғалім сабақ береді.62 мұғалім біліктілік курстарынан өткен. Нәтижесі 2.4-кестеде берілген.

2.4-кесте. Педагогтердің біліктілік санаты туралы мәліметтер

Біліктілік санаты	Педагогтер саны
Санаты жоқ	10
Педагог	12
Педагог-модератор	18
Педагог- сарапшы	1
Педагог-зерттеуші	20
Педагог- шебер	9

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен) 2.5-кестеде берілген.

2.5-кесте. МЖМБС базалық құндалақтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы туралы мәліметтер

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	90,0	15,0	
Құрмет	78	27	0,9
Ынтымақтастық	65,0	35	0,3
Еңбек пен шығармашылық	89,0	91,0	0
Ашықтық	65,6	30	3,6
Өмір бойы білім алу	80,1	18,9	1

Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай:

1. Оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.

2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталауды емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.

3. Қатысушылар әр адамның көзқарасымен танысудан пайда алады.

4. Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.

Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық – мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді. (Б.Момышұлы). Сауалнамада осы ұғым туралы нақтылы жауап бере алған. Талдау нәтижесі 2.6-кестеде берілген.

2.6-кесте. МЖМБС базалық құндалақтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы туралы мәліметтер

МЖМБС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	83	2	15
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	85	4	11

Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	55	30	15
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	72	10	18
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	80	6	15
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	70	18	12

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі бойынша басым көпшілік мұғалімдер Күтілетін нәтижелер тұжырымы ауырлау, Сөйлем құрылымы жеткілікті деңгейде деп атап өтсе, қолжетімділігі мен айқындылығы туралы нақтылы жауап бере алмаған. Оның себебі бағдарлама құрылымы мен мақсаттар жүйесіне тікелей байланысты екенін көрсетеді.

«Жаратылыстану» оқу пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды талдау нәтижесі 2.4-диаграммада көрсетілген.



2.4-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды талдау нәтижесі пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу, Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу, Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту бағдарлама мақсаттарын түсінуге кері әсерін тигізбейді. Ал оқу

бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі, Білім алушылардың оқуға белсенділігінің төмендеуі тақырыптардың логикалық байланысына тікелей байланысты тұстары бар. Жаратылыстану мақсаттарында оқушы жас ерекшеліктерін ескеретін сыныпта жаратылыстану математика бағыты пәндерінің жеке жеке оқытылуын қарастыру жағы төмен.

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер мазмұнға қаншалықты сәйкес келеді деген сұрақта Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы нақтылы көрсетілген.

Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етілуі де назардан тыс қалмаған. Сауалнама өткен мұғалімдер арасында педагогикалық өтілі 15 жылдан жоғарылардың және шебер-педагог санының аздығы да көрініс алған.

Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету сұрақтарына толықтаң жауап берілген.

Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесіне сәйкес жүргізілген талдау Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың «Жаратылыстану» пәні арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын пән мұғалімдерінің орта есеппен 70%, ал үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы орта есеппен 60, % көрсетеді.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы болғанымен кейбір оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы қажет. Пән мазмұнында бөлімдерге сәйкес оқу мақсаттары туралы пән мұғалімдерінің оң пікір білдірген.

Сонымен Жалпы орта білім беру деңгейінің МЖМБС, үлгілік оқу жоспарларына және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер бойынша байқау нәтижесі оқу бағдарламаларын оқу процесінде жүзеге асыруда айқындалған кемшіліктерді анықтау болғандықтан оны оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруде қолданылатын болады.

3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы енгізілген өзгерістер бойынша білім беру ұйымдарының математика пәні мұғалімдеріне арналған сауалнамаға республика өңірлерінен барлығы 642 адам қатысқан.

1-бөлім. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер туралы жалпы мәліметтер


Сауалнаманың 1-бөлімінде педагогтер туралы жалпы мәліметтер ұсынылған. Жалпы мәліметтер педагогтердің жұмыс істейтін өңірі, білімі, санаты, еңбек өтілі туралы мәліметтерді қамтиды.

Республика өңірлерінен сауалнамаға қатысқан педагогтердің саны 3.1-кестеде берілген.

3.1-кесте. 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні үлгілік оқу бағдарламасы бойынша сауалнамаға қатысушылардың өңірлер үлесіндегі саны

Республика өңірлері	Қатысушылар саны	Үлесі
Абай облысы	47	7,3%
Ақмола облысы	94	14,6%
Ақтөбе облысы	0	0%
Алматы қаласы	1	0,2%
Алматы облысы	10	1,6%
Астана қаласы	5	0,78%
Атырау облысы	29	4,5%
Батыс Қазақстан облысы	29	4,5%
Жамбыл облысы	81	12,6%
Жетісу облысы	17	2,6%
Қарағанды облысы	48	7,5%
Қостанай облысы	23	3,6%
Қызылорда облысы	78	12,1%
Маңғыстау облысы	29	4,5%
Павлодар облысы	39	6,1%
Солтүстік Қазақстан облысы	26	4%
Түркістан облысы	54	8,4%
Ұлытау облысы	18	2,8%
Шығыс Қазақстан облысы	11	1,7%
Шымкент қаласы	3	0,47%

7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні үлгілік оқу бағдарламасы бойынша сауалнамаға қатысушылар туралы мәліметті талдап қарасақ, сауалнамаға белсенді қатысқан өңірлер – Ақмола облысынан 94 педагог (14,6%), Жамбыл облысынан 81 педагог (12,6%), Қызылорда облысынан 78 педагог (12,1%), Түркістан облысынан 54 педагог (8,4%) қатысқан. Сауалнамаға ең аз қатысқан өңірлер – Алматы, Шымкент және Астана қалалары және Алматы мен Шығыс Қазақстан облыстары. Сауалнамаға бірде-бір педагог қатыспаған өңір – Ақтөбе облысы.



3.1-сурет. 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні үлгілік оқу бағдарламасы бойынша сауалнамаға қатысушылардың өңірлерге қатысты үлесі

Қорытынды. Ұлттық білім беру қорының 2021 жылғы мәліметтері бойынша елімізде математика пәні мұғалімдерінің саны 24 363. Бірақ бұл деректе педагогтардың нешеуі математика пәнін қазақ тілінде оқытатыны және олардың қаншасы 7-9-сыныптарда жұмыс жасайтыны көрсетілмеген. Сондықтан сауалнамаға қатысқан 642 педагогтың барлық педагогтарға қатысты үлесін көрсету мүмкін емес.

7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні үлгілік оқу бағдарламасы бойынша сауалнамаға қатысушылардың білімі туралы мәлімет 3.2-кестеде берілген.

3.2-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың білімі туралы мәлімет

Жоғары	Орта арнаулы	Бакалавр	Магистр
508	31	127	36



3.2-сурет. Қатысушылардың білімі бойынша сапалық көрсеткіші

3.2-кесте мен 3.2-суреттегі мәліметтерге сүйенсек, сауалнамаға қатысушылардың 79%-ы (508 адам) жоғары білімді, 20%-ы (31 адам) бакалавр, 6%-ы (127 адам) магистр, 5%-ы (36 адам) орта арнаулы білімді.

Келесі кестеде 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні үлгілік оқу бағдарламасы бойынша сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі бойынша мәлімет ұсынылды.

3.3-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі туралы мәлімет

1-5 жыл	5-10 жыл	10-15 жыл	15 және одан да жоғары
197	109	92	244



3.3-сурет. Қатысушылардың еңбек өтілі бойынша үлесі


Сауалнамаға қатысушылардың еңбек өтілі бойынша мәліметке қарасақ, 1-5 жыл аралығында еңбек өтілі бар педагогтердің сапалық көрсеткіші – 31% (197 педагог), 5-10 жыл аралығындағы педагогтер 17% (109 адам), 10-15 жыл аралығындағы педагогтердің үлесі 14% (92 адам), 15 және одан да жоғары еңбек өтілі бар педагогтердің үлесі 38%-ды (244 адам) құрайды (3.3-сурет және 3.3-кесте).

Қорытынды. Сауалнамаға қатысқан педагогтардың 69%-ы жоғары буын мен жас буынның өкілдері. Яғни, оқу бағдарламаларының әртүрімен жұмыс жасаған мамандар мен бірден жаңартылған мазмұнның оқу бағдарламаларымен жұмыс жасап жатқан педагогтар құрайды. Демек, сауалнамада қойылған сұрақтарға педагогтардың жауаптары түрлі көзқарастан беріледі қорытындылауға болады.

Әрі қарай 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні үлгілік оқу бағдарламасы бойынша сауалнамаға қатысушылардың санаты бойынша ақпарат берілді.

3.4-кесте. Сауалнамаға қатысушылардың санаты туралы ақпарат

Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог
9	108	174	114	237



3.4-сурет. Қатысушылардың санаты бойынша сапалық көрсеткіші

Сауалнамаға қатысушылардың санаты туралы мәліметке сүйенсек, педагогтердің 37%-ы (237 адам), 18%-ы (114 адам) педагог-модератор, 27%-ы (174 адам) педагог-сарапшы, 17%-ы (108 адам) педагог-зерттеуші, 1%-ы (9 адам) педагог-шебер (3.4-сурет және 3.4-кесте).

Қорытынды. Сонда сауалнамаға қатысқан педагог-шебер санатындағы педагогтар республика бойынша математика пәнінен педагог-шебер санатына ие педагогтардың 2,8%-ын, ал педагог-зерттеуші санатындағы педагогтар 2,3%-ын ғана құрайды. Сауалнамаға тәжірибесі мол педагогтардың көбірек қатысқаны сауалнама нәтижесіне өз үлесін болар еді.

2-бөлім. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша өткізілген сауалнама қорытындылары


2-бөлімде 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні үлгілік оқу бағдарламасы бойынша сауалдар нәтижесі берілген.

2.1. «Үлгілік оқу бағдарламасы негізгі талаптарға сәйкестігі» сауалына берілген жауаптардың қорытындысы 3.5-кестесі мен 3.5-суретінде көрсетілген.

3.5-кесте. «Үлгілік оқу бағдарламасы негізгі талаптарға сәйкестігі» сауалы бойынша жауап беру нәтижесі

Мазмұны	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	453	185	4

Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	344	284	14
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	394	227	21
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	359	262	21
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	412	215	15
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	345	266	31
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	-	-	-



3.5-сурет. «Үлгілік оқу бағдарламасы негізгі талаптарға сәйкестігі» сауалы бойынша жауап берудің салыстырмалы нәтижесі

3.5-кесте мен 3.5-суреттің қорытындысы бойынша келесідей нәтижені шығаруға болады:

1) «Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді» деген тұжырымды 71%-ы (453 педагог) растаса, 0,6%-ы сәйкес келмейді деп жауап берген;

2) «Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты» сауалы бойынша 54%-ы (344 педагог) қызықты, ал 2%-ы (14 педагог) қызықты емес деген;

3) «Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді» деген тұжырымды 61%-ы (394 педагог) растаса, 3,2%-ы сәйкес келмейді деп жауап берген;

4) «Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған» сауалы бойынша 56%-ы (359 педагог) оң жауап берсе, ал 3,2%-ы тұжырымды растамаған;

5) «Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған» деген тұжырымды 64%-ы (412 педагог) сәйкес екенін, 2,3%-ы (15 педагог) сәйкес келмейді деп жауап берген;

6) «Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан» сауалы бойынша 54%-ы (345 педагог) оң жауап берсе, ал 4,8%-ы тұжырымды растамаған;

7) «Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған» сауалына педагогтар мүлдем жауап бермеген.

Қорытынды. «Үлгілік оқу бағдарламасы негізгі талаптарға сәйкестігі» сауалына берілген жауаптар бойынша сауалнамаға қатысқан педагогтардың 50%-дан артығы барлық тұжырымдарды құптаған, тұжырымға жартылай келіскен педагогтар үлесі 28% бен 41%-ды, ал тұжырымға келіспегендер үлесі 5%-ды құрайды.


Демек, үлгілік оқу бағдарламасы негізгі талаптарға сәйкестік деген қорытынды шығаруға болады.

2.2. «Сіздердің білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай?» сауалына берілген жауаптардың қорытындысы 3.6-кестесі мен 3.6-суретінде көрсетілген.

3.6-кесте. «Сіздердің білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай?» сауалы бойынша жауап беру нәтижесі

Мазмұны	2 балл	1 балл	0 балл
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	385	218	39
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	367	257	18
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	360	255	27
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	321	266	55
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	271	289	82

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша практикалық жұмыстар білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	343	264	35



3.6-сурет. «Сіздердің білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай?» сауалы бойынша жауап берудің салыстырмалы нәтижесі

3.6-кесте мен 3.6-суреттің қорытындысы бойынша келесідей нәтижені шығаруға болады:

1) «Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған» деген тұжырымды 60%-ы (385 педагог) растаса, 6%-ы растамаған;

2) «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді» сауалы бойынша 57%-ы (367 педагог) мүмкіндік береді, ал 2,8%-ы (18 педагог) мұндай дамыту қарастырылмаған деген;

3) «Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген» деген тұжырымды 56%-ы (360 педагог) практикалық дағдыларды қалыптастыру ескерілген, 4,2%-ы ескерілмеген деп жауап берген;

4) «Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген» сауалы бойынша 50%-ы (321 педагог) мұндай дағдыны қалыптастыру қарастырылған, ал 8,6%-ы қарастырылмаған деген;

5) «Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған» деген тұжырымды 42%-ы (271 педагог) жетістіктер ескерілген, 12,8%-ы (82 педагог) ескерілмеген деп жауап берген;

6) «Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша практикалық жұмыстар білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған» сауалы бойынша 53%-ы (345 педагог) жеткілікті десе, ал 5,5%-ы жеткіліксіз деп көрсеткен.

Қорытынды. «Сіздердің білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай?» сауалына берілген жауаптар бойынша сауалнамаға қатысқан педагогтардың шамамен 50%-ы көрсетілген мәселелердің ескерілгенін көрсетсе, мәселелердің орындалуына жартылай келіскен педагогтар үлесі 34% бен 45%-ды құрайды, ал тұжырымға келіспегендер үлесі 13%-дан аспаған. Демек, үлгілік оқу бағдарламасында аталған мәселелер ескерілген деген қорытынды шығаруға болады.

2.3-бөлім. Сізге қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді көрсетіңіз (3.7-кесте)

3.7-кесте. Қиындық тудырған тақырыптар

Пән атауы	Тақырыптар, бөлімдер
Алгебра, 8-сынып	Статистика элементтері
Алгебра, 8-сынып	Теңсіздіктер
Алгебра, 9-сынып	Тригонометрия
Алгебра, 9-сынып	Ықтималдықтар теориясының элементтері

2.4-бөлім. Сізге қиындық тудырған оқыту мақсаттарын көрсетіңіз
(3.8-кесте)

3.8-кесте. Қиындық тудырған оқыту мақсаттар


Пән атауы	Оқыту мақсаттары
Алгебра, 8-сынып	<p>8.2.2.9 - рационал теңсіздіктерді шешу;</p> <p>8.2.2.10 - біреуі сызықтық, екіншісі - квадрат теңсіздік болатын екі теңсіздіктен құралған жүйелерді шешу;</p> <p>8.2.2.11 - құрамында екі квадрат теңсіздігі бар жүйелер мен жиынтықтарды шешу;</p> <p>8.3.3.5 - дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу;</p>
Алгебра, 9-сынып	<p>9.2.4.5 - бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;</p> <p>9.2.4.6 - бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын, бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын түсіндіру;</p> <p>9.2.4.8 - тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;</p> <p>9.3.2.3 - ықтималдықтың классикалық анықтамасын білу және есептер шығару үшін оны қолдану;</p> <p>9.3.2.4 - ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу;</p>

	9.3.2.5 - геометриялық ықтималдықты есептер шығаруда қолдану;
--	---

2.5. «Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы» сауалына берілген жауаптардың қорытындысы 3.9-кестесі мен 3.7-суретінде көрсетілген.

3.9-кесте. «Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы» сауалы бойынша жауап беру нәтижесі

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	362	249	31
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	341	266	35
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	343	265	34
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	370	254	18
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	361	260	21



3.7-сурет. «Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы» сауалы бойынша жауап берудің салыстырмалы нәтижесі

3.9-кесте мен 3.7-суреттің қорытындысы бойынша келесідей нәтижені шығаруға болады:

1) «Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?» деген тұжырымды 56%-ы (362 педагог) мүмкіндік береді деген, 5%-ы растамаған;

2) «Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?» сауалы бойынша 53%-ы (341 педагог) ықпал етеді, ал 6%-ы (35 педагог) қарастырылмаған деген;

3) «Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?» деген тұжырымды 53%-ы (343 педагог) мүмкіндік береді деген, 6%-ы бермейді деп жауап берген;

4) «Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?» сауалы бойынша 58%-ы (370 педагог) мұндай дағдыны қалыптастыруға мүмкіндік береді деген, 2%-ы бермейді деп жауап берген;

5) «Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?» деген тұжырымды 56%-ы (361 педагог) ескерілген, 3%-ы (21 педагог) ескерілмеген деп жауап берген.

Қорытынды. «Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы» сауалына берілген жауаптар бойынша сауалнамаға қатысқан педагогтардың 50%-дан астамы көрсетілген мәселелердің ескерілгенін көрсетсе, мәселелердің орындалуына жартылай келіскен педагогтар үлесі 39% бен 41%-ды құрайды, ал тұжырымға келіспегендер үлесі 6%-дан аспаған. Демек, үлгілік оқу бағдарламасының білім алушылардың бойынша пән мазмұны арқылы құндылықтарды қалыптастыру туралы мәселе ескерілген деген қорытынды шығаруға болады.

4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 7-9-сыныптың «Физика» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 7-9-сыныпқа арналған «Физика» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің таңдау пәні бойынша тереңдетілген деңгейде 1сағаттан 2 сағатқа артырылды. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді.

Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1 тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау білім беру ұйымдарының басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.

«Физика» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 17 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер 4.1-кесте берілген.

4.1-кесте. Педагогтер туралы мәліметтер.


№	Өңірлер	Пайыздық құрамы
1	Ақмола облысы	15,0
2	Алматы қаласы	0,8
3	Алматы облысы	0,8

4	Атырау облысы	4,6
5	Қызылорда облысы	14,2
6	Маңғыстау облысы	3,8
7	Астана қаласы	0,8
8	Павлодар облысы	4,6
9	Солтүстік Қазақстан облысы	3,8
10	Жетісу облысы	2,5
11	Абай облысы	10,0
12	Жамбыл облысы	10,0
13	Батыс Қазақстан облысы	7,9
14	Қарағанды облысы	7,9
15	Түркістан	5,4
16	Ұлытау	3,3
17	Шығыс Қазақстан	2,1

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Қызылорда және Ақмола облысының педагогтері сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 14,2-15% құрап белсенді қатысты. Ал Астана қаласы, Алматы қаласы, Ақмола облысы, Алматы облысы, 0,8 құрады. Атырау облысы 4,6; Жамбыл облысы 10; Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы 14,2, Жетісу облысы 2,5; Абай облысы 10 бойынша пән мұғалімдерінің үлесі % құрады.

Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы 1-диаграммада толығырақ берілген.

4.1-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері (% көрсеткішпен)




Сауалнамаға қатысқан 7-9 сыныптарда сабақ беретін «Физика» пәні мұғалімдерінің көп саны 69,2% ауыл мектептерінің педагогтері, қалалық мектептердің педагогтері 26,3%, шағын жинақты мектеп педагогтерінің үлесі 4,6% көрсетті. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 4.2-диаграммада берілген.

4.2-диаграмма. Пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер



Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: педагогтердің 75 % – ы жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 12,9% – ы магистрлер, 11,7% – ы – бакалаврлар. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 4.3-диаграммада көрсетілген.

4.3-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі



Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша байқау сауалнамаларында 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес пән мұғалімдерімен оқу бағдарламасының мазмұны туралы сұрақтар берілді.

«Сізге қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді, оқыту мақсаттарын көрсетіңіз», деген сауалнама сұрағына педагогтер оқыту мақсаттары түсінікті, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған деп жауап берді. Өз жауаптарында бөлімдер мен тақырыптар жүйелі берілгенін көрсетті.

Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша жүргізілген талдау Негізгі орта білім беру деңгейінің «Физика» оқу пәнінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы арқылы оқу процесінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың жүзеге асырылуы және үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы шамамен орта есеппен 75,4% құрайтындығын көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 85,4 % қамтығанын көруге болады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша байқау нәтижелерінде «Сізге қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді көрсетіңіз?» деген сауал берілді. Оған сауалға жауап бергендердің 18 пайызы 9 сыныпта оқытылатын «Астрономия негіздері» бөлімін ондағы «Аспан сферасы, әр түрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау» тақырыптарын қиындық тудырған тақырыптар деп көрсетті.

Сонымен бірге аз пайызда болсада Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдер көрсетілген. Олар 4.2-кестеде берілген:

4.2-кесте. 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдер

Бөлім	Тақырыптар
Астрономия негіздері	Аспан сферасы; Өр түрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау.
Геометриялық оптика	Өр түрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы
Механика	Векторлар, Кинематика бөліміне кездесетін есептерді шығару; Динамика негіздері, көкжиекке бұрыш жасай лақтыру; электромагниттік тербелістер мен толқындар.
Тұрақты электр тогы.	Электр тогы; "Электрстатика зерттеу жұмысына сағат саны аз; магнит өрісі
Кванттық физика элементтері	Атом ядросы; Ядроның өзара әрекеттесу, ядролық күштер. Радиоактивті ыдырау заңы
	Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары туралы талдай келе пән мұғалімдері «Физика пәні бойынша оқулықтар жалпы күрделі, оқушылардың жас деңгейлеріне сай емес, ақпараттар өте көп, жаңа терминдер қолдану арқылы түсініксіздеу қабылданады. *Тілдік пән бойынша сөйлеу дағдыларын үйретуге мән берілмеген*; Олимпиада есептері. Қазақстанның ғылыми жетістіктері қамтылмаған» деп пікірлерін жазған.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында «Сізге қиындық тудырған оқыту мақсаттарын көрсетіңіз?» деген сауалға көптеген жауаптарда қиындық туғызған жоқ, мақсаттары айқын, түсінікті деп жауап берген. Сонымен бірге қиындық тудырған аз пайыз болсада оқыту мақсаттары жазылған. Ол 4.3-кестеде берілген.

4.3-кесте. 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында қиындық тудырған оқыту мақсаттары

Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
Астрономия негіздері	Жер және Ғарыш	7.7.1.2 Күн жүйесінің нысандарын жүйелеу
	Аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі	9.7.2.3 аспан сферасының негізгі элементтерін атау; 9.7.2.4 жұлдызды аспанның жылжымалы картасынан жұлдыздардың аспан координатасын анықтау;
	Өртүрлі географиялық ендіктегі аспан	9.7.2.5 әртүрлі ендіктегі жұлдыздардың шарықтау айырмашлығын түсіндіру;

	шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт	9.7.2.6 жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақытты сәйкестендіру
	Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары	9.7.2.7 Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру
	Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау	9.7.2.8 Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтығын немесе өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру
Тұрақты электр тогы	Берілмеген	Берілмеген
Механикалық қозғалыс	Берілмеген	Берілмеген
Кинематика негіздері	Берілмеген	Берілмеген
Атом ядросы	Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер.	9.6.1.8 ядролық күштер қасиеттерін сипаттау 9.6.1.9 атом ядросының масса ақауын анықтау
	Термоядролық реакциялар. Радиоизотоптар	9.6.2.6 ядролық ыдырау мен ядролық синтезді салыстыру.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша байқау нәтижелерінде пән мұғалімдері «Графиктік есептер шешу, Функционаллы сауаттылықты қалыптастыру, Ұлттық құндылықтарды дамыту, Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негіздеу; Зертханалық жұмыстар мен 9 сыныпта физикалық практикумды орындауда қиындықтар туындайтынына тоқталған..

5. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 7-9 сынып «Химия» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 7-9-сыныпқа арналған «Химия» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары бойынша

тереңдетілген деңгейде 1 сағаттан 2 сағатқа ұзартылды. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» пәнінен 2 сағатқа арналған үлгілік оқу бағдарламасы бойынша міндетті пән ретіндегі үлгілік оқу бағдарламасы негізге алынды.

Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1 тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау білім беру ұйымдарының басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.

«Химия» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 19 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер 5.1-кесте берілген.

5.1-кесте. Педагогтер туралы мәліметтер.

№	Өңірлер	Пайыздық құрамы
1	Астана қаласы	1,2
2	Алматы қаласы	0,6
3	Шымкент қаласы	0,6
4	Ақмола облысы	12,3
5	Алматы облысы	1,2
6	Атырау облысы	2,9
7	Батыс Қазақстан облысы	7,0
8	Жамбыл облысы	15,2
9	Қарағанды облысы	6,4
10	Қостанай облысы	3,5
11	Қызылорда облысы	7,6
12	Маңғыстау облысы	5,3
13	Павлодар облысы	7,0
14	Солтүстік Қазақстан облысы	3,5
15	Шығыс Қазақстан облысы	1,2
16	Ұлытау облысы	2,9
17	Жетісу облысы	4,1
18	Абай облысы	9,9
19	Түркістан облысы	7,6

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Ақмола және Жамбыл облысының педагогтері сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 27,5% құрап белсенді қатысты. Сауалнамаға қатысу бойынша Павлодар облысы, Түркістан облысы, Абай облысы, Маңғыстау облысы, Қызылорда облысы, Қарағанды облысынан қатысу үлесі 5,6 - 9,9 пайыз аралығында болды. Ал Астана қаласы, Алматы қаласы, Шымкент қаласы, Ақмола облысы, Алматы облысы, Атырау облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Ұлытау облысы, Жетісу облысы бойынша пән мұғалімдерінің үлесі 0,6- 4,1% аралығын ғана құрады.

Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы

5.1-диаграммада толығырақ берілген.

5.1-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері (% көрсеткішпен)



5.2-диаграмма Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер



Сауалнамаға қатысқан 7-9 сыныптарда сабақ беретін «Химия» пәні мұғалімдерінің басым бөлігі 64,9% ауыл мектептерінің педагогтері, қалалық мектептердің педагогтері 32,2%, шағын жинақты мектеп педагогтерінің үлесі 2,9 % көрсетті. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 5.2-диаграммада берілген.

Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері 5.3 диаграммада келтірілген.


5.3-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі



Диаграммадан көрініп тұрғандай: педагогтердің 76,6 % – ы жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 12,3% – ы магистрлер, 11,1% – ы – бакалаврлар.

Сауалнамаға қатысқан еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті. Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (38,6%) тәжірибелі мамандар болып табылады және 17,0% педагогтің 10-15 жылдық еңбек өтілі бар. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 15 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 34,0% және 27,5 % - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 5.4-диаграммада көрсетілген.

5.4-диаграмма Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің еңбек өтілі (%-көрсеткішпен)



Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу нәтижесінде пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог-модераторлар 26,9 % және педагог - сарапшылар 21,1 % құрағанын көруге болады. Педагогтердің үлесі 12,3%, педагог-зерттеушілер 18,7 %, санаты жоқ педагогтер 12,9 болды. Сонымен қатар, сауалнамаға педагог-шеберлер, 1-санатты педагогтер мен жоғары санаттағы педагогтердің қатысты. Бұл статистика 5.5-диаграммада айқын көрсетілген.

5.5-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаты (%-көрсеткішпен)



Педагог қызметкердің кәсібилігінің көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту.

Қазіргі уақытта педагогтардың біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» біліктілікті арттырудың Ұлттық орталығы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары. «Химия» пәні мұғалімдерінің соңғы 2021-2022 жылдарда біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 5.2-кестеде келтірілген.


5.2-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері(%-көрсеткішпен)

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	26,9	31,0	42,1

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	24,0	22,2	53,8
--	------	------	------

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 26,9 % бен 31 % аралығын қамтыса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 24,0% ды, ал 2022 жылы 22,2% қамтыған. Талдау нәтижесі 5.6-диаграммада берілген.

5.6-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер



Негізгі орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

7-9-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған «Химия» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының Негізгі орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі МЖМБС) талаптарына сәйкестігі бойынша сауалнама нәтижелері талданды.

Сауалнамаға сәйкес, Негізгі орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың «Химия» пәні мазмұны арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын талдау нәтижесі 5.3- кестеде көрсетілген.

5.3-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)


МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
-------	--------	--------	--------

Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік	78,9	17,5	1,2
Құрмет	70,2	20,5	0,6
Ынтымақтастық	76,0	18,7	0,6
Еңбек пен шығармашылық	72,5	19,9	1,2
Ашықтық	64,3	28,1	2,3
Өмір бойы білім алу	78,4	17,5	1,2

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылатынын педагогтердің 78,4 % өз жауаптарында көрсеткен.

Педагогтердің орта есеппен 20,4% ішінара жүзеге асырылатын белгілеген. Ал орта есеппен 1% жүзеге асырылмайды деп жауап берді. Талдау нәтижелері 5.7-диаграммада берілген.

5.7-диаграмма. МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы




МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 5.4-кестеде берілген.

5.4-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	70,8	27,5	1,8
Сөйлем құрылымы	61,4	36,8	1,8
Қолжетімділігі	64,3	33,9	1,8
Айқындылығы	60,8	36,8	2,3

Талдау нәтижесіне сәйкес 7-9-сыныптардағы «Химия» оқу пәні бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 64,3% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін өз жауаптарында белгілеген. Талдау нәтижелері 5.8-диаграммада берілген.

5.8-диаграмма. МЖМБС пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсініктілігі



МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- ✓ Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- ✓ Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- ✓ Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы


✓ Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;

Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 5.9-диаграммада берілген.

Пән мұғалімдерінің шамамен 62,5% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.

Орташа сәйкестігі туралы жауапты мұғалімдердің 35,9 % көрсетті.

5.9-диаграмма. МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі



МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі туралы сауалнамаға өз ойын білдірген оқытушылардың 60% күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігін растаған. 10% сұрақты бос қалдырса, 30% басқа бағытта жауап берген.

«Химия» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 5.5-кестеде берілген.

5.5-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	89,5	3,5	7,0

Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	88,3	5,8	5,8
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	75,4	6,4	18,1
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	81,3	7,0	11,7
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	65,5	22,2	12,3
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	67,8	19,3	12,9

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің 68,5% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:


- ✓ жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
- ✓ Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
- ✓ Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
- ✓ Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.

Сонымен қатар Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлардың қатарына оқытушылар қосымша келесі факторлардың әсер ететінін көрсеткен:

- білімді өмірмен ұштастыру
- ғылыми зерттеулерді балаға түсінікті деңгейде жасау
- дескриптерді дұрыс құра білу
- қайталауға баса назар аудару
- қолайлы орта ұйымдастыру
- оқытушының жүйелі дайындығы
- білім алушыларға мотивация беру.

Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар бойынша талдау нәтижелері 5.10-диаграммада берілген.

5.10-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



«Химия» оқу пәнінің өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Талдау нәтижесіне сәйкес 7-9-сыныптардағы «Химия» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді.

Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста болуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы және пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттарының көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі % көрсеткішпен 5.6-кестеде берілген.

5.6-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	67,3	29,8	2,9
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	58,5	36,3	5,3
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	59,1	36,3	4,7
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	57,3	38,0	4,7
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	60,2	34,5	5,3
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	49,1	42,1	8,8
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	60,2	35,7	4,1

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 58,8% пән мазмұнының негізгі талаптарға толық сәйкестігін көрсеткен.

Ішінара сәйкес келеді деген жауапты белгілеген мұғалімдердің үлесі орта есеппен 36,1% құрады. Талдау нәтижелері 5.11-диаграммада берілген.

5.11-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі



Сонымен қатар «Химия» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының артықшылықтары туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі 5.7-кестеде берілген.

7-9-сыныптардағы оқытылатын «Химия» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті.

Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 54,9 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім беру мазмұны практикалық

дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға және негізделгенін атап көрсеткен.

5.7-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Негізгі артықшылықтар	2 балл	1 балл	0 балл	пән мазмұнына қатысы жоқ
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	59,1	29,2	3,5	8,2
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	60,2	34,5	2,3	2,9
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	55,0	38,0	5,8	1,2
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	53,2	35,7	7,6	3,5
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	43,3	44,4	8,2	4,1
Жаратылыстану пәндері бойынша практикалық жұмыстар білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	58,5	31,0	8,2	2,3

Сонымен қатар, пән бойынша практикалық жұмыстар, жағдаяттық, жобалық зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген. Талдау нәтижелері 5.12-диаграммада берілген.

5.12-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары



Сондай-ақ оқытушылар қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді көрсетті. Соның ішінде жиі кездесетіні:

- «Термодинамика» - 31%,
- «Кинетика» -5%
- -10-11 сынып тақырыптары бойынша -13%.

Соның ішінде әсіресе Химия, Гесс заңы, Химиялық тепе-теңдік, Энтальпия, Энтропия, радиоактивтілік, Олеум, электролиз, галогеналкандар бөлімі, галогеналкандарды алу тақырыбы, Галваникалық элемент, стандартты электродтық потенциал, органика бөлімі бойынша тізбекті реакция арқылы есептеулер жүргізу, Карбонильді қосылыстар, альдегидтер мен кетондардың тотығу, нуклеофильді қосылу реакциялары, ядролық реакциялар, валентті электрон жұбы бұлттардың тебісу теориясы және т.б.

Қиындық тудырған мақсаттар:

9.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру

7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру;

Сонымен қатар білім алушылар үшін «Химия» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама сұрақтарына сәйкес талдау нәтижесі 5.8-кестеде берілген.

5.8- кесте- Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	59,6	33,9	6,4
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	56,7	37,4	5,8
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	56,7	34,5	8,8
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	58,5	37,4	4,1
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	57,3	39,8	2,9

Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағытталуы зерделенді. Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 57,8% оқу бағдарламасының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті. Талдау нәтижелері 5.13-диаграммада көрсетілген.

5.13-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы



Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша жүргізілген талдау Негізгі орта білім беру деңгейінің «Химия» оқу пәнінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы арқылы оқу процесінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың жүзеге асырылуы және үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы шамамен орта есеппен 59,6% құрайтындығын көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 57,8 % қамтығанын көруге болады.

6. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» оқу пәні

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

7-9-сыныптарына арналған «Биология» оқу пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 7-9 сынып «Биология» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 7-9-сыныпқа арналған «Биология» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары бойынша тереңдетілген деңгейде 1 сағаттан 2 сағатқа ұзартылды. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен 2 сағатқа арналған үлгілік оқу бағдарламасы бойынша міндетті пән ретіндегі үлгілік оқу бағдарламасы негізге алынды.

Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1 тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау білім беру ұйымдарының басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.

«Биология» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 19 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер б.1-кесте берілген.

6.1-кесте. Педагогтер туралы мәліметтер.

№	Өңірлер	Пайыздық құрамы
1	Астана қаласы	1,4
2	Алматы қаласы	1,4
3	Шымкент қаласы	1,4
4	Ақмола облысы	7,1
5	Алматы облысы	1,4
6	Атырау облысы	2,1
7	Батыс Қазақстан облысы	7,9
8	Жамбыл облысы	12,9
9	Қарағанды облысы	7,1
10	Қостанай облысы	4,3
11	Қызылорда облысы	7,1
12	Маңғыстау облысы	5,7

13	Павлодар облысы	7,9
14	Солтүстік Қазақстан облысы	4,3
15	Шығыс Қазақстан облысы	1,4
16	Ұлытау облысы	3,6
17	Жетісу облысы	5,0
18	Абай облысы	10,7
19	Түркістан облысы	7,1

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Абай және Жамбыл облысының педагогтері сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 23,6% құрап белсенді қатысты. Сауалнамаға қатысу бойынша Павлодар облысы, Түркістан облысы, Маңғыстау облысы, Жетісу облысы, Қызылорда облысы, Қарағанды облысынан қатысу үлесі 5,0 – 7,9 пайыз аралығында болды. Ал Астана қаласы, Алматы қаласы, Шымкент қаласы, Ақмола облысы, Алматы облысы, Атырау облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Ұлытау облысы, бойынша пән мұғалімдерінің үлесі 1,4- 4,3% аралығын ғана құрады.

Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы 1-диаграммада толығырақ берілген.

1-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері (% көрсеткішпен)



Сауалнамаға қатысқан 7-9 сыныптарда сабақ беретін «Биология» пәні мұғалімдерінің басым бөлігі 58,5% ауыл мектептерінің педагогтері, қалалық мектептердің педагогтері 35,1%, шағын жинақты мектеп педагогтерінің үлесі 5,8 % көрсетті. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 6.2-диаграммада берілген.


6.2-диаграмма Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер



Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері 6.3 диаграммада келтірілген.

Диаграммадан көрініп тұрғандай: педагогтердің 76,9 % – ы жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 15,4% – ы магистрлер, 7,7% – ы – бакалаврлар. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 6.3-диаграммада көрсетілген.


6.3-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі.



Сауалнамаға қатысқан еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті.

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (39,8%) тәжірибелі мамандар болып табылады және 13,5% педагогтің 10-15 жылдық еңбек өтілі бар. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 10 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер және 29,2 % - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 6.4-диаграммада көрсетілген.

6.4-диаграмма Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің еңбек өтілі (%-көрсеткішпен)



Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу нәтижесінде пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог-модераторлар 26,9 % және педагог - сарапшылар 21,1 % құрағанын көруге болады. Педагогтердің үлесі 12,3%, педагог-зерттеушілер 18,7 %, санаты жоқ педагогтер 12,9 болды. Сонымен қатар, сауалнамаға педагог-шеберлер, 1-санатты педагогтер мен жоғары санаттағы педагогтердің қатысты. Бұл статистика 6.5-диаграммада айқын көрсетілген.

6.5-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаты (%-көрсеткішпен)



Педагог қызметкердің кәсібилігінің көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту.


Қазіргі уақытта педагогтардың біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» біліктілікті арттырудың Ұлттық орталығы және және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары. «Биология» пәні мұғалімдерінің соңғы 2021-2022 жылдарда біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 6.2-кестеде келтірілген.

6.2-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері(%-көрсеткішпен)

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	26,3	29,2	44,4
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	24,6	23,4	52,0

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 26,3 % бен 29,2 % аралығын қамтыса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 24,6% ды, ал 2022 жылы 23,4% қамтыған. Талдау нәтижесі 6.6-диаграммада берілген.

6.6-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер



Негізгі орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

7-9-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған «Биология» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының Негізгі орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі МЖМБС) талаптарына сәйкестігі бойынша сауалнама нәтижелері талданды.

Сауалнамаға сәйкес, Негізгі орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық

құндылықтардың «Биология» пәні мазмұны арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын талдау нәтижесі 6.3- кестеде көрсетілген.

6.3-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік	77,8	18,7	1,2
Құрмет	69,0	21,6	0,6
Ынтымақтастық	74,9	19,9	0,6
Еңбек пен шығармашылық	71,3	21,1	1,2
Ашықтық	63,2	29,2	2,3
Өмір бойы білім алу	77,2	18,7	1,2

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылатынын педагогтердің 78,4 % өз жауаптарында көрсеткен.

Педагогтердің орта есеппен 20,4% ішінара жүзеге асырылатын белгілеген. Ал орта есеппен 1% жүзеге асырылмайды деп жауап берді. Талдау нәтижелері 6.7-диаграммада берілген.

6.7-диаграмма. МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы




МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 6.4-кестеде берілген.

6.4-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	71,3	26,9	1,8
Сөйлем құрылымы	59,1	39,2	1,8
Қолжетімділігі	64,9	33,3	1,8
Айқындылығы	58,5	38,0	2,9

Талдау нәтижесіне сәйкес 7-9-сыныптардағы «Биология» оқу пәні бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 63,5% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін өз жауаптарында белгілеген. Талдау нәтижелері 6.8-диаграммада берілген.

6.8-диаграмма. МЖМБС пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсініктілігі



МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- ✓ Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- ✓ Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- ✓ Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы

✓ Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;

Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 6.9-диаграммада берілген.

Пән мұғалімдерінің шамамен 61,8% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.

Орташа сәйкестігі туралы жауапты мұғалімдердің 36,6 % көрсетті.

6.9-диаграмма. МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі



МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі туралы сауалнамаға өз ойын білдірген оқытушылардың 60% күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігін растаған. 10% сұрақты бос қалдырса, 30% басқа бағытта жауап берген.

«Биология» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 6.5-кестеде берілген.

6.55-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге киналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	88,9	4,1	7,0

Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	87,1	5,8	7,0
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	75,4	6,4	18,1
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	81,3	7,0	11,7
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	65,5	22,2	12,3
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	67,8	19,3	12,9

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- ✓ жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
- ✓ Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
- ✓ Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
- ✓ Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген. бойынша талдау нәтижелері 6.10-диаграммада берілген.

6.10-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



«Биология» оқу пәнінің өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы

бойынша

Талдау нәтижесіне сәйкес 7-9-сыныптардағы «Биология» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді.

Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста болуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы және пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттарының көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі % көрсеткішпен 6.6-кестеде берілген.

6.6-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі

МЖМББС	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	67,3	29,8	2,9
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	58,5	36,3	5,3
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	59,1	36,3	4,7
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	57,3	38,0	4,7
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	60,2	34,5	5,3
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	49,1	42,1	8,8
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	60,2	35,7	4,1

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 58,8% пән мазмұнының негізгі талаптарға толық сәйкестігін көрсеткен.

Ішінара сәйкес келеді деген жауапты белгілеген мұғалімдердің үлесі орта есеппен 36,1% құрады. Талдау нәтижелері 6.11-диаграммада берілген.

Сонымен қатар «Биология» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының артықшылықтары туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі 6.7-кестеде берілген.

7-9-сыныптардағы оқытылатын «Биология» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті.

Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 54,9 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға және негізделгенін атап көрсеткен.

6.11-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі




6.7-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Негізгі артықшылықтар	2 балл	1 балл	0 балл	пән мазмұнына қатысы жоқ
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	59,1	29,2	3,5	8,2
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	60,2	34,5	2,3	2,9
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	55,0	38,0	5,8	1,2

Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	53,2	35,7	7,6	3,5
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	43,3	44,4	8,2	4,1
Жаратылыстану пәндері бойынша практикалық жұмыстар білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	58,5	31,0	8,2	2,3

Сонымен қатар, пән бойынша практикалық жұмыстар, жағдаяттық, жобалық зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген. Талдау нәтижелері 6.12-диаграммада берілген.

6.12-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары



Сонымен қатар білім алушылар үшін «Биология» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама сұрақтарына сәйкес талдау нәтижесі 6.8-кестеде берілген.


6.8- кесте- Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
-----------------------------------	--------	--------	--------

Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	58,5	35,1	6,4
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	55,6	38,6	5,8
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	55,6	35,7	8,8
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	59,6	36,8	3,5
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	58,5	39,2	2,3

Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағыттылығы зерделенді. Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 59,6% оқу бағдарламасының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті. Талдау нәтижелері 6.13-диаграммада көрсетілген.

6.13-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы



Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша

жүргізілген талдау Негізгі орта білім беру деңгейінің «Биология» оқу пәнінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы арқылы оқу процесінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың жүзеге асырылуы және үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы шамамен орта есеппен 58,5% құрайтындығын көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 57,8 % қамтығанын көруге болады.

7. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні

Орта білім беруді қамтамасыз етуші негізгі ресурстық құралдар - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары – үлгілік оқу жоспары - үлгілік оқу бағдарламалары болып табылады. Үстіміздегі жылдың 3 тамызында №348 бұйрықпен МЖМББС, 16 қыркүйегінде №399 бұйрықпен Үлгілік оқу бағдарламалары, 30 қыркүйегінде №412 бұйрықпен Үлгілік оқу жоспарлары бекітіліп қолданысқа енгізілген болатын. Аталған ресурстық құралдар орта білім беру ұйымдарында апробациядан өткізілуде. Соның I тоқсандағы нәтижесі туралы сараптамалық талдау жүргізу мақсатында тарих пәні мұғалімдермен сауалнама өткізілген. Аталған ресурстық құралдарды апробациядан өткізу қорытындысы бойынша еліміздің бірқатар өңірлерінің тарих пәні мұғалімдеріне сауалнама қатысып жауап берді. Педагогтер туралы мәліметтер 7.1-диаграммада берілген.



7.1-диаграмма. Педагогтер туралы мәліметтер.

Еліміздің республикалық маңызы бар Астана, Алматы қалалары мен 17

облысынан тарих пәні мұғалімдері қатысқан. Республикалық маңызы бар қала және облыстар бөлісінде қарайтын болсақ: Астана қ.-8; Алматы қ.-3; Ақмола обл-88; Алматы обл-7; Атырау обл-18; БҚО-16; Жамбыл обл- 45; Қарағанды обл-22; Қостанай обл-13; Қызылорда обл-50; Маңғыстау обл-21; Павлодар обл-22; СҚО-15; ШҚО-17; Ұлытау обл-7; Жетісу обл-15; Абай обл-38; Түркістан обл-24 респондент қатысқан.

Сауалнамаға қатысқан ең белсенді өңір Ақмола облысы 88, Қызылорда облысы 50, ең енжар қатысқан Алматы қаласы 3, Алматы және Ұлытау облысы 7, мүлде қатыспай бейтарап қалған Ақтөбе облысы мен Шымкент қаласы ұстаздары болып отыр. Сонын ішінде 290 ұстаз ауыл, 124 ұстаз қала және 13 ұстаз шағын жинақы мектептерден қатысқан (7.2-диаграмма).

7.2-диаграмма. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер



Сонын ішінде, тарих пәні мұғалімдерінің 311-і жоғары білімді, 52 бакалавр, 16 магистр, 10 арнаулы орта білім бар болып шықты (3-диаграмма). Еліміздің орта білім беру ұйымдарында қызмет ететін тарих мұғалімдерінің ішінде орта арнаулы біліммен тарих пәнінен сабақ беріп жүрген ұстаздар бар екендігін де көруге болады. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 7.3-диаграммада көрсетілген.

7.3-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі




Респонденттердің еңбек өтілін көре отырып, жас құрылымын анықтай аламыз. Кадрлардың табиғи қартаюу қатары аясы жас мамандармен толығып отыр. Кестеге қарай отырып, сауалнамаға жауап берген тарих пәні мұғалімдерінің ең басым 15-одан жоғары еңбек өтілі бар мамандар 165 адам болса, екінші қатарда 1-5 жыл еңбек өтілі бар мамандар яғни, 110 адамды құрап отыр. 5-10 жыл еңбек өтілі бар 67, 10-15 жыл еңбек өтілі бар мамандар 85 екен (4-диаграмма). Бұл көріністен орта білім беру ұйымдарындағы соңғы екі-үш жылда жас мамандар саны басымдыққа жетіп отырғаны көрінеді.



7.4-диаграмма. Педагогтердің еңбек өтілі

Сауалнама нәтижесінде, өңірлер бойынша тарих пәні мұғалімдерінің құрамы мен сапасын да анықтаудың мүмкіндігі туды. Төмендегі диаграммадан көргеніміздей респонденттердің жоғары санатты 5, бірінші санатты 24, екінші санатты 17, санатсыз 79 ұстаз болса, педагог шебер 5, педагог-зерттеуші 49, педагог-сарапшы 102, педагог-модератор 93, педагог 53 ұстазды құрап отыр (5-диаграмма).




7.5-диаграмма. Педагогтердің біліктілік санаты.

2021 және 2022 жылдар аралығында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы және «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ базасында пән мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстары өткізілді. Осы жылдар аралығында республиканың курстардан өткен тарих пәні мұғалімдерінің басым бөлігі «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ базасынан өткен екен.

Респонденттердің басым көпшілігінің жауабы бойынша 2021 жылы «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ базасынан 134, 2022 жылы 174 ұстаз әртүрлі тақырыптардағы біліктілікті арттыру курстарынан өткен (6-диаграмма).

Ал, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығынан 2021 жылы 97 ұстаз, 2022 жылы 78 ұстаз түрлі тақырыптарда біліктілік арттыру курстарынан өткендігін көре аламыз. Сауалнамаға қатысқан ұстаздарың 370-і 2021 және 2022 жылдар аралығында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы және «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ базасында өткен біліктілікті арттыру курстарынан өтпеген.



7.6-диаграмма. Біліктілікті арттыру курстары

МЖМББС жүзеге асырылуы тұрғысында жасалған сауалнамаға респонденттердің берген жауаптары әртүрлі болып табылады. «Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде қаншалықты жүзеге асырылады?»-деген сауалға 428 респонденттердің жауаптары төмендегідей болып отыр.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік» жүзеге асырылады деп 201 адам берсе, ішінара жүзеге асырылады деп 56 адам, 4 адам жүзеге асырылмайды деген жауап берген.

«Құрмет» құндылығы оқу үдерісінде жүзеге асырылады деп 270 адам, 97

адам ішінара жүзеге асырылады, 6 адам еш жүзеге асырылмайды деген жауап берген.

«Ынтымақтастық» құндылығына 294 адам жүзеге асырылады, 95 адам ішінара жүзеге асырылады, 3 адам жүзеге асырылмайтындығын атап өткен.

«Еңбек пен шығармашылық» құндылығына 307 адам жүзеге асырылады, 93 ішінара жүзеге асырылады деп жауап берсе, 2 адам жүзеге аспайды деген.

«Ашықтық» құндылығын 246 адам жүзеге асырылады, 125 адам ішінара жүзеге асырылады, 18 адам жүзеге асырылмайды деп жауап берген.

«Өмір бойы білім алу» дегенге 293 адам жүзеге асырылады, 104 адам ішінара жүзеге асырылады, 3 адам жүзеге асырылмайды деген жауаптарын берген екен (7.2-кесте).

7.2-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты	жүзеге асырылады	ішінара жүзеге асырылады	жүзеге асырылмайды
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	201	56	4
Құрмет	270	97	6
Ынтымақтастық	294	95	3
Еңбек пен шығармашылық	307	93	2
Ашықтық	246	125	18
Өмір бойы білім алу	293	104	3


Осы аталған жауаптарын респонденттер әртүрлі жауаптармен негіздеген. Көпшілігінің жауаптары «білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар күнделікті сабақ беру процесі кезінде және сыныптан тыс жұмыстар кезінде жүзеге асырылады»-деген түрде негіздеген.

Мұғалімдердің арасында аталған құндылықтарды жүзеге асыру үшін «Мұғалімнің жауапкершілігі болуы керек және үнемі білімін көтеру керек», «Тарих пәні біліммен қатар жоғарыда айтылған құндылықтарды білім алушыларға жүзеге асырады», «Білім берудегі айқындалған құндылықтарды тарих пәнінде дарыту білім алушыларға барынша оң нәтижесін береді»-деген сынайлы жауаптармен де негіздеген.

Әрине, көпшіліктің арасында жағымсыз да жауаптар берілген. Респонденттердің арасында «жүйе жоқ», «жүзеге асырылмайды», «орташа деңгейде», «біліктілік жеткіліксіз әрі шетелден аударма бағдарлама болған соң аудармалар түсініксіз деген жауаптар берілген.

Сонымен қатар техникалық мүмкіндіктер аз және мұғалімге физикалық тұрғыда ауыр», «еш жағдай жасалмаған» т.б. сияқты да жауаптар берген ұстаздар да бар. Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБСда айқындалған базалық

құндылықтар оқу процесінде пән мазмұны арқылы жүзеге асырылатынын талдау нәтижелері 7.7-диаграммада берілген.



7.7-диаграмма. Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы.


«Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарындағы оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілген бе?»-деген сауалға респонденттердің жауаптары да әртүрлі болып келеді.

«Күтілетін нәтижелер тұжырымы» түсінікті тілде берілген деген 306 респондент түсінікті, 144 респондент орташа түсінікті десе. 7 респондент түсініксіз деген жауап берген екен. «Сөйлем құрылымы» түсінікті тілде берілген деген 284 түсінікті, 133 орташа түсінікті деген ұпай берсе, ал, 10 адам түсініксіз деген. «Қолжетімділігі» деген сауалға 274 адам түсінікті, 144 адам орташа түсінікті, 9 адам түсініксіз деген жауап берген. «Айқындылығы» дегенге, 275-і түсінікті, 143-ы орташа түсінікті, 9-ы түсініксіз (8-диаграмма) деген жауап берген. Бұдан шығатын қорытынды басым көпшілігі МЖМББС оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелері түсінікті тілде берілген-деген екен.

7.3-кесте. «Күтілетін нәтижелер тұжырымы» түсінікті тілде берілуі


Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты	түсінікті	орташа түсінікті	түсініксіз
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	306	144	7
Сөйлем құрылымы	284	133	10
Қолжетімділігі	274	144	9
Айқындылығы	275	143	9

Талдау нәтижелері 7.8-диаграммада берілген.



7.8-диаграмма. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарындағы оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілуі.

«МЖМБС пән бойынша күтілетін нәтижелер келесі аспектілерге қаншалықты сәйкес келеді?» -деген сауал бойынша талдау нәтижелері 7.9-диаграммада берілген.



7.9-диаграмма. МЖМБС пән бойынша күтілетін нәтижелер негізгі

бағыттарға сәйкестігі

Талдау нәтижесі: «Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы» деген сауалға 287-сі сәйкес келеді, 133-і сәйкестігі орташа, 7-і сәйкес келмейді-деген сынайлы жауаптар берген. «Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі» деген сауалға 287-сі сәйкес келеді, 142-і сәйкестігі орташа, 4-і сәйкес келмейді-деген жауап берді. «Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы» дегенге 264 сәйкес келеді, 153 орташа, 10 сәйкес келмейді деген жауап аламыз. «Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету» деген сауалымызға 286-і сәйкес келеді, 133-і орташа сәйкес келеді, 8-і сәйкес келмейді деген жауаптарын берген. «Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету» деген сауалға респонденттердің 270-і сәйкес келеді, 145-і орташа сәйкес келеді, 12-і сәйкес келмейді-деген жауаптар берген (7.9-диаграмма).

Аталған жауаптарына респонденттерге жоғарыдағы жауабыңызды негіздеңіз деген сауалға біршамасы «МЖМББС-дағы аспектілер толығымен сәйкес келді», «толықтай сәйкес келеді», «күтілетін нәтижелері заман талабына сай», «Пән бойынша стандарт орындалып нәтижесі көрінуде», «МЖМББС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер шындалған», «оқыту мен тәрбиелеудің тұтастығы қамтамасыз етіледі деп ойлаймын» деген ойлармен негіздейді.


7.4-кесте.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты	сәйкес келеді	сәйкестігі орташа	сәйкес келмейді
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	287	133	7
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	287	142	4
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	264	153	10
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	286	133	8
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	270	145	12

Көпшілік ұстаздар арасында жағымсыз жауаптар берген респонденттер де баршылық. Респонденттердің арасында «орта деңгейде», «өмірге емес, ғылымға негізделген оқушыларға күрделі», «орташа деңгейде», «орташа түсінікті», «нәтиже орташа, осыдан жоғары нәтиже күтемін» т.б. сияқты да жауаптар берген ұстаздар бар.

«Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз» сауалына ұсынылған жауаптарды талдайтын болсақ, «әсер етеді» жауабын респонденттердің басым бөлігі таңдаған. Әр сауалдың бөлінісінде қарасақ, «Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі» сауалына «әсер етеді» деп басым көшілігі яғни, 372 респондент жауап берген. 19-ы «кері әсер етеді» деп жауап берсе, 36-сы жауап беруге қиналған екен.

«Білім алушылардың оқуға белсенділігінің төмендеуі» сауалына 287-і «әсер етеді», 81-і «кері әсер етеді» деген жауап берсе, 59-ы жауап беруге қиналған. «Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы» сауалына 290-ы «әсер етеді», 81-і «кері әсер етеді» деген жауап алсақ, 56-ы жауап беруге қиналған. «Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу» сауалына 349-ы «әсер етеді», 24-і «кері әсер етеді» деген жауап алсақ, 54 адам жауап беруге қиналады. «Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыпты тереңірек зерделеу» сауалынан 369-ынан «әсер етеді», 15-нен «кері әсер етеді» деген жауап алынған болса, 43 -іне жауап беру қиындық тудырған. «Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту» сауалына 362-сі «әсер етеді», 23-і «кері әсер етеді» десе, 42-сі жауап беруге қиналады (7.10-диаграмма).



7.10-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар.

Бұл жерде басым көпшілігі оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін фактор бола алатындығын көрсеткен.

Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ете алады-ау деген факторларды ұсыныңыз деп сауал қойған кезде, респонденттер түрлі-түрлі факторларды ұсынған. Біреулер «АКТ қолдану оқушылардың білім сапасын арттыруына әсері мол», «Заман талабына сай мазмұны қысқа, нақты деректер, тарихи тұлғаларға басымдық беру», «Білім алушылар өздерінің көп уақытын сүйікті пәндеріне арнаулары қажет», «Қоғамның білімді азаматтарды қажет етуі, азаматтардың білімге деген сұранысы, ата-аналардың балаларға білім беру сұранысына сай болуы», «Білім беру үшін көптеген әдіс-тәсілдер жеткілікті», «Оқушылар өз білімдерін жетілдіру үшін қосымша мәліметтермен жұмыс

жасауы керек» және тағы басқа сияқты ұсыныстарын жолдаған. Талдау нәтижелері 7.5 кестеде берілген.

7.5-кесте. Білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар.

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге киналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	369	15	43
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	372	19	36
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	349	24	54
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	362	23	42
Білім алушылардың оқуға белсенділігінің төмендеуі	287	81	59
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	290	81	56

Әрине, тарих пәні ұстаздары арасында теріс жауап бергендері де бар. Яғни, біршама респонденттер жағымсыз жауап қатқанын көре аламыз. Солардың ішінде «Бағдарлама мен оқулықтың сәйкес болмауы керіс әсер етіп отыр», «Оқулықтарда керекті ақпараттардың аз болуы», «толып кеткен сайыстар балалардың көңілін білім әлемінен алшақтатады. Себебі сайыстар сабақ уақытында болады. Сабақты қалдыртумен бір бөлек, облыстық сайыстар әділетсіз жүреді. Бала рухы төмендейді» деген сияқты жауаптарда берілген. Әрине, бұл сауалнама арқылы білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлардың нақты бейнесін көре алмаймыз.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары бойынша талдау нәтижелері 7.11-диаграммада берілген.



7.11- диаграмма. Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Талдау нәтижесі: Үлгілік оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары қандай?-деген сауалға респонденттердің жауабын төмендегі кестеден көре аламыз. Үлгілік оқу бағдарламасындағы білім беру мазмұны «білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған» деген сауалға респонденттердің басым көпшілігі яғни, 422-сі жауап берген (7. 11-диаграмма). «Білім мазмұнында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша зерттеу сұрақтары, жобалық зерттеу жұмыстары жеткілікті қамтылған» деген сауалға да респонденттердің басым көпшілігі яғни, 419-ы оң жауабын берген. «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді» деген сауалға 416-ы респондент жауап берсе, «Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген» деген сауалға 415 респондент жауап берген. «Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген» деген сауалға 412-і респондент жауап бергенін көре аламыз (7.11-диаграмма).

7.6-кесте. Үлгілік оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары

ҮОБ негізгі артықшылықтары	2 балл	1 балл	0 балл
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	288	130	4
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	259	151	6
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	240	159	13
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	249	152	14
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	212	178	24
Білім мазмұнында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша зерттеу сұрақтары, жобалық зерттеу жұмыстары жеткілікті қамтылған	246	157	16


Бұдан шығатын қорытынды сауалнамаға жауап берген респонденттердің басым көпшілігі білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары «толық» бар (7.6-кесте) деген.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің оқытылуын, пайымдарыңызды бағалау шкаласы бойынша белгілеңіз деген сауал бойынша басым көпшілігі яғни, 1871 респондент «толық» екендігін анықтаған. Әр сауал бөлінісінде қарастыратын болсақ. «Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді» деген сауалға 295-і «толық сәйкес келеді», 120-сы «ішінара байқалады», 12-сі «байқалмайды» деген жауабын берген. Яғни, бұдан шығатын қорытынды Үлгілік оқу бағдарламасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес келетіндігін (7.7-кесте) дәлелдейді.

7.7-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі

Үлгілік оқу бағдарламасы	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	295	120	12
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	270	141	16
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	253	153	21
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	248	162	17
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	262	148	17
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	278	138	11
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	265	151	11
Барлығы	1871	1013	122

«Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты» деген сауалға респонденттердің 270-сі «толық сәйкес келеді», 141-і «ішінара байқалады», 16-сы «байқалмайды» деген жауабын берген. «Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді» деген сауалға 253-і «толық сәйкес келеді», 153-і «ішінара байқалады», 21-і «байқалмайды» деген. «Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған» деген сауалға 248-і «толық сәйкес келеді», 162-і «ішінара байқалады», 17-і «байқалмайды» деген сынайлы жауаптарын берген. «Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған» деген тәрізді сауалға респонденттердің 262-і «толық сәйкес келеді», 148-і «ішінара байқалады», 17-і «байқалмайды» деген. «Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан» деген сауалға 278-і «толық сәйкес келеді», 138-і «ішінара байқалады», 11-і «байқалмайды» деген тәрізді жауаптарын берген (7.12-диаграмма).



7.12-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға

сәйкестігі


«Қазақстан тарихы» оқу пәнінде қиындық тудыратын тақырыптар мен бөлімдер қандай? деген сауалнамаға жауап берген ұстаздарымыз түрлі көптеген жауаптар берген екен. Солардың ішінде атап өтетін болсақ, «Отарлау және ұлт-азаттық қозғалыс», «Кеңестік Қазақстанның мәдениеті», «Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы», «Қазақ хандығы», «XX ғасыр басындағы Қазақстан», «1917 жылғы Ақпан буржуазиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері», «XIX ғ. II жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-территориялық реформалар», «Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт азаттық қозғалыс», «Тәуелсіздік жолындағы көтерілістер», «Ежелгі мемлекеттер тарихы, қоғамдық құрлысы», «XX ғасырдағы Қазақстанның әлеуметтік - экономикалық және саяси дамуы» тағы басқа сияқты тақырыптар мен бөлімдер қиындық тудырады деген жауапты басым көпшілігі берген.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнін меңгертуге қиындық тудырған оқыту мақсаттарын атап өтіңіз деген сауалға респонденттер төмендегідей жауаптарын берген. «7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау», «8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау», «8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру» тағы басқа сияқты оқыту мақсаттары оқу пәнін меңгеруге сабақ барысында қиындық тудырады деп сауалнамаға жауаптарын берген болатын.

«Қазақстан тарихы» пәнінің оқу бағдарламасы мазмұнын жетілдіруге қандай ұсыныс бересіздер? деген сауалға респонденттердің жауаптары да әртүрлі, алақұла болып келеді. «Тақырыптарды ықшамдап нақты мәліметтер берілсе», «Оқу бағдарламасына оқулықтардың сәйкессіздігінен жүйе жоқ», «Тарихтағы адамның пайда болуы тақырыптары сәйкестендіру қажет», «Тақырыптардың мазмұны түсінікті етіп берілсе», «Оқыту мақсаттарын жүзеге асыруға көбірек сағат берілсе», «XX ғасырдағы Қазақстан тарихын тереңірек оқытуға мән берілсе», «Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негіздеу», «Жүйелілік сақталса, мақсаттар қысқа, нақты болу керек», «Демографиялық өзгерістерді терең зерделеу», «Оқу мақсаттарын тым күрделендірмей, жалпы оқушылар түсінетіндей етіп жасаса екен» деген сияқты ұсыныстарын берген.

Үлгілік оқу бағдарламасының құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді ме? -деген сауалға респонденттердің жауабын төмендегі кестеден көре аламыз. «Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?»-деген сауалымызға респонденттердің басым көпшілігі 281 адам «толық қалыптастырады» деген жауабын берсе, 137-і «орташа қалыптастырады», 9-ы «қалыптастырмайды» деген жауаптарын берген. «Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?» деген сауалға 281-і «толық қалыптастырады», 133-і «орташа қалыптастырады», 13-і «қалыптастырмайды» деген жауап берген. «Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?» деген сауалға респонденттердің 275-і «толық қалыптастырады», 142-і «орташа қалыптастырады», 10-ы «қалыптастырмайды» деген. «Бағдарлама білім

алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?» деген сауалға 271-і «толық қалыптастырады», 137-і «орташа қалыптастырады», 19-ы «қалыптастырмайды» десе, «Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?» деген сауалға 278-і «толық қалыптастырады», 138-і «орташа қалыптастырады», 11-і «қалыптастырмайды» дегендей жауаптарын бергендігін байқаймыз (7.13-диаграмма).



7.13-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы

«Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы» деген сауалға жауап берген 213 респонденттің 1386-сы «толық», 687-сі «орташа», 62 «жоқ» деген жауаптарынан оқу бағдарламасының құндылықтар мен тәрбиелік әлеуетінің қалыптастыратындығы көрініс тапты. Талдау нәтижелері 7.8-кестеде берілген.

7.8-кесте. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	281	137	9
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	281	133	13
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	275	142	10
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	271	137	19
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	278	138	11
Барлығы	1386	687	62


3. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ МЖББС, ҮОЖ ЖӘНЕ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АПРОБАЦИЯДАН (БАЙҚАУДАН) ӨТКІЗУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП

10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы оқу пәндері бойынша

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогикалық жұртшылықтың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы Шетел тілі (екінші) Ағылшын тілі, Шетел тілі (екінші) Француз тілі, Шетел тілі (екінші) Неміс тілі, Алгебра және анализ бастамалары, Физика, Химия, Биология, География, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері пәндері мұғалімдері арасында жүргізілді. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖМБС) сынақтан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен 429 педагог қатысты.

1.1-диаграмма. Өңірлер бөлінісіндегі сауалнамаға жауап берген пән мұғалімдерінің саны




Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Жамбыл облысының (74 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 17,2%), Қызылорда облысы (65 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 15%), Ақмола облысы

(52 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 12%), Түркістан облысы (46 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 10,7%), Абай облысы педагогтері (38 педагог, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 8,8%) белсенді қатысты. Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы 1-диаграммада толығырақ берілген.

Пән мұғалімдерінің көп саны (283 адам, 66%) ауыл мектептерінің педагогтері, қалалық мектептердің педагогтері 146 адам (34%), шағын жинақты мектеп педагогтерінің ең аз саны – 5 адамды (1%) құрады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыты пәндері бойынша педагогтерінің үлесі 1.2-диаграммада берілген.




Талдау нәтижесіне сәйкес, сауалнамаға қатысқан қоғамдық-гуманитарлық бағыты пәндері бойынша педагогтерінің үлесінің басым санын «Шетел тілі» Ағылшын тілі (екінші тіл) пәні педагогтері 48,6 %, «Дүниежүзі тарихы» пәні педагогтері 13,8 %, «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінің мұғалімдері 11,7 % қамтыды.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан педагогтердің аз саны «Француз тілі» (екінші тіл), «Неміс тілі» (екінші тіл), «Биология» және «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша 3,6 % мен 0,6% құрағанын көруге болады.

«Физика», «Химия» және «География» оқу пәндері бойынша сауалнамаға қатысқан педагогтердің орташа үлесі 7,3 % пен 4,8% көрсетті.

Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: педагогтердің 0,9% – ы (358 адам) жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 15,8% – ы (33 адам) магистрлер, 9% – ы (68 адам) – бакалаврлар.

Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері
1.3-диаграммада көрсетілген.



Сауалнамаға қатысқан еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерінің контингентін зерттеу 1.1-кестеде көрсетілген.


Кесте 1.1. Еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерін талдау.

№	Еңбек өтілі	Педагогтер саны	%
1	1-5 жыл	72	14%
2	5-10 жыл	83	16,7%
3	10-15 жыл	88	20,5%
4	15 жылдан жоғары	186	43,3%
	Барлығы:	429	

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (43,3%) тәжірибелі мамандар болып табылады және 20,5% педагогтің 10-15 жылдық еңбек өтілі бар. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 15 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер (16,7%) және 14% - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 1.4-диаграммада көрсетілген.



Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог сарапшылар (125 адам) мен педагог модераторлар құрады, ал 49 педагогтің (49 адам, 11,4%) біліктілік санаттары жоқ немесе жаңа біліктілік санаттарына ауыспағанын көрсетті. Бұл статистика 1.5-диаграммада айқын көрсетілген.



Педагог қызметкердің кәсібилігінің тағы бір маңызды көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту.

Бүгінгі таңда ҚР-да педагогтардың біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» БАҰО және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 1.2-кестеде келтірілген.

1.2-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 год	2022 год
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	33,7%	30 %

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	27%	9,9 %
--	-----	-------

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 33,7% мен 30 % аралығын қамтыса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 27% ды, ал 2022 жылы 9.9% қамтыған.

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі МЖМБС), Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі, Шетел тілі (екінші). Француз тілі, Шетел тілі (екінші). Неміс тілі, «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша сауалнама нәтижелері пәндер бойынша жеке-жеке талданды.

Білім мазмұны бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілген Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі, Шетел тілі (екінші). Француз тілі, Шетел тілі (екінші). Неміс тілі, «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерінің педагогтерінің пән мазмұнында Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы туралы талдау нәтижесі 1.3- кестеде көрсетілген.

1.3-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	76,7	22,4	1
Құрмет	75	24	0,8
Ынтымақтастық	75,5	23	0,8
Еңбек пен шығармашылық	78,4	20,6	2
Ашықтық	65,6	30	4,6
Өмір бойы білім алу	79,1	19,9	1

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде 65,6 мен 79,1% аралығында жүзеге асырылатынын көрсетті.

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 1.4-кестеде берілген.

1.4-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	73	25	2
Сөйлем құрылымы	62	36	2
Қолжетімділігі	62	35	3
Айқындылығы	61	36	3

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі, Шетел тілі (екінші). Француз тілі, Шетел тілі (екінші). Неміс тілі, «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша пән мұғалімдерінің шамамен 70% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін көрсетті.

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- ✓ Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- ✓ Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- ✓ Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы
- ✓ Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- ✓ Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 1.5-диаграммада берілген.



Пән мұғалімдерінің шамамен 65% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес деген жауапты белгілеген.

Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 5-кестеде берілген.

1.5-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	88,2	1,4	10,4
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	87,1	4,4	8,5
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	63,8	20	16,2
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	82,7	5,5	11,8
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	79,5	6	14,5
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	69,6	18	12,4

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің 75% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
- Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
- Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
- Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.

Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі, Шетел тілі (екінші). Француз тілі, Шетел тілі (екінші). Неміс тілі, «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді. Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы, пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі 1.6-кестеде берілген.

1.6-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі

МЖМББС	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	70	29	0,9
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	58	40	2
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	60,6	35,7	3,7
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	59,4	38	2,5
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	63,6	33,2	3,2
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	61,3	36,4	2,3
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	63,4	35,3	1,4

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің шамамен 60% пән мазмұнының негізгі талаптарға сәйкестігін көрсеткен.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама сұрақтарына сәйкес талдау нәтижесі 1.7-кестеде берілген.

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	62	35,3	2,8
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	61,1	37,1	1,8

Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	62,2	35,9	1,8
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	61,1	36,2	2,8
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	60,4	37,6	2,1

Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағытталығы зерделенді. Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің 61% оқу бағдарламасының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті.

Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесіне сәйкес жүргізілген талдау Жалпы орта білім беру деңгейінің Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі, Шетел тілі (екінші). Француз тілі, Шетел тілі (екінші). Неміс тілі, «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша оқу процесінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың жүзеге асырылуы және үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы шамамен орташа 60% құрайтындығын көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 63,6 % қамтығанын көруге болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы оқу пәндері бойынша

Жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу

қорытындысы бойынша педагогикалық жұртшылықтың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 10-11-сыныптың жаратылыстану-математикалық бағытындағы Қазақ тілі мен әдебиеті, Алгебра және анализ бастамалары, Физика, Химия, Биология, География, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері пәндері мұғалімдері арасында жүргізілді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖМБС) сынақтан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен 686 педагог қатысты.

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Ақмола облысы (108 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 15,7%), Қызылорда облысының (100 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 14,5%).

Жамбыл облысы педагогтері (77 педагог, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 11,2%), Абай облысы (73 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 10,6%), Түркістан облысы (67 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 9,7%), белсенді қатысты.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың орташа көрсеткішін Батыс Қазақстан облысы (38 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 5,5%), Павлодар облысы (35 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 5,1%), Қарағанды облысының пән мұғалімдері (30 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 4,3%), Жетісу облысы (23 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 3,3%), Солтүстік Қазақстан облысы бойынша (20 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 2,9%) пән мұғалімдері қамтыды.

Талдау нәтижесі Үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылу жағдайын талдауға арналған сауалнамаға Ақтөбе облысы педагогтерінің қатыспағанын көрсетті.

Ал Шымкент, Астана және Алматы қалаларының педагогтері мен Маңғыстау, Қостанай, Атырау және Алматы облыстарының педагогтерінің үлесі 0,1% - 2,3% құрады.

Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы 1.6-диаграммада толығырақ берілген.



1.6-диаграмма. Өңірлер бөлінісіндегі сауалнамаға жауап берген пән мұғалімдерінің саны


Сауалнамаға қатысқан жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы оқу пәндері мұғалімдерінің көп саны (653 адам, 95,1%) ауыл мектептерінің педагогтері, қалалық мектептердің педагогтері 277 адам (40,3%), шағын жинақты мектеп педагогтерінің ең аз саны – 71 адамды (10,3%) құрады.

Үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 10-11-сыныптардың «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерінің педагогтерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 1.7-диаграммада көрсетілген.



1.7-диаграмма. Пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер

Талдау нәтижесіне сәйкес оқу бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыты пәндері бойынша педагогтерінің үлесі 1.8-диаграммада берілген.



1.8-диаграмма. Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша пән мұғалімдерінің саны

Сауалнама нәтижесін зерделеуде сауалнамаға қатысқан жаратылыстану-математикалық бағыты пәндері бойынша педагогтерінің үлесінің басым санын «Алгебра және анализ бастамалары» пәні педагогтері 24,3 %, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні педагогтері 18,6 %, «Химия» пәнінің мұғалімдері 14,5%, «Химия» пәнінің мұғалімдері 13,5%, «Биология» пәнінің мұғалімдері 10,7% құрады. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан педагогтердің аз саны «География», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша 8,8 % мен 1,4% құрағанын көруге болады. Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: педагогтердің 686 (адам) жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 7,5% – ы (52 адам) магистрлер, 14,5% – ы (100 адам) – бакалаврлар. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 1.9-диаграммада көрсетілген.




Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің контингентін еңбек өтілі бойынша зерттеу 1.8-кестеде көрсетілген.

1.8-кесте. Еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерін талдау.

№	Еңбек өтілі	Педагогтер саны	%
1	1-5 жыл	91	13,4%
2	5-10 жыл	94	13,7%
3	10-15 жыл	126	18,3%
4	15 жылдан жоғары	375	54,6%
	Барлығы:	686	

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (54,6%) тәжірибелі мамандар болып табылады және пән мұғалімдерінің 18,3% -ның 126 педагогтің 10-15 жылдық еңбек өтілі бар. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 10 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер (94 адам, 13,7%) және 13,2% - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 1.10-диаграммада көрсетілген.



1.10-диаграмма. Педагогтердің еңбек өтілі


Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу 1.9-кестеде көрсетілген.

1.9-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаттары бойынша талдау нәтижелері.

№	Біліктілік санаттары	Педагогтер саны	%
---	----------------------	-----------------	---

1	Жоғары	17	2,5%
2	I	19	2,7%
3	II	18	2,6%
4	Санаты жоқ	73	10,6%
5	Педагог	45	6,5%
6	Педагог-модератор	114	16,6%
7	Педагог- сарапшы	193	28,1%
8	Педагог-зерттеуші	195	28,4%
9	Педагог- шебер	12	1,7%

Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог зерттеушілер 28,4% (195 адам) педагог сарапшылар 28,1% (193 адам) және педагог-модераторлар 16,6% (114 адам) құрады, ал біліктілік санаттары жоқ немесе жаңа біліктілік санаттарына ауыспаған педагогтер 73 адам, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 10,6%-ын көрсетті. Бұл статистика 1.11-диаграммада айқын көрсетілген.



1.11-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаттары

Педагог қызметкердің кәсібилігінің тағы бір маңызды көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында педагогтердің біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» БАҰО және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 1.10-кестеде келтірілген.

1.10-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	33,5%	24,8 %	30,6%
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	22,3%	10,8 %	57,4%

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 33,5% мен 24,8% аралығын құраса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 22,3% ды, ал 2022 жылы 10,8% қамтыған.

Сонымен қатар 2021-2022жж «Өрлеу» БАҰО ДББҰ біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны 30,6%, ал «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 57,4% көрсеткен.

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша


Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы (бұдан әрі МЖМБС) талаптар жаратылыстану-математика бағытындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы), «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша оқу процесінде жүзеге асырылуы туралы сауалнама нәтижелері пәндер бойынша жеке-жеке талданды.

Білім мазмұны бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілген «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы), «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерінің педагогтерінің пән мазмұнында Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы жөніндегі талдау нәтижесі 1.11- кестеде көрсетілген.

1.11-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік	75,1	24,3	0,6
Құрмет	74	25,3	0,7
Ынтымақтастық	72,1	27,3	0,6
Еңбек пен шығармашылық	74,3	24,6	1,1
Ашықтық	62,2	35,2	2,5
Өмір бойы білім алу	75,8	23,3	0,9

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБС- да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде 62,2 мен 75,8% аралығында жүзеге асырылатынын көрсетті. Сонымен қатар, аталған базалық құндылықтардың ішінен оқу процесінде жүзеге асырылатын басым құндылықтар қатарына «Өмір бойы білім алу» 75,1%, «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік» 75,1%, Еңбек пен шығармашылық 74,3% құрағанын көруге болады. Талдау нәтижелері 1.12-диаграммада берілген.




1.12-диаграмма. МЖМБС базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 1.12-кестеде берілген.

1.12-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	68,7	29,6	1,7
Сөйлем құрылымы	59,2	38,5	2,3
Қолжетімділігі	59,9	38,6	1,5
Айқындылығы	58,7	39,2	2

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілген «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы), «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша пән мұғалімдерінің шамамен 60% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін көрсетті. Сонымен қатар, күтілетін нәтижелердің, қолжетімділігі 59,9%, айқындылығы 58,7%, дұрыс тұжырымдалуын суалнамаға жауап берушілердің 68,7% құрағанын көруге болады. Талдау нәтижелері 1.13-диаграммада берілген.



1.13-диаграмма. МЖМБС пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті берілуі

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;

- Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуді анықтауға арналған сауалнама нәтижесі пайыздық көрсеткішпен 1.13-кестеде берілген.

1.13-кесте. МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	63,1	35,1	1,7
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	62,5	36,3	1,2
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	59,2	40,2	0,6
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	62,4	36,3	1,3
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	60,1	38,3	1,6

Сауалнама нәтижесі 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілген «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы), «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша күтілетін нәтижелердің Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкестігін педагогтердің 63,1%, сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамытуға бағытталуын 62,5%, оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз етуін 62,4%, білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын 62,4% белгілеген. Талдау нәтижелері 1.14-диаграммада берілген.



Пән мұғалімдерінің шамамен 61% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес деген жауапты белгілеген. Сонымен қатар, «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндерінің мұғалімдері пән мазмұнында практикалық жұмыстарға басымдық берілсе деген ұсыныстарын білдірген.

Үлгілік оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілген «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы), «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 1.14-кестеде берілген.

1.14-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар


МЖМБС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге киналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	86,9	3,6	9,5
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	89,1	5,4	5,5
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	80,3	5,7	14
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	83,2	7,1	9,6
Білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі	1,2	62,4	37,4
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	65,6	19,8	14,6

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің 81,2% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
- Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
- Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
- Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.

Пән мұғалімдерінің 65,6 % білім алушылардың оқу жүктемесінің артуын білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететінін белгілеген.

Сонымен қатар, педагогтердің 62,4 % білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі білім сапасын арттыруға кері әсер ететінін көрсеткен. Талдау нәтижелері 1.15-диаграммада берілген.



1.15-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлардың қатарына ұсыныс ретінде пәндік курстар ұйымдастырылуын және білім алушылардың кітапқа зейін қойып оқуын көрсеткен.

Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша


Сауалнамаға берілген жауаптар негізінде 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы), «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді. Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы, пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі 1.15-кестеде берілген.

1.15-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі (% көрсеткішпен)

Негізгі талаптар	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	69	29,3	1,7
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	55,8	41,7	2,5
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	57,1	38,9	3,9
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	58,5	38	3,5
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	60,3	36,7	2,9
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	54,8	39,4	5,8

Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі бойынша сауалнама сұрақтарына жасалған талдауда пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келетіні пән мұғалімдерінің 69 %, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылғаны 60,3 %, үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылғаны 58,5 %, үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі 58,5 % -ның жауаптарында көрсетілген. Талдау нәтижелері 1.16-диаграммада берілген.



Сонымен пән мұғалімдерінің орта есеппен 57% пән мазмұнының негізгі талаптарға сәйкестігін көрсеткен.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі 1.16-кестеде берілген.

1.16-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Негізгі артықшылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	61,1	36	2,9
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	62	36,6	1,5
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	56	41,5	2,5
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	56	41,1	2,9
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	45,8	46,5	7,7
Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша практикалық жұмыстар білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	57,7	38,8	3,5
Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша зертханалық жұмыстар білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	52,6	41,8	5,5


10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы), «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары бойынша сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті.

Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 56 дан 62 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделгенін атап көрсеткен.

Сонымен қатар, жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша практикалық жұмыстар мен зертханалық жұмыстардың білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген.

Талдау нәтижелері 1.17-диаграммада берілген.

Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары



1.17-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы), «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндері үлгілік оқу бағдарламаларындағы оқу процесінде қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдер туралы сауалнама нәтижесі келесідей нәтиже көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 685-і «қиындық жоқ» деп жауап берді. Математика пәнінің 1 мұғалімі «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бағдарламасындағы «Тригонометриялық функциялар Тригонометриялық функциялардың қасиеттері» тақырыптары оқу процесінде білім алушылардың меңгеруіне қиындық туғызатыны туралы ақпарат берген.

Сізге қиындық тудырған оқыту мақсаттарын көрсетіңіз деген сауалнама сұрағына педагогтердің 99,8 % «қиын оқыту мақсаты жоқ» деп жауап берген, «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бағдарламасындағы «Вектор.

Түзудің теңдеуі» бойынша оқыту мақсатының қиындығы туралы мәлімет берген.

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдері 10-11-сыныптың жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «Грамматикалық тапсырмалар көлемін көбейту» туралы ұсыныс білдірді.

«Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша есептеп шығаруға сағат санының жеткіліксіздігін, сондықтан білім алушылардың алған теориялық білімін практикалық есептер шығарумен бекіту үшін сағат саны көбейтілсе деген ұсыныс-пікірлерін сауалнама жауабында көрсеткен.

Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама бойынша пән мұғалімдерінің жауаптары талданды. Сауалнама нәтижесі 1.17-кестеде берілген.

1.17-кесте. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	59,8	37	3,2
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	56,3	40,1	3,6
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	54,1	41,1	4,8
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	59	38,6	2,3
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	57,7	40	2,3

Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағытталығы зерделенді. Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің 57,3% пән бойынша оқу бағдарламаларының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті.

Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесіне сәйкес жүргізілген талдау Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» және оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша оқу процесінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың жүзеге асырылуын пән

мұғалімдерінің орта есеппен 65%, ал үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы шамамен орташа 57,3% құрайтындығын көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 57 % қамтығанын көруге болады. Талдау нәтижелері 1.18-диаграммада көрсетілген.



1.18-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы

Сонымен Жалпы орта білім беру деңгейінің МЖМБС, үлгілік оқу жоспарларына және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер бойынша байқау нәтижесі оқу бағдарламаларын оқу процесінде жүзеге асыруда айқындалған кемшіліктерді анықтау, оны оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруде қолданылатын болады.


Сонымен қатар сауалнама сұрақтары арқылы Жалпы орта білім беру деңгейінің МЖМБС енгізілген өзгерістерге сәйкес 10-11-сынып білім алушыларына арналған «Әлем әдебиеті» пәнінің мазмұнын құрылымдау туралы пән мұғалімдерінің ұсыныс пікірлері де талданды. Талдау нәтижелері Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану математикалық бағыттарына арналған «Әлем әдебиеті» пәнінің білім мазмұнын құрылымдауда аталған талдау нәтижелерін ескеру ұсынылады.

2. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі» оқу пәні

«Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі» оқу пәні мұғалімдерінің сауалнамасына қатысуы.

Негізгі орта білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламалары мен оқу бағдарламаларын тестілеу нәтижелері бойынша педагогикалық қоғамдастықтың пікірін зерделеу мақсатында сауалнамаға *«Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі» пәнінің 209 мұғалімі қатысты.*

Ең белсенді қатысқан Жамбыл облысының мұғалімдері – 39 адам (осы пән бойынша сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 18,6%-ы), Ақмола облысынан – 36 адам (17,2%), Қызылорда облысынан – 29 адам (14%). Бұл мәселе бойынша толығырақ статистика 2.1-диаграммада берілген.




2.1 -диаграмма. «Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі» пәні сауалнамасына қатысқан мұғалімдерінің саны мен жұмыс өңірі

Мұғалімдердің басым бөлігі 137 адам (66%) ауылдық мектептерде, 69 адам (33%) қала мектептерінде жұмыс істейді, шағын жинақталған мектептерден сауалнамаға қатысқан ағылшын тілі мұғалімдерінің ең аз саны 3 адамды (1,5%) құрайды (2.2-диаграммаға қараңыз).




Диаграмма 2.2. «Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі» пәні сауалнамасына қатысқан мұғалімдерінің жұмыс орны

Қатысушы мұғалімдердің білім деңгейі бойынша жасылынған талдау төменгі нәтижені көрсетеді: олардың 95%-ы (199 адам) жоғары білімді, 5% -ы (10 адам) орта арнаулы білімді, 87%-ы (182 адам) бакалаврлар, 8%-ы (17 адам) – магистрлер, және педагогика ғылымдарының докторлары/PhD – жоқ (2.3-диаграмма).



2.3 -диаграмма. «Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі» пәні сауалнамасына қатысқан мұғалімдерінің білім деңгейі

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің еңбек өтілі бойынша зерттеу келесі графикте көрсетілген (2.4-диаграмма). Талдауда көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі (38%) тәжірибелі мамандар (79 адам) және 15 жылдан астам еңбек өтілі бар. 5 жылдан 10 жылға дейін және 10 жылдан 15 жылға дейін жұмыс өтілі 29% (тіісінше 47 және 48 адам) 17% 1-5 жылға дейін жұмыс өтілі бар жас маман (35 адам) педагогтар.




2.4 -диаграмма «Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі» сауалнамасына қатысқан мұғалімдерінің еңбек өтілі

Бүгінгі таңда педагогикалық кадрларды даярлаудағы білім берудің жаңа моделі халықаралық деңгейге келесі қадам бола отырып, жаңа талаптарды қойып отыр. Осыған байланысты мұғалімдер алдағы практикалық іс-әрекетінде пайдалы болатын жаңа өзгерістердің мәнін түсінуі керек. Атап айтқанда, оқушыға деген жаңа көзқарасты қалыптастыру, қолайлы жағдай туғызу және әр оқушының табиғи қабілетін дамытуға үнемі көңіл бөлу, сонымен қатар мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісіндегі орны мен рөліне жаңаша көзқараспен қарау.

Онлайн сауалнамада жүргізілген келесі критериялар біліктілік санаты болып табылады: екінші санат; бірінші санат; жоғары санат; «мұғалім»; «мұғалім-модератор»; «педагог-сарапшы»; «мұғалім-зерттеуші».

Біліктілік санаттары бойынша респондент мұғалімдердің 14%-ының біліктілік санаттары жоқтығын немесе жаңа біліктілік санаттарына өтпегенін көрсетті (толығырақ 2.5-диаграммаға қараңыз). Бұл статистика диаграммада бейнеленген. Барлық мұғалімдердің көпшілігі «педагог-сарапшы» біліктілік санатын алды – 29%. Ең азы жоғары санатты мұғалімдер және сәйкесінше 0,9% және 2,4% педагог-мастер біліктілік санаты бар мұғалімдер.




2.5 -диаграмма. «Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі» сауалнамасына қатысқан мұғалімдерінің біліктілік санаты

Осы ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің құрамы олардың «Өрлеу» БАҰО


ДББҰ-ның біліктілігін арттыру курстарынан өткені және оқу нәтижелері туралы ақпарат келесі графикте берілген (6-диаграмма).

2022 жылы барлық мұғалімдердің үштен бір бөлігі дерлік 41%-ы біліктілікті арттыру курстарын аяқтады. Барлық респонденттердің 29,7%-ы «Өрлеу» БАҰО ББҰ курстарынан өтпеген.



2.6-диаграмма «Өрлеу» БАҰО» ДББҰ біліктілікті арттыру курстары бойынша пән мұғалімдерінің құрамын талдау

Келесі графикте «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының респонденттерінің біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы деректер көрсетілген. Мәліметтерге сәйкес, респонденттердің жартысынан көбі, яғни 60%-ы НЗМ ПШО біліктілігін арттыру курстарынан өтпеген. 2021 және 2022 жылдарға арналған біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің көрсеткіштері келесі графикте көрсетілген (2.7-диаграмма).



2.7-диаграмма Біліктілікті арттыру курстарындағы пән мұғалімдерінің құрамы НЗМ ПШО талдауынан.

Екі кестенің деректерін талдай келе, осы курстарды аяқтамаған мұғалімдер оқу-тәрбие процесін қалай ұйымдастырады, сабақта формативті және суммативті бағалауды қалай ұйымдастырады деген сұрақ туындайды?

Бұл мәселені мектеп деңгейінде ғана емес, аудан, облыс деңгейінде шешу ұсынылады, өйткені мұғалім даярлықтан өткенде ғана жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасының ерекшеліктерін түсініп, білім беру процессін жетілдіреді.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың мақсаты – оқытылатын пән бойынша білімін жаңарту және жетілдіру және өз құзыреті шегінде кәсіби міндеттерін орындау, интеллектуалдық және мәдени деңгейін арттыру, білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді зерделеу.

Қазіргі уақытта біліктілікті арттырудың көптеген түрлері мен мүмкіндіктері бар, оның ішінде онлайн біліктілік арттыру курстары, бұл курстар мұғалімдерге біліктілігін арттырудың нысанын, уақытын және орнын таңдауға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілі мұғалімдерінің сауалнамасында мазмұнына, баяндау тіліне және МЖМБС-ке кейбір инновацияларды енгізудің орындылығына қатысты сұрақтар қойылды.

Қойылған сұрақтардың әрқайсысына қатысушылардың қалай жауап бергеніне толығырақ тоқталайық.

«Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде қаншалықты жүзеге асырылады?» деген сұраққа төмендегідей жауаптар алынды: «Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік» құндылығының пайдасына ең жоғары ұпайды қатысушылардың 73%-ы берген болса, ал «Құрмет» құндылығына 68,4%-ы жоғары ұпайды берген.

Жауаптарға берген түсініктемелерінде мектеп мұғалімдері: «Барлық негізгі құндылықтар оқу-тәрбие процесінде жүзеге асады», «Жан-жақты дамыған, білімді, толерантты тұлға тәрбиелеу», «Сабақта барлығына назар аударылу», «Білім берудегі негізгі құндылықтар өз деңгейінде жүзеге асырылу», «Еңбекке көбірек сіңіріп, бір-бірімізге деген құрмет туралы көбірек айтуымыз керек», «МЖМБС жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді», «Негізгі құндылықтар тұлғаның қалыптасуына әсер етеді», «Барлық негізгі құндылықтарды оқу процесінде жүзеге асыруға болады, бірақ оларды жүзеге асырудың тиімділігі нақты пәнмен және оған құндылықтардың қолданылуымен сипатталады», «Ынтымақтастық өмір бойы ашық оқу мен білім алуға мүмкіндік береді, жаңа мүмкіндіктер ашады», «Барлық негізгі құндылықтар жинақталған, өзара әрекеттеседі, бірін-бірі толықтырады және жүзеге асырылады» деп өз пікірлерін де қосты.

«МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілген бе?» деген сұраққа төмендегідей жауаптар алынды:

Мұғалімдер келесі параметрлер бойынша ең жоғары ұпай берді: мұғалімдердің 70%-ы күтілетін нәтижелер нақты көрсетілген деп жауап берді, 74%-ы күтілетін нәтижелердің өлшенетіндігін атап өтті, 64%-ы презентацияның мағыналық жүктемесі бар екенін, 63% - күтілетін нәтижелердің реттілігі бар деп жауап берді.

Мұғалімдер өз жауаптарына түсініктемелерде: «МЖМБС-тегі пәндер бойынша күтілетін нәтижелер жоғарыда аталған аспектілердің барлығына сәйкес келеді», «Оқу материалында, әдістемелік аспектіде барлығына қол жеткізуге болады», «Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге

болады», «Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажет», «Барлық тақырыптар практикалық маңыздылыққа бағытталған», «Спиральді білім беру студенттерге терминологияны негізіден бастап, бірте-бірте күрделендіріп білуге көмектеседі», «Білім беру стандартында айқындалған негізгі құндылықтар оқу процесіне толығымен енгізілді», «Қазіргі заманда балалардың бойында барлық қасиеттерді дамыту керек», «Отаншылдық пен жауапкершілік оқу жылы бойына, барлық тақырыпта елдік санаға сіңіру», «Ынтымақтастық, сыйластық, еңбек және шығармашылық – барлық сабақтарда топтық жұмыс болмайды», «Өмір бойы білім алу - сабақ барысында қазіргі әлемдегі білімнің маңыздылығы туралы әңгімелер жүргізіледі», «Ашықтық, сыйластық, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу – тұлғаны тәрбиелеудің басты басымдықтары», «Оқушылардың назарын өзіне, еңбекке аударудағы ашықтық және жұмысқа шығармашылықпен қарау тек оқушыларды ғана емес, мұғалімді де әрқашан қызықтырады», «Әріптестерімен және жалпы адамдармен ынтымақтаса білу, тірі жанды, табиғатты, өзін және жеке адамды құрметтей білу. Отансүйгіштік – елдің гүлденуі» деп өз пікірлерін де қосты.

«Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар» деген сұраққа кейінгі жауаптарды алдық: Қатысушылардың 87%-ы «Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңдетіп оқыту» факторы, 88%-ы «Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі» факторы, 80%-ы «Оқу бағдарламасы бойынша ғылыми-зерттеу немесе жобалау жұмыстарын өткізу» факторы, 79%-ы «Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру» факторы, 78%-ы «Оқушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі» факторы, 64%-ы «Оқыту көлемін ұлғайту және білім алушылардың жүктемесі» факторы деп жауап берген (толығырақ 2.8-диаграмманы қараңыз).




2.8-диаграмма Оқушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

«МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға қаншалықты сәйкес келеді?» деген сұраққа:

«Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкестік» талабы бойынша мектеп басшыларының 70%-ы, «Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі» талабы бойынша жетекшілердің 65%-ы ең жоғары ұпай берді.


Ал «Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз» – 63%, «Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету»–69% алды. Төмендегі диаграммда осы мәселе бойынша сауалнама деректері көрнекі түрде көрсетілген (2.9-диаграммада МЖМБС бойынша күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі берілген.)



2.9 -диаграмма МЖМБС бойынша күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі

Сауалнама типтік оқу бағдарламасы бойынша сұрақтарды қамтыды. Мұғалімдерге үлгілік оқу бағдарламалары бойынша пайымдауларды бағалау ұсынылды. Сауалнама нәтижелері: қатысушылардың 69%-ы пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы Мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес келеді деп есептейді. Мұғалімдердің 63%-ы пән бойынша Үлгілік оқу бағдарламасының оқушылар үшін қызықты екеніне сенімді. Мұғалімдердің 60%-ға жуығы пән бойынша Типтік оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетініне сенімді. Мұғалімдердің 58%-ы пән бойынша типтік оқу бағдарламасының тақырыптары логикалық жүйелі түрде, өзара байланыста құрылған деп есептейді. Сауалнамаға қатысқандардың 55%-ға жуығы оқу мақсаттары анық, білім мазмұнына сәйкес және оқу мақсаттары пән бойынша тақырыптарды қамтитынына сенімді. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі 2.10 -диаграммада берілген.

Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі



«Оқушылардың үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай» деген сұраққа келесі жауаптар алынды: Мұғалімдердің 62%-ы оқу мақсаттары тілдік пәндер бойынша сөйлеу дағдыларын жеткілікті түрде дамытады деп санайды, қатысушылардың 61%-ы «Білім беру мазмұны оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталғанына» сенімді, мұғалімдердің 60%-ға жуығы ҮОБ «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді», «Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген» және «Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген» деп жауап берген. Ағылшын тілі мұғалімдерінің 45%-ы ғана ҮОБ-да әдеби шығармалардың жеткілікті саны бар деп есептейді. Ұпайлар туралы толығырақ ақпарат 2.11-диаграммада берілген.

ҮОБ-ның негізгі артықшылықтары қандай?




2.11-диаграмма Үлгілік оқу бағдарламаларының оқушылар үшін негізгі артықшылықтары.

Мұғалімдер оқуда ең көп қиындық тудыратын тақырыптар пәнаралық байланысы бар тақырыптар екенін түсіндірді. Мысалы, коммуникация және технологиялар. Мұғалімдерге пәнаралық тақырыптарды жүзеге асыру және контекст арқылы тілді үйренуге бағытталған жұмсақ CLIL әдістемесі бойынша біліктілікті арттыру курстарымен қамтамасыз ету қажет. Қиындық тудыратын оқу мақсаттарын көрсету туралы сұраққа мұғалімдердің көпшілігі эссенің әртүрлі түрлерін оқытуға бағытталған мақсаттарды қоспағанда, мұндай мақсаттар іс жүзінде жоқ деп жауап берді. Бір қызығы, үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты үшін жазудың нақты түрлері көрсетілмеген. Сондықтан мұғалімдерге жазудың әртүрлі жанрлары мен түрлерін үйретуге көмектесетін қосымша әдістемелік құралдар әзірленуі керек.

Қатысушылардың Үлгілік оқу жоспарын жетілдіру бойынша келесі ұсыныстармен бөлісті: «Оқу мақсаттары мен бағалау талаптарын көрсетіңіз», «Оқу бағдарламасын мұғалімге де, оқушыларға да түсіну оңай болатындай жақсарту керек, демек, ол мұғалім оны оқушыларға түсіндіруге оңайырақ болады», «Ағылшын тіліндегі оқулыққа көбірек көңіл бөлу, аймақтануды беру», «Бағдарламаны қанықтандыру», «Оқу мақсаттарының тұжырымын қайта қарау», «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес материалды мұқият таңдау, тараулардың тақырыбына сәйкес сабақ тақырыптарын таңдау». Ұсыныстардың көпшілігі мақсаттарды жақсартуға бағытталған. 2024 жылға арналған үлгілік оқу бағдарламаларын жетілдіру жұмыстары басталып та кетті. Бұл жұмысқа сарапшылар да, тәжірибелі практиктер де қамтылды.

Сауалнаманың соңғы бөлімі оқу бағдарламасының құндылық бағдарын анықтау болып табылады. Келесі сұрақтарға талдау жасалды:

- Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға ықпал ете ме?
- Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?
- Бағдарлама қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауды насихаттайды ма?
- Бағдарлама студенттердің практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ете ме?
- Бағдарламаның мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба? сауалнама сұрақтары талданды. Талдау нәтижесі 2.12-диаграммада берілген.



2.12-диаграмма Оқу бағдарламасының құндылық бағдары

Бұл сұрақтардың жауабы төмендегідей болды: Бағдарлама отбасы құндылықтарын қалыптастыруға қалай ықпал етеді деген сұраққа мұғалімдердің 66%-ы ең жоғары ұпай берді. Бұл бағдарлама қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеуге ықпал етеді деп есептейді шамамен осыншама мұғалімдер. Мұғалімдердің 60%-ға жуығы бағдарламаның мазмұны үздіксіз білім беруге бағытталғанына, бұл бағдарлама оқушылардың практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететініне сенімді. Қатысушылардың жауаптарын толығырақ зерттеуді 2.12-диаграммада көруге болады.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу жоспарларына енгізілген өзгерістерді талдау нәтижелері оқу жоспарларының мазмұнын жетілдіру үшін пайдаланылатын болады.

3. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

10-11-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу

қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағытында «Физика» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 10-11-сыныпқа арналған жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Физика» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің таңдау пәні бойынша тереңдетілген деңгейде 3сағаттан 2 сағатқа қысқартылды. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен 2 сағатқа арналған үлгілік оқу бағдарламасы бойынша келесі оқыту мақсаттары қысқартылды:

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Физика» пәнінен *оқу жүктемесі төмендетілген* үлгілік оқу бағдарламасынан *2 сағаттық бағдарламада* келесі оқыту мақсаттары қысқартылды. Сонымен бірге өзгертілген оқу мақсаттары бар. Үлгілік оқу бағдарламаларының айырмашылығы 3.1,3.2-кестелерде берілген.

3.1-кесте – Үлгілік оқу бағдарламаларының айырмашылығы (10-сынып).

2- сағат		3-сағат	
Кинематика			
Дене қозғалысы кинематикасының теңдеулері мен графиктері	10.1.1.1- кинематика теңдеулерін қолдану және орын ауыстыру, жылдамдық, үдеудің графиктерін талдай білу	Қазіргі заманғы физиканың рөлі	10.1.1.1 - қазіргі заманғы физиканың рөлі туралы пікір айту және өз пікірін дәлелдеу
		Физикалық шамалардың қателіктері. Өлшеулер нәтижесін өңдеу. № 1 Зертханалық жұмыс «Көлбеу жазықтық бойымен қозғалатын дененің үдеуін анықтау»	10.1.1.2 - жүйелік және кездейсоқ қателіктерді ажырата білу; 10.1.1.3 - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау; 10.1.1.4 - физикалық шамалардың өлшеу дәлдігін ескере отырып, тәжірибелік зерттеудің соңғы нәтижесін жазу
		Теңүдемелі қозғалыс кинематикасының негізгі теңдеулері	10.1.1.5 - жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графигін пайдалана

		мен ұғымдары	отырып, теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру формуласын қорытып шығару; 10.1.1.6 - сандық және графиктік есептерді шығаруда кинематика теңдеулерін қолдану
Салыстырмалы қозғалыс	10.1.1.2 - жылдамдықтар мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңына күнделікті өмірден мысалдар келтіру	Инвариантты және салыстырмалы физикалық шамалар. Галилейдің салыстырмалылық принципі	10.1.1.7 - инварианты және салыстырмалы физикалық шамаларды ажырату; 10.1.1.8 - жылдамдықтарды қосу мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңын есеп шығаруда қолдану
Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы	10.1.1.3 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау;	Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы	10.1.1.9 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау;
		Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы.	10.1.1.10 - көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі кинематикалық шамаларын анықтау;
Динамика			
Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары	10.1.2.1- бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру	Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары	10.1.2.1 - бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру
Бүкіл әлемдік тартылыс заңы	10.1.2.2 - бүкіл әлемдік тартылыс	Бүкіл әлемдік тартылыс заңы	10.1.2.2 - инертті масса мен

	заңын түсіну және ғарыш аппаратының қозғалысын сипаттау		гравитациялық массаның физикалық мағынасын түсіндіру; 10.1.2.3 - материалдық нүктенің гравитациялық өріс кернеулігі мен потенциалының қашықтыққа тәуелділік графигін түсіндіру; 10.1.2.4 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын есептер шығаруда қолдану
Гравитациялық өрістегі снарядтың қозғалысы	10.1.2.3 - көкжиекке бұрыш жасай және вертикаль лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі физикалық шамалардың өзгерісін сипаттау	Абсолют қатты дененің инерция моменті	10.1.2.5 - материалдық дененің инерция моментін есептеу үшін Штейнер теоремасын қолдану
		Импульс моменті. Импульс моментінің сақталу заңы және оның кеңістік қасиеттерімен байланысы. Айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі	10.1.2.6 - айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін есеп шығаруда қолдану; 10.1.2.7 - айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті жүргізу
Статика және гидростатика		Статика	
Массалар центрі. Тепе-теңдік түрлері	10.1.3.1 - абсолют қатты дененің массалар центрін анықтау және әртүрлі тепе-теңдікті түсіндіру	Массалар центрі.	10.1.3.1 - абсолют қатты дененің және денелер жүйесінің массалар центрін анықтау
Қатынас ыдыстар. Гидравликалық пресс. Паскаль заңын қолдану Торичелли тәжірибесі	10.1.3.2- Паскаль заңын сипаттау және оның қолданылуы 10.1.3.3- гидростатикалық қысым терминін	Тепе-теңдік түрлері.	10.1.3.2 - әртүрлі тепе-теңдікті түсіндіру кезінде себеп-салдар байланысын орнату

	түсіндіру		
		№ 2 Зертханалық жұмыс «Бір-біріне бұрыш жасай бағытталған күштерді қосу»	10.1.3.3 - күштерді қосудың заңдылығын эксперименттік тексеру және күш шамасын тәжірибелік жолмен анықтау
Сақталу заңдары			
Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары	10.1.4.1- сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану	Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары және олардың кеңістік пен уақыттың қасиеттерімен байланысы.	10.1.4.1 - сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану
Гидродинамика		Сұйықтар мен газдардың механикасы	
Сұйықтық кинематикасы	10.1.5.1 - сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау	Гидродинамика. Сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстары	10.1.5.1 - сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау
№ 1 Зертханалық жұмыс: «Тұтқырлығы әртүрлі сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу»	10.1.5.2. - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау және физикалық шамалардың өлшеу дәлдігін ескеру; 10.1.5.3 - эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну	Үзіліссіздік теңдеуі. Бернулли теңдеуі. Көтергіш күш	10.1.5.2 - үзіліссіздік теңдеуі мен Бернулли теңдеуін эксперименттік, сандық және сапалық есептерді шығаруда қолдану
		Тұтқыр сұйықтың қозғалысы. Стокс формуласы. Денелерді қапталдай ағу	10.1.5.3 - Торричелли теңдеуін эксперименттік, сандық және сапалық есептерді шығаруда қолдану
		№ 3 Зертханалық жұмыс «Тұтқыр сұйықта қозғалатын	10.1.5.4 - эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды

		кішкентай шардың жылдамдығының оның радиусынан тәуелділігін зерттеу»	анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері			
Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері қағидалары. Термодинамикалық параметрлер Кристалл және кристалл емес заттар	10.2.1.1- температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау; 10.2.1.2 - қатты дененің, сұйықтың, газдың модельдерін Молекулалық кинетикалық теорияның негізінде сипаттау; 10.2.1.3 - кристалл және кристалл емес қатты заттардың құрылысын ажырату	Газдардың молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары және оның тәжірибелік дәлелдемелері. Термодинамикалық жүйелер және термодинамикалық параметрлер. Тепе-теңдік және тепе-теңдік емес күйдегі термодинамикалық жүйе. Температура - зат бөлшектерінің жылулық қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының өлшемі ретінде	10.2.1.1 - температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау
		Идеал газ. Газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі	10.2.1.2 - идеал газ моделін сипаттау; 10.2.1.3 - молекулалық кинетикалық теорияның негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану
Газ заңдары			
Идеал газ күйінің теңдеуі Изопроцестер. Адиабаталық процесс	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін қолдану және изопроцестер графиктерін ажырату	Идеал газ күйінің теңдеуі	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану;
		Изопроцестер. Изопроцестер графиктері. Дальтон заңы	10.2.2.2 - тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін зерттеу(Бойль-Мариотт заңы);

			10.2.2.3 - тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температураға тәуелділігін зерттеу (Гей-Люссак заңы); 10.2.2.4 - тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін зерттеу (Шарль заңы); 10.2.2.5 - газ заңдарын сандық және графикалық есептер шығаруда қолдану
Термодинамика негіздері			
Термодинамика заңдарын қолдану Жылу қозғалтқыштары.	10.2.3.1 – термодинамиканың бірінші және екінші заңының мағынасын түсіндіру; сипаттау; 10.2.3.2 – жылу қозғалтқышының жұмыс істеу принципі мен қолданылуын сипаттау	Идеал газдың ішкі энергиясы. Термодинамиканың жұмыс. Жылу мөлшері, жылу сыйымдылық	10.2.3.1 - бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолдану
		Термодинамиканың бірінші заңы. Термодинамиканың бірінші заңын изопрцестерге қолдану. Адиабаталық процесс, Пуассон теңдеуі	10.2.3.2 - термодинамиканың бірінші заңын изопрцестерге және адиабаталық процеске қолдану
		Қайтымды және қайтымсыз процестер. Энтропия. Термодинамиканың екінші заңы. Айналмалы процесс және оның пайдалы әсер коэффициенті, Карно циклі	10.2.3.3 - идеал жылу қозғалтқышы үшін Карно циклін сипаттау; 10.2.3.4 жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті формуласын есептерді шығаруда қолдану
Сұйық және қатты денелер			
Ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі	10.2.4.1 - ауаның салыстырмалы	Қаныққан және қанықпаған бу.	10.2.4.1 - гигрометрдің және

Сұйықтың беттік керілуі. Жұғу, қылтүіктік құбылыстар Қатты денелердің механикалық қасиеттері	Ылғалдылығын анықтау; 10.2.4.2 - сұйықтың беттік керілу құбылысының табиғатын түсіну және қылтүіктік құбылыстардың өмірдегі маңызы. 10.2.4.4 - серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтау	Ауаның ылғалдылығы. Фазалық диаграммалар. Үштік нүкте. Заттың кризистік күйі	психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау
Ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі Сұйықтың беттік керілуі. Жұғу, қылтүіктік құбылыстар	10.2.4.1 - ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау; 10.2.4.2 - сұйықтың беттік керілу құбылысының табиғатын түсіну және қылтүіктік құбылыстардың өмірдегі маңызы.	Сұйықтың беткі қабатының қасиеттері. Жұғу, қылтүіктік құбылыстар	10.2.4.2 - сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі тәсілдермен анықтау
Қатты денелердің механикалық қасиеттері	10.2.4.4 - серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтау	Кристалл және аморф денелер. Қатты денелердің механикалық қасиеттері	10.2.4.3 - әртүрлі қатты денелер мысалында кристалдық және аморфты денелердің құрылымын ажырату; 10.2.4.4 - серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтау
Электростатика			
Электр өрісі	10.3.1.1 – электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолдану; 10.3.1.2 - электр өрісінің қасиетін талқылау және оның күштік сипаттамасын анықтау;	Электр заряды. Зарядтың беттік және көлемдік тығыздығы. Зарядтың сақталу заңы. Кулон заңы	10.3.1.1 - электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолдану
	10.3.1.3 - гравитациялық және электростатикалық өрістердің	Электр өрісі. Біртекті және біртекті емес электр өрісі.	10.3.1.2 - суперпозиция принципін электр өрісінің қорытқы

	қасиеттерін салыстыру	Электр өрісінің кернеулігі. Электр өрісінің суперпозиция принципі	кернеулігін анықтау үшін пайдалану
		Электр өрісінің кернеулік векторының ағыны. Гаусс теоремасы	10.3.1.3 - зарядталған жазықтықтың, шардың, сфераның және шексіз жіптің электр өрісінің кернеулігін анықтау үшін Гаусс теоремасын қолдану
		Зарядтың орын ауыстыруы кезіндегі электр өрісінің жұмысы. Потенциал. Электр өрісінің потенциалдар айырымы	10.3.1.4 - нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептеу
		Эквипотенциал беттер. Біртекті электр өрісі үшін кернеулік пен потенциалдар айырымы арасындағы байланыс	10.3.1.5 - электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолдану; 10.3.1.6 - гравитациялық және электростатикалық өрістерде күшті және энергетикалық сипаттамаларды салыстыру
		Электр өрісіндегі өткізгіштер мен диэлектриктер	10.3.1.7 - диэлектриктердегі поляризация құбылысы мен өткізгіштердегі электростатикалық индукция құбылысына салыстырмалы талдау жасау
Электр сыйымдылық. Конденсаторлар. Сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр мөлшері	10.3.1.4 – конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне	Электр сыйымдылығы. Конденсаторлар. Конденсаторларды жалғау	10.3.1.8 - конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне

	тәуелділігін зерттеу;		тәуелділігін зерттеу; 10.3.1.9 - конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда қолдану
		Электр өрісінің энергиясы;	10.3.1.10 - электр өрісінің энергиясын есептеу
Тұрақты ток			
Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі. Кернеу және потенциалдар айырмасы	10.3.2.1 — сыртқы тізбектегі электр қозғаушы күші пен кернеу түсуінің айырмашылығын түсіну 10.3.2.2 - өткізгіштерді аралас жалғауды зерттеу	Электр тогы. Тізбек бөлігіне арналған Ом заңы. Өткізгіштерді аралас жалғау	10.3.2.1 - аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану
Толық тізбек үшін Ом заңы	10.3.2.3- толық тізбек үшін Ом заңын қолдану және қысқа тұйықталудың салдарын түсіну	№ 4 Зертханалық жұмыс «Өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену»	10.3.2.2 - өткізгіштерді аралас жалғауды зерттеу
		Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі	10.3.2.3 - электр қозғаушы күші мен кернеу көзінің әртүрлі жұмыс режиміндегі (жұмыстық, бос жүріс, қысқа тұйықталу) байланысын зерттеу
		Толық тізбек үшін Ом заңы;	10.3.2.4 - толық тізбек үшін Ом заңын қолдану
Электр тогының жұмысы мен қуаты № 5 Зертханалық жұмыс «Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау».	10.3.2.4 – эксперимент арқылы ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау	№ 5 Зертханалық жұмыс «Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау» Электр тогының жұмысы мен қуаты. Джоуль –Ленц заңы. Ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті	10.3.2.5 - эксперимент арқылы ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау
			10.3.2.7 - электр

			тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолдану
Әртүрлі ортадағы электр тогы			
Металдардағы, жартылай өткізгіштердегі, электролиттердегі, газдар мен вакуумдағы электр тогы.	10.3.3.1 – әртүрлі ортадағы электр тогының пайда болуын салыстыру;	Металдардағы электр тогы. Асқын өткізгіштік	10.3.3.1 - металдардағы электр тогын сипаттау және кедергінің температураға тәуелділігін талдау; 10.3.3.2 - жоғары температурада асқын өткізгішті материалдарды алудың келешегін талқылау
		№ 6 Зертханалық жұмыс «Шамның қыл сымының, резистордың және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасы»	10.3.3.4 - шамның қылсымының, резистордың және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасын зерттеу
№ 2 Зертханалық жұмыс: «Электролиттердегі электр тогының пайда болу шарттарын зерттеу»	10.3.3.2 - электролиз үдерісіндегі электр тогы шартын эксперимент арқылы анықтау	Электролит ерітінділеріндегі және балқыламалардағы электр тогы. Электролиз заңы	10.3.3.5 - электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолдану
Жартылай өткізгішті құралдар	10.3.3.3 – жартылай өткізгішті құралдардың қолданылуына мысалдар келтіру	Жартылай өткізгіштердегі электр тогы. Жартылай өткізгішті құралдар	10.3.3.3 - жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіру
Асқын өткізгіштік	10.3.3.4 - асқын өткізгіштік құбылысы мен практикалық қолданылуын сипаттау	Газдардағы электр тогы. Вакуумдегі электр тогы.	10.3.3.7 - газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттау;

Магнит өрісі			
Магнит өрісі. Магнит индукциясының векторы. Бұрғы ережесі.	10.3.4.1 – өткізгіштің магнит өрісін сипаттайтын шамаларды түсіну	Магнит өрісі. Тоғы бар өткізгіштің өзара әрекеттесуі. Ампер тәжірибелері Магнит индукция векторы. Дөңгелек және шексіз түзу тоғы бар өткізгіштердің индукциясы. Бұрғы ережесі	10.3.4.1 - магнит индукция векторының физикалық мағынасын заманауи техниканың жетістіктері мен есептер шығару арқылы түсіндіру;
Ампер күші, Лоренц күші.	10.3.4.2 – сол қол ережесін қолдануды және зарядталған бөлшектердің қозғалысы мен тоғы бар өткізгішке магнит өрісінің әсерін сипаттау	Ампер күші, сол қолы ережесі;	10.3.4.2 - электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру;
		Лоренц күші. Магнит өрісіндегі зарядталған бөлшектердің қозғалысы	10.3.4.3 - токомак, циклотрон, андронды коллайдер, магниттік тордың жұмыс істеу принципін талдау және поляр шұғыласының табиғатын түсіндіру; 10.3.4.4 - зарядталған бөлшектердің қозғалысына магнит өрісінің әсерін зерттеу;
Заттың магниттік қасиеттері.	10.3.4.3 – магниттік материалдардың(не одим магниттер, датчиктер, сейсмометрлер, металл детекторлар) заманауи қолдану аймағын және олардың қолдану үрдісін талқылау	Заттың магниттік қасиеттері. Кюри температуры	10.3.4.5 - заттың магниттік қасиеттері бойынша топтастыру және олардың қолдану аймағын анықтау; 10.3.4.6 - магниттік материалдарды(нео дим магниттер, датчиктер, сейсмометрлер, металл іздегіш) заманауи қолдану аймағын және

			олардың қолдану үрдісін талқылау
Жасанды магниттер. Соленоид	10.3.4.4 - жасанды магниттерді эксперимент жүзінде жинау және қолданылу аясын түсіндіру; 10.3.4.5- соленоидтың магнит өрісіне әсер ететін факторларды сипаттау		
Электромагниттік индукция			
Электромагниттік индукция заңы. Электромагниттік құралдар	10.3.5.1- магнит ағыны өзгеруі салдарынан электр қозғаушы күштің пайда болуын түсіндіру; 10.3.5.2- Ленц ережесін түсіндіру; 10.3.5.3 - электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін түсіну	Ампер күшінің жұмысы. Магнит ағыны. Электромагниттік индукция құбылысы	10.3.5.1 - Электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін зерттеу
		Электромагниттік индукция заңы. Ленц ережесі. Өздік индукция. Индуктивтілік	10.3.5.2 - электромагниттік индукция заңын есептер шығаруда қолдану
Магниттік-резонанстық томография	10.3.5.4 - магниттік-резонанстық томографияның практикалық маңызын түсіну	Магнит өрісінің энергиясы	10.3.5.3 - механикалық және магнит өрісінің энергиялары арасындағы сәйкестікті жүргізу
		Электр қозғалтқыш және тұрақты токтың электр генераторы	10.3.5.4 - қолданыстағы электрқозғалтқыштың моделін зерттеу және Фарадей заңы мен Ленц ережесін қолданып алынған нәтижелерді пайдалана отырып дәлелді түрде түсіндіру

3.2-кесте – Үлгілік оқу бағдарламаларының айырмашылығы (11-сынып).

3- сағат		2- сағат	
Механикалық тербелістер			
Гармоникалық тербелістердің тендеулері мен графиктері	11.4.1.1 - эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен гармоникалық тербелісті ($x(t)$, $v(t)$, $a(t)$) зерттеу	Гармоникалық тербелістер	11.4.1.1 - эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен гармоникалық тербелісті ($x(t)$, $v(t)$, $a(t)$) зерттеу
Электромагниттік тербелістер			
Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастық	11.4.2.1 - еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау 11.4.2.2 - механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру; 11.4.2.3 - компьютерлік моделдеу арқылы заряд пен ток күшінің уақытқа тәуелді графиктерін зерттеу	Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер	11.4.2.1 - еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау; 11.4.2.2 - механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру
Айнымалы ток			
Айнымалы ток генераторы	11.4.3.1 - генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттеу	Айнымалы ток генераторы	11.4.3.1 - генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттеу
Еріксіз электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток	11.4.3.2 - физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен электр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттау; 11.4.3.3 - синусоидалы айнымалы ток немесе кернеуді гармоникалық функция түрінде көрсете алу	Еріксіз электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток	11.4.3.2 - физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен электр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттау

Айнымалы ток тізбегінде активті және реактивті кедергі	11.4.3.4 - айнымалы ток тізбегінде тек активті жүктеме кезінде(резистор) фаза ығысуын сипаттау; 11.4.3.5 - айнымалы ток тізбегінде реактивті жүктемелер кезінде (катушка, конденсатор) фаза ығысуын сипаттау		
Активті және реактивті кедергілерден тұратын айнымалы токтың тізбектелген электр тізбегі үшін Ом заңы	11.4.3.6 - R, L, C -дан тұратын айнымалы токтың тізбектелген электр тізбегін есептеу		
Айнымалы ток тізбегіндегі қуат	11.4.3.7 - айнымалы токтың активті және реактивті қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; 11.4.3.8 - векторлық диаграмма салу арқылы қуат коэффициентін анықтау		
Электр тізбегіндегі кернеу резонансы	11.4.3.9 - резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына мысал келтіру; 11.4.3.10 - Резонанстық жиілікті есептеу	Айнымалы ток тізбегіндегі резонанс	11.4.3.3 - резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына мысал келтіру; 11.4.3.4 - резонанстық жиілікті есептеу
Электр энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану, трансформатор	11.4.3.11 - қуат формуласының негізінде трансформатордың жұмыс істеу принципін талдау; 11.4.3.12 - электр энергиясын тасымалдау үшін жоғары кернеудегі айнымалы токтың экономикалық артықшылықтарын түсіндіру	Электр энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану, трансформатор	11.4.3.5 - электр энергиясын тасымалдау үшін жоғары кернеудегі айнымалы токтың экономикалық артықшылықтарын түсіндіру

	11.4.3.13 - трансформатор орамасындағы орам санын эксперимент арқылы анықтау	№ 1 Зертханалық жұмыс: «Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау»	11.4.3.6 - трансформатор орамасындағы орам санын эксперимент арқылы анықтау
Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану	11.4.3.14 - Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау	Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану	11.4.3.7 - Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау
Толқындық қозғалыс			
Серпімді механикалық толқындар. Бойлық және тұрғын толқындардың теңдеуі. № 1 Зертханалық жұмыс «Ауадағы дыбыс жылдамдығын анықтау»	11.5.1.1 - ауадағы тұрғын дыбыс толқындарының пайда болуын зерттеу; 11.5.1.2 - графикалық әдісті қолданып түйіндер мен шоғырларды анықтау және тұрғын толқындардың пайда болуын түсіндіру		
Механикалық толқындардың таралуы. Механикалық толқындардың интерференциясы және дифракциясы	11.5.1.3 – механикалық толқындардың интерференциясы мен дифракциясын мысалдармен түсіндіру		
Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы	11.5.2.1 - электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіру және олардың қасиеттерін сипаттау	Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы	11.5.1.1 - электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіру және олардың қасиеттерін сипаттау
Радиобайланыс. Детекторлы радиоқабылдағыш	11.5.2.2 - жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің модуляциясы мен детекторлауды сипаттау; 11.5.2.3 - амплитудалық (AM) және жиіліктік (FM) модуляцияны ажырату; 11.5.2.4 - детекторлы радиоқабылдағышты	Радиобайланыс	11.5.1.2 - жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің модуляциясы (AM және FM) мен детектрленуін сипаттау; 11.5.1.3 - радиоқабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру

	ң жұмыс істеу принципін түсіндіру		
Аналогты-сандық түрлендірулер. Байланыс арналары	11.5.2.5 - аналогтықпен салыстырғанда сандық форматтағы сигналды берудің артықшылықтарын түсіндіру	Аналогты-сандық түрлендірулер. Байланыс арналары	11.5.1.4 - аналогтықпен салыстырғанда сандық форматтағы сигналды берудің артықшылықтарын түсіндіру
Байланыс құралдары	11.5.2.6 - байланыс құралдарын жүйелеу және оларды жетілдірудің жолдарын ұсыну	Байланыс құралдары	11.5.1.5 - байланыс құралдарын жүйелеу және оларды жетілдірудің жолдарын ұсыну
Толқындық оптика			
Жарықтың дисперсиясы. Жарықтың интерференциясы	11.6.1.2 - призма арқылы өткен кездегі ақ жарықтың жіктелуін түсіндіру; 11.6.1.3 - механикалық және жарық толқындарының интерференциялық көріністеріне салыстырмалы талдау жүргізу; 11.6.1.4 - жұқа пленкаға түскен және шағылған жарықтардан пайда болған интерференциялық максимумдар мен минимумдарды бақылау шарттарын анықтау	Жарықтың интерференциясы Жарықтың дифракциясы Дифракциялық торлар № 2 Зертханалық жұмыс: «Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау»	11.6.1.1 – жарық жылдамдығын анықтаудың зертханалық және астрономиялық әдістерін түсіндіру 11.6.1.2 – дифракциялық торды толқын ұзындығын анықтау үшін қолдану
Жарықтың дифракциясы. Дифракциялық торлар	11.6.1.5 - Френель теориясын қолданып, қылдан, саңылаулардан, дөңгелек саңылаудан пайда болған дифракциялық көріністерді түсіндіру		
Жарықтың поляризациясы. № 2 Зертханалық жұмыс «Жарықтың интерференциясын,	11.6.1.7 - жарықтың интерференция, дифракция және поляризация құбылысын талдай отырып, эксперимент	Жарықтың поляризациясы. № 3 Зертханалық жұмыс: «Жарықтың поляризациясын	11.6.1.3- жарықтың интерференция, дифракция және поляризация құбылысын талдай отырып, эксперимент

дифракциясын және поляризациясын бақылау »	арқылы жарықтың электромагниттік табиғатын дәлелдеу	бақылау»	арқылы жарықтың электромагниттік табиғатын дәлелдеу
Геометриялық оптика			
Гюйгенс принципі. Жарықтың шағылу заңы	11.6.2.1 - Гюйгенс принципінің көмегімен жарықтың шағылу заңын түсіндіру	Геометриялық оптика заңдары	11.6.2.1 - шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтау; 11.6.2.2 - жарық сигналдарын тасымалдауда оптогалшықты технологияның артықшылығын түсіндіру
Жазық және сфералық айналар	11.6.2.2 - сфералық айнадағы сәуленің жолын салу және сфералық айнаның формуласын есептер шығаруда қолдану		
Жарықтың сыну заңы	11.6.2.3 - Гюйгенс принципінің көмегімен жарықтың сыну заңын түсіндіру		
Толық ішкі шағылу	11.6.2.4 - жарық сигналдарын тасымалдауда оптогалшықты технологияның артықшылығын түсіндіру		
№ 3 Зертханалық жұмыс «Шынының сыну көрсеткішін анықтау»	11.6.2.5 - шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтау және экспериментті жақсартудың жолдарын ұсыну		
Линзалар жүйесінде кескін салу. Жұқа линза формуласы. Оптикалық құралдар	11.6.2.6 - линзалар жүйесінде сәулелердің жолын салу; 11.6.2.8 - телескоп, микроскоп және лупадағы сәуленің жолын салу және түсіндіру	Оптикалық құралдар	11.6.2.3 - телескоп, микроскоп және лупадағы сәуленің жолын салу және түсіндіру
Салыстырмалы теорияның элементтері			
Салыстырмалы теорияның	11.7.1.1 - Галилейдің салыстырмалы		

постулаттары. Лоренц түрлендірулері	принципі мен Эйнштейннің салыстырмалы принципін сәйкестендіру; 11.7.1.2 - Эйнштейн постулаттары мен Лоренц түрлендірулерін есептер шығаруда қолдана отырып, релятивистік эффектіні түсіндіру		
Энергия. Релятивистік динамикадағы импульс және масса. Материалдық дене үшін энергия мен массаның байланыс заңы	11.7.1.3 - зарядталған бөлшектердің үдеткіштерінің жұмыс істеу принципін, оларда орын алатын релятивистік эффектіні ескере отырып түсіндіру		
Атомдық және кванттық физика			
Сәулеленудің түрлері Спектрлер.	11.8.1.1 - сәулеленудің көздері мен түрлерін топтастыру	Жарықтың корпускулярлық- толқындық табиғатының біртұтастығы Спектрлік талдау	11.7.1.1 - электромагниттік сәулеленудің корпускулярлық- толқындық табиғатының дәлелдейтін мысалдар келтіру (элементар бөлшектердің толқындық табиғаты) 11.7.1.2 - спектрлік талдау әдісін және оның қолданылуын сипаттау
Инфракызыл және ультракүлгін сәулелену. Рентген сәулелері. Электромагниттік сәулелену шкаласы	11.8.1.3 - электромагниттік сәулелену, олардың табиғатта пайда болуы мен затпен өзара әрекеттесуін ажырату	Электромагниттік сәулелену шкаласы	11.7.1.3 - электромагниттік сәулеленуді, олардың пайда болу табиғаты мен затпен әрекеттесуіне қарай ажырату
Жылулық сәулелену. Стефан – Больцман және Винн заңдары. Ультракүлгін апаты. Планк формуласы. Фотондар. Фотоэффект	11.8.1.4 - - Стефан- Больцман, Винн заңдарын және Планк формуласын ультракүлгін апаттын негіздеу және абсолют қара дененің жылулық сәулеленуін		

	сипаттау үшін қолдану		
Фотоэффектіні қолдану	11.8.1.5 - фотоэффектінің табиғатын түсіндіру және оны қолдануға мысалдар келтіру; 11.8.1.6 - фотоэффектінің заңдары мен Эйнштейн теңдеуін есеп шығаруда қолдану	Фотоэффектіні қолдану	11.7.1.4 - фотоэффектінің табиғатын түсіндіру және оны қолдануға мысалдар келтіру
Жарық қысымы	11.8.1.7 - жарықтың кванттық теориясы негізінде жарық қысымының табиғатын түсіндіру		
Жарықтың химиялық әсері	11.8.1.8 - фотосинтез және фотография үдерісін мысалға келтіре отырып, жарықтың химиялық әсерін сипаттау	Жарықтың химиялық әсері	11.7.1.5 - фотосинтез және фотография үдерісін мысалға келтіре отырып, жарықтың химиялық әсерін сипаттау
Рентгендік сәулелену	11.8.1.9 - компьютерлік және магниттік-резонанстық томографияны салыстыру	Рентгендік сәулелену	11.7.1.6 - компьютерлік және магниттік-резонанстық томографияны салыстыру
Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы	11.8.1.10 - электромагниттік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатынын дәлелдейтін мысалдар келтіру		
Альфа бөлшектің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесі. Бор постулаттары. Франк және Герц тәжірибелері	11.8.1.12 - атомның планетарлық моделін альфа бөлшектің ыдырауы бойынша Резерфорд тәжірибесіне сүйене отырып негіздеу; 11.8.1.13 - Бор постулаттарына сүйеніп атомның орнықты күйінің шартын түсіндіру		
№ 4 Зертханалық жұмыс	11.8.1.14 - сутегі атомының		

«Сәулеленудің тұтас және сызықтық спектрлерін бақылау»	энергетикалық құрылымына сүйене отырып, сызықтық спектрдің табиғатын түсіндіру;		
Сызықты емес оптика туралы түсінік. Лазерлер	11.8.1.15 - лазер құрылымын және әсер ету принципін түсіндіру; 11.8.1.16 - голографияның даму кезеңдерін талқылау	Лазерлер.	11.7.1.7 - лазер құрылымының әсері мен қолданылуын түсіндіру; 11.7.1.8 - голографияның даму кезеңдерін талқылау
Бөлшектің толқындық қасиеттері. Бор теориясының қиыншылығы. де Бройль толқындары	11.8.1.17 - элементар бөлшектердің толқындық табиғатының пайда болуы мен практикада қолданылуына мысалдар келтіру; 11.8.1.18 - де Бройль толқын ұзындығының формуласын есептер шығаруда қолдану		
Атом ядросының физикасы			
Табиғи радиоактивтілік. Радиоактивті ыдырау заңы	11.8.2.1 - радиоактивті ыдырау заңы негізінде ядролық қалдықтармен аймақтың зақымдануының ұзаққа созылу себептерін түсіндіру; 11.8.2.2 - радиоактивті ыдыраудың формуласын есептер шығаруда қолдану	Табиғи радиоактивтілік. Радиоактивті ыдырау заңы №4 Зертханалық жұмыс: «Жартылай ыдырау периодын анықтау»	11.7.2.1- - радиоактивті ыдырау заңы негізінде ядролық қалдықтармен аймақтың зақымдануының ұзаққа созылу себептерін түсіндіру 11.7.2.2 - графикалық тәсіл арқылы жартылай ыдырау периодын анықтау
Атомдық ядро. Ядроның нуклондық моделі. Изотоптар. Ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы	11.8.2.3 - атомдық ядроның байланыс энергиясын есептеу және меншікті байланыс энергиясының ядроның массалық санына тәуелділігін түсіндіру	»	
Ядролық реакциялар. Жасанды радиоактивтілік.	11.8.2.4 - ядролық реакцияны жазу кезінде массалық және зарядтық	Ядролық реакциялар. Ауыр ядролардың бөлінуі. Тізбекті ядролық реакция	11.7.2.3 - ядролық реакцияны жазу кезінде массалық және зарядтық санның сақталу заңын

Ауыр ядролардық бөлінуі. Тізбекті ядролық реакция. Сындық масса	санның сақталу заңын қолдану; 11.8.2.5 - ядролық синтездің және табиғи радиоактивтіліктің табиғатын түсіну		қолдану, ядролық синтездің және табиғи радиоактивтіліктің табиғатын түсіну
№ 5 Зертханалық жұмыс «Дайын сурет бойынша зарядталған бөлшектердің тректерін оқып үйрену»	11. 8.2.6 - магнит өрісіндегі зарядталған бөлшектердің қозғалыс сипатын түсіндіру		
Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері. Радиациядан қорғану	11. 8.2.7 - α , β және γ сәулелерінің табиғатын, қасиеттерін және биологиялық әсерін түсіндіру	Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері. Радиациядан қорғану	11.7.2.4 - α , β және γ сәулелердің иондалу және өтімділік қабілеттерін түсіндіру; 11.7.2.5 - радиоактивті материалдарды өңдеуді, қолдануды, сақтауды және олармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сипаттау
Ядролық реактор. Ядролық энергетика. Термоядролық реакциялар	11. 8.2.8 - ядролық реакторлардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін сипаттау; 11. 8.2.9 - ядролық энергетиканың даму кезеңдерін талқылау	Ядролық реактор. Ядролық энергетика	11.7.2.6 - ядролық реакторлардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін сипаттау; 11.7.2.7 - ядролық энергетиканың даму кезеңдерін талқылау
Нанотехнология және наноматериалдар			
Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелер және даму кезеңдері. Наноматериалдар	11.9.1.1 - наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын түсіндіру; 11.9.1.2 - нанотехнологияның қолданылуын талқылау	Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, <i>өзекті мәселелер</i> және даму кезеңдері. Наноматериалдар	11.8.1.1 - наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын, қолдануын түсіндіру
Космология			
Жұлдыздар әлемі. Жұлдызға дейінгі қашықтық. Айнымалы	11.10.1.1 - жұлдыздардың басты спектрлік класын сипаттау;	Жұлдыздар әлемі. Жұлдыздық шамалар.	11.9.1.1 - жұлдыздардың жырақтылығы бойынша

жұлдыздар	11.10.1.2 - көрінерлік жұлдыздық шама және абсолют жұлдыздық шама ұғымдарын ажырату; 11.10.1.3 - көрінерлік және абсолют жұлдыздық шаманы анықтау үшін формулаларды қолдану		жіктелетінін, көрінерлік жұлдыздық шамамен және абсолют жұлдыздық шамамен сипатталатынын түсіндіру
Жұлдыздардың планеталық жүйелері. Жер топтарындағы планеталар және гигант- планеталар. Күн жүйесіндегі кіші денелер	11.10.1.5 - Жұлдыздар эволюциясын түсіндіру үшін Герцшпрунг-Рассель диаграммасын қолдану; 11.10.1.6 - қара құрдымдар, нейтронды жұлдыздар және аса жаңа жұлдыздардың қасиеттерін сипаттау	Жұлдыздардың классификациясы	11.9.1.2 - жұлдыздар эволюциясын түсіндіру үшін Герцшпрунг-Рассель диаграммасын қолдану; 11.9.1.3 - қара құрдымдар, нейтронды жұлдыздар және аса жаңа жұлдыздардың қасиеттерін сипаттау
Біздің Галактика. Басқа Галактикалардың ашылуы. Квazarлар	11.10.1.7 - ара қашықтықты анықтау үшін, «қарапайым май шамдар» әдісін пайдалануды сипаттау	Қашықтықты анықтау	11.9.1.4 - ара қашықтықты анықтау үшін қолданылатын «жаңа тәсілдер» әдісін пайдалануды сипаттау
Үлкен жарылыс теориясы. Қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау.	11.10.1.8 - Әлемнің жеделдеуі мен қара энергия туралы пікірталасты талқылау;	Күңгірт энергия. Әлемнің үдеуі мен ұлғаюы	11.9.1.6 - берілген астрономиялық бақылауларға сүйене отырып әлемнің ұлғаюы туралы болжамды талқылау
Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері. Әлемнің моделдері. Өмір және Әлем туралы ойлар Адамзаттың космостық болашағы және космосты игеру	11.10.1.10 - Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын бағалай алу; 11.10.1.11 - микротолқынды фондық сәулелену туралы ақпаратты қолданып, Үлкен Жарылыс теориясын түсіндіру	Үлкен жарылыс теориясы. Қызыл ығысу	11.9.1.7 - Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын бағалай алу; 11.9.1.8 - микротолқынды фондық сәулелену туралы ақпаратты қолданып, Үлкен Жарылыс теориясын түсіндіру

Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1 тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау білім беру ұйымдарының басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.

«Физика» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 12 өңірінен педагогтер қатысты. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Физика» пәнінен сабақ беретіп қатысқан педагогтер туралы мәліметтер 3.3-кесте берілген.

3.3-кесте. Педагогтер туралы мәліметтер.


№	Өңірлер	Пайыздық құрамы
1	Ақмола облысы	14,3
2	Қостанай облысы	6,6
3	Түркістан облысы	7,7
4	Атырау облысы	2,2
5	Қызылорда облысы	14,3
6	Маңғыстау облысы	5,5
7	Қарағанды қаласы	7,7
8	Павлодар облысы	3,3
9	Солтүстік Қазақстан облысы	2,2
10	Жетісу облысы	3,3
11	Абай облысы	13,2
12	Жамбыл облысы	11,0
13	Батыс Қазақстан облысы	7,7
14	Ұлытау	2,2

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Қызылорда және Ақмола облысының педагогтері сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 14,3% құрап белсенді қатысты. Ал Астана қаласы, Алматы қаласы, Астана қаласы Алматы облысы педагогтері сауалнамаға қатыспаған.

Атырау облысы-2,2; Жамбыл облысы-11, Маңғыстау облысы-5,5, Павлодар облысы-3,3; Солтүстік Қазақстан облысы-2,2; Жетісу облысы-3,3; Абай облысы- 13,2 бойынша пән мұғалімдерінің үлесі % құрады.

Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы 3.1-диаграммада толығырақ берілген.

3.1-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері (% көрсеткішпен)




Сауалнамаға қатысқан жаратылыстану-математикалық бағыттағы бағыттағы сыныптарда сабақ беретін «Физика» пәні мұғалімдерінің көп саны 30, ауыл мектептерінің педагогтері, қалалық мектептердің педагогтері 59, шағын жинақты мектеп педагогтерінің үлесі 11% көрсетті. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 3.2-диаграммада берілген.



Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: педагогтердің 100 % – ы жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 11 % – ы магистрлер, 9 % – ы – бакалаврлар. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 4.3-диаграммада көрсетілген.

3.3-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі




Сауалнамаға қатысқан еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті.

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (37,5%) тәжірибелі мамандар болып табылады және 25% педагогтің 10-15 жылдық еңбек өтілі бар.

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 15 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 20% және 16% - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 4.4-диаграммада көрсетілген.

3.4-диаграмма Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің еңбек өтілі (%-көрсеткішпен)



Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу нәтижесінде пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог - сарапшылар 26, педагог-модераторлар 17 және санаты жоқ педагогтер 12 құрағанын көруге болады. Педагогтердің үлесі 74, педагог-зерттеушілер 21 болды. Сонымен қатар, сауалнамаға педагог-шеберлер -1, 1-санатты педагогтер -1602 мен жоғары

санаттағы педагогтердің 131-ы қатысты. Бұл статистика 3.5-диаграммада айқын көрсетілген. Барлығы 1884 педагог қатысты.

3.5-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаты



Педагог қызметкердің кәсібилігінің көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту.


Қазіргі уақытта педагогтардың біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» біліктілікті арттырудың Ұлттық орталығы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары. “Физика” пәні мұғалімдерінің соңғы 2021-2022 жылдарда біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 3.4-кестеде келтірілген.

3.4-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері(%-көрсеткішпен)

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	23	36	32
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	17	20	54

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 23% бен 36 % аралығын қамтыса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 17% ды, ал 2022 жылы 20% қамтыған. Талдау нәтижесі 3.6-диаграммада берілген.

3.6-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер



Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

10-11-сыныптың жаратылыстану-математикалық бағыттағы арналған «Физика» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі МЖМБС) талаптарына сәйкестігі бойынша сауалнама нәтижелері талданды.

Сауалнамаға сәйкес, Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Физика» пәні мазмұны арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын талдау нәтижесі 3.5- кестеде көрсетілген.


3.5-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік азаматтық	61	28	2
Құрмет	27	57	0,7
Ынтымақтастық	21	63	0,6
Еңбек пен шығармашылық	74,3	24,6	1,1
Ашықтық	62,2	35,2	2,5
Өмір бойы білім алу	74,7	23,3	0,9

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылатынын педагогтердің 75 % өз жауаптарында көрсеткен.

Педагогтердің орта есеппен 20% ішінара жүзеге асырылатын белгілеген. Ал орта есеппен 1% жүзеге асырылмайды деп жауап берді. Талдау нәтижелері 3.7-диаграммада берілген.

3.7-диаграмма. МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы



МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 3.6-кестеде берілген.


3.6-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	63	21	1,7
Сөйлем құрылымы	52	38	2,3
Қолжетімділігі	49	41	0,5

Айқындылығы	54	38	2
-------------	----	----	---

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Физика» оқу пәні бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 60,4% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін өз жауаптарында белгілеген. Талдау нәтижелері 3.8-диаграммада берілген.

3.8-диаграмма. МЖМБС пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсініктілігі



МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- ✓ Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- ✓ Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- ✓ Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы
- ✓ Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- ✓ Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама сурақтары талданды.


МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 3.7-кестеде берілген.

3.7-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	56	24	1,7
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	58	33	1,2

Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	54	37	0,6
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	33	35	1,3
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	55	33	1,6

3.9-диаграмма. МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі



Пән мұғалімдерінің шамамен 68,4% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.

Орташа сәйкестігі туралы жауапты мұғалімдердің 27% көрсетті.

«Физика» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 3.8-кестеде берілген.

3.8-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
--------	------------	-----------------	------------------------

Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	88,2	1,4	10,4
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	87,1	4,4	8,5
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	63,8	30	16,2
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	82,7	5,5	11,8
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	79,5	6	14,5
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	69,6	18	12,4

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің 68,5% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- ✓ жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
 - ✓ Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
 - ✓ Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
 - ✓ Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.
- Талдау нәтижелері 3.10-диаграммада берілген.

3.10-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



«Физика» оқу пәнінің өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы “Физика” оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді.

Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста болуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы және пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттарының көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі % көрсеткішпен 3.9-кестеде берілген.

3.9-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	68,5	30,5	0,9
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	68	30	2
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	65,6	30,7	3,7
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	67,4	30	2,5
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	66,6	30,2	3,2
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	66,3	30,4	2,3
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	63,4	35,3	1,4

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 65,4% пән мазмұнының негізгі талаптарға толық сәйкестігін көрсеткен.

Ішінара сәйкес келеді деген жауапты белгілеген мұғалімдердің үлесі орта есеппен 30% құрады. Талдау нәтижелері 3.11-диаграммада берілген.

3.11-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі



Сонымен қатар «Физика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының артықшылықтары туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі 3.10-кестеде берілген.

3.10-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Негізгі артықшылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	61,1	36	2,9
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	62	36,6	1,5
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	56	41,5	2,5
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	56	41,1	2,9
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	50,8	41,5	7,7
Білім мазмұнында қоғамдық гуманитарлық бағытындағы пәндер бойынша зерттеу сұрақтары, жобалық зерттеу жұмыстары	69,7	29,3	1

жеткілікті қамтылған

10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын «Физика» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті.

Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 50,8 ден 69,7 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға және негізделгенін атап көрсеткен.

Сонымен қатар, пән бойынша практикалық жұмыстар, жағдаяттық, жобалық зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген. Талдау нәтижелері 3.12-диаграммада берілген.

3.12-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары



Сонымен қатар білім алушылар үшін «Физика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.


Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама сұрақтарына сәйкес талдау нәтижесі 3.11-кестеде берілген.

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
-----------------------------------	--------	--------	--------

Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	81,2	17,5	1
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	68,7	31,2	
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	62,2	35,9	1,8
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	68,7	30,2	1
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	56,2	42,4	1,4

Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағытталуы зерделенді. Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 67,4% оқу бағдарламасының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті. Талдау нәтижелері 3.13-диаграммада көрсетілген.

3.13-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы



«Сізге қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді, оқыту мақсаттарын көрсетіңіз», деген сауалнама сұрағына педагогтер оқыту мақсаттары түсінікті, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған деп жауап берді. Өз жауаптарында бөлімдер мен тақырыптар жүйелі берілгенін көрсетті.

Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша жүргізілген талдау Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық


бағыттағы «Физика» оқу пәнінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы арқылы оқу процесінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың жүзеге асырылуы және үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы шамамен орта есеппен 67,4% құрайтындығын көрсетті. Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 65,4 % қамтығанын көруге болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

10-11-сыныптарға арналған қоғамдық-гуманитарлық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге және пән мазмұнының жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігі туралы пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

2022-2023 оқу жылында Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптардың «Физика» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің таңдау пәні бойынша стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 сағатқа өзгерді. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді.

Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1 тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды. «Физика» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 8 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер (% көрсеткішпен) 4.14-диаграммада берілген.



Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде:

Түркістан облысы (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 35,7%); Абай облысы (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 14,2%);

Астана қаласы педагогтері (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 14,2%) белсенді қатысты.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың орташа көрсеткішін Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Алматы және Жамбыл облысы мен Алматы қаласының педагогтері (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 7,1%) қамтыды. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің көп санын 57,1% қалалық мектептердің педагогтері және 28,5% ауыл мектептерінің педагогтері құрады, ал шағын жинақты мектеп педагогтерінің үлесі –14,2% көрсетті. Сауалнамаға қатысқан «“Физика” пәндерінің педагогтерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 3.15-диаграммада көрсетілген.

3.15-диаграмма. Пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер (% көрсеткішпен)



Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: сауалнамаға қатысқан «Құқық негіздері» пәні педагогтерінің 100 % жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 64,3% – магистрлер, 35,7% – бакалаврлар. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 3.16-диаграммада көрсетілген.



3.16-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі туралы мәліметтер


Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің контингентін еңбек өтілі бойынша зерттеу 3.12-кестеде көрсетілген.

3.12-кесте. Еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерін талдау.

№	Еңбек өтілі	Педагогтер саны %
1	1-5 жыл	14,2
2	5-10 жыл	21,4
3	10-15 жыл	28,5
4	15 жылдан жоғары	35,7

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі 35,7% тәжірибелі мамандар болып табылады және пән мұғалімдерінің 28,5% -ның 10-15 жылдық еңбек өтілі бар.

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 10 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 24,1% және 14,2% - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 3.17-диаграммада көрсетілген.



Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу 3.13-кестеде көрсетілген.

3.13-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаттары бойынша талдау нәтижелері.

№	Біліктілік санаттары	Педагогтер саны %
1	Жоғары	10
2	I	7,5
4	Санаты жоқ	15
5	Педагог	14,2
6	Педагог-модератор	15
7	Педагог- сарапшы	16,2
9	Педагог- шебер	7,5

Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог сарапшылар 16,2%, педагог-

модераторлар 15% мен біліктілік санаттары жоқ 15% педагогтер құрады. Біліктілік санаттарына ауыспаған педагогтер 14,2% , ал жоғары санатты педагогтер сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 10,6%-ын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан педагог-шеберлер мен 1 санаттағы педагогтердің үлесі 7,5% құрады. Бұл статистика 3.18-диаграммада айқын көрсетілген.



Педагог қызметкердің кәсібилігінің негізгі көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында педагогтердің біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» БАҰО және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 3.14-кестеде келтірілген.


3.14-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	35,7	14	21,4
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	21,4	7,1	42,8

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 35,7% мен 14% аралығын құраса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 21,4% ды, ал 2022 жылы 7,1% қамтыған.

Сонымен қатар 2021-2022жж «Өрлеу» БАҰО ДББҰ біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны 21,4%, ал «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 42,8% көрсеткен. Талдау нәтижесі 3.19-диаграммада айқын көрсетілген.

3.19-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы мәліметтер



Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы (бұдан әрі МЖМБС) талаптар жаратылыстану-математика бағытындағы «Физика» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуы туралы сауалнама нәтижелері жеке-жеке талданды.

«Физика» пәні педагогтерінің Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы жөніндегі талдау нәтижесі 3.15- кестеде көрсетілген.

3.15-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)


МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	80	24,3	0,6
Құрмет	74	25,3	0,7
Ынтымақтастық	68	27,3	0,6
Еңбек пен шығармашылық	74,3	24,6	1,1
Ашықтық	62,2	35,2	2,5
Өмір бойы білім алу	74,7	23,3	0,9

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБС- да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде 62,2 мен 80% аралығында жүзеге асырылатынын көрсетті.

Сонымен қатар, аталған базалық құндылықтардың ішінен оқу процесінде жүзеге асырылатын басым құндылықтар қатарына «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік» 80%, «Өмір бойы білім алу» 74,7%, Еңбек пен шығармашылық 74,3% және «Құрмет» 74,3% құрағанын көруге болады.

Талдау нәтижелері 3.20-диаграммада берілген.

3.20-диаграмма. МЖМБС базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы




Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 3.16-кестеде берілген.

3.16-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	65,7	29,6	1,7
Сөйлем құрылымы	48,6	38,5	2,3
Қолжетімділігі	60,3	38,6	0,5
Айқындылығы	58,7	39,2	2

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілген «Физика» оқу пәндері бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 58,3% МЖМБС-

дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін көрсетті. Сонымен қатар, күтілетін нәтижелердің, қолжетімділігі 60,3%, айқындылығы 58,7%, дұрыс тұжырымдалуын суалнамаға жауап берушілердің 65,7% құрағанын көруге болады. Талдау нәтижелері 3.21-диаграммада берілген.




Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуді анықтауға арналған сауалнама нәтижесі пайыздық көрсеткішпен 3.17-кестеде берілген.

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	67,8	35,1	1,7
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	62	36,3	1,2
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	52,9	40,2	0,6
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	72,8	36,3	1,3
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	79,6	38,3	1,6

Сауалнама нәтижесі “Физика” оқу пәні бойынша оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелердің практикаға бағытталуын педагогтердің 79,6%; оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз етуін 72,8%; Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкестігін педагогтердің 67,8%; сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамытуға бағытталуын 62%, оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығын 52,9% белгілеген. Талдау нәтижелері 3.22-диаграммада берілген.



Пән мұғалімдерінің орта есеппен 68,6% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес деген жауапты белгілеген.

Сонымен қатар, пән мұғалімдері пән мазмұнының практикаға бағыттылығына басымдық берілсе деген ұсыныстарын білдірген.

“Физика” оқу пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 3.18-кестеде берілген.

3.18-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМБС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге киналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	87	3,6	9,5

Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	89,1	5,4	5,5
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	89,7	5,7	14
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	83,2	7,1	9,6
Білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі	1,2	62,4	37,4
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	65,6	19,8	14,6

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 82,9% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
- Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
- Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
- Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.

Пән мұғалімдерінің 65,6 % білім алушылардың оқу жүктемесінің артуын білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететінін белгілеген.

Сонымен қатар, педагогтердің 62,4 % білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі білім сапасын арттыруға кері әсер ететінін көрсеткен. Талдау нәтижелері 3.23-диаграммада берілген.

3.23-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлардың қатарына ұсыныс ретінде пәндік курстар ұйымдастырылуын және құқық негіздері бойынша оқыту мақсаттарына жағдаяттық тапсырмаларды кіріктіруді ұсынды.

Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Сауалнамаға берілген жауаптар негізінде 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы “Физика” оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді. Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы, пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі 3.19-кестеде берілген.

3.19-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі (% көрсеткішпен)

Негізгі талаптар	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	69	29,3	1,7
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	68,2	41,7	2,5
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	57,1	38,9	3,9
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	58,5	38	3,5
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	60,3	36,7	2,9
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	67,8	39,4	5,8
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	62,2	35,9	1,9

Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі бойынша сауалнама сұрақтарына жасалған талдауда пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келетінін пән мұғалімдерінің:

69 %, үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың қызығушылығын арттыратынын;

68,2%, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуын;

67,8%, тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын;


62,2%, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылғанын;

60,3 %, үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылғанын;

58,5 %, үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін;

57,1 % -ның жауаптарында көрсетілген. Талдау нәтижелері 3.24-диаграммада берілген.

3.24-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі



Сонымен пән мұғалімдерінің орта есеппен 63,3% пән мазмұнының негізгі талаптарға сәйкестігін көрсеткен.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі 3.20-кестеде берілген.

3.20-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Негізгі артықшылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	62	36	2,9
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	68,3	36,6	1,5
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	59,6	41,5	2,5
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	56	41,1	2,9

Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	45,8	46,5	7,7
Пәндер бойынша практикалық жұмыстар білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	57,7	38,8	3,5
Пәндер бойынша жобалық, зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	68	22	1,2

«Физика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтарын анықтауға арналған сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті.

Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 45,8 дан 68,3 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде:

– білім беру мазмұны білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы;

– жобалық, зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылуын;

– білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделгенін атап көрсеткен.

Сонымен қатар, пәндер бойынша практикалық жұмыстардың білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген.

Талдау нәтижелері 3.25-диаграммада берілген.

3.25-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары



10-11-сыныптардың жаратылыстану-математикалық бағыттыңдағы «Физика» оқу пәнінің өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларында оқу

процесінде қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдердің болуы туралы сауалнама нәтижесі келесідей нәтиже көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 92,9% «қиындық жоқ» деп жауап берді. Сізге қиындық тудырған оқыту мақсаттарын көрсетіңіз деген сауалнама сұрағына педагогтердің 99,8 % «қиын оқыту мақсаты жоқ» деп жауап берген.

Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама бойынша пән мұғалімдерінің жауаптары талданды. Сауалнама нәтижесі 3.21-кестеде берілген.


3.21-кесте. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	76,8	37	3,2
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	68,9	40,1	3,6
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	54,1	41,1	4,8
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	69,2	38,6	2,3
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	62,1	32	2,3

Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағытталуы зерделенді.

Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 66,2% пән бойынша оқу бағдарламаларының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті. Талдау нәтижелері 3.26-диаграммада көрсетілген.

3.26-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы



Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесіне сәйкес жүргізілген талдау Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың “Физика” пәні арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын пән мұғалімдерінің орта есеппен 69%, ал үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы орта есеппен 66,2% көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 63,3 % қамтығанын көруге болады.

Сонымен Жалпы орта білім беру деңгейінің МЖМБС, үлгілік оқу жоспарларына және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер бойынша байқау нәтижесі оқу бағдарламаларын оқу процесінде жүзеге асыруда айқындалған кемшіліктерді анықтау, оны оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруде қолданылатын болады.

4. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

10-11-сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні бойынша жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағытында «Химия» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 10-11-сыныпқа арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Химия» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің таңдау пәні бойынша тереңдетілген деңгейде 1 сағаттан 2 сағатқа ұзартылды. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді. Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1 тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау білім беру ұйымдарының басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.

«Химия» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген

сауалнамаға Қазақстан Республикасының 16 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер 4.1-кесте берілген.

4.1-кесте. Педагогтер туралы мәліметтер.

№	Өңірлер	Пайыздық құрамы
1	Абай облысы	12,0
2	Түркістан облысы	11,0
3	Ақмола облысы	12,0
4	Жетісу облысы	7,0
5	Батыс Қазақстан облысы	5,0
6	Жамбыл облысы	12,0
7	Ұлытау облысы	4,0
8	Маңғыстау облысы	3,0
9	Павлодар облысы	5,0
10	Қызылорда облысы	14,0
11	Атырау облысы	2,0
12	Қарағанды облысы	3,0
13	Алматы қаласы	1,0
14	Алматы облысы	1,0
15	Солтүстік Қазақстан облысы	5,0
16	Шығыс Қазақстан облысы	3,0

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Қызылорда, Ақмола, Абай, Түркістан және Жамбыл облыстарының педагогтері сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 61,0% құрап белсенді қатысты. Ал Астана қаласы, Алматы қаласы, Алматы облысы, Атырау облысы, Маңғыстау облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Жетісу облысы, бойынша пән мұғалімдерінің үлесі 2-7% аралығында құрады.


Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы 4.1-диаграммада толығырақ берілген



4.1-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері (% көрсеткішпен)


Сауалнамаға қатысқан қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарда сабақ беретін «Химия» пәні мұғалімдерінің көп саны 69,0% ауыл мектептерінің педагогтері, қалалық мектептердің педагогтері 23,0%, шағын жинақты мектеп педагогтерінің үлесі 8,0 % көрсетті. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 4.2-диаграммада берілген.

4.2-диаграмма - Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер



Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: педагогтердің 77,0 % – ы жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 9,0% – ы магистрлер, 14,0% – ы – бакалаврлар. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 4.3-диаграммада көрсетілген.

4.3-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі



Сауалнамаға қатысқан еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті.

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (55,0%) тәжірибелі мамандар болып табылады және 13% педагогтің 10-15 жылдық еңбек өтілі бар.

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 10 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 18,0% және 14,0% - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 4.4-диаграммада көрсетілген.

4.4-диаграмма Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің еңбек өтілі (%-көрсеткішпен)



Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу нәтижесінде пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог-зерттеушілер 29,0%, педагог - сарапшылар 24,0 % педагог-модераторлар 17,0% және санаты жоқ педагогтер 10% құрағанын көруге болады. Педагогтердің үлесі 7,0% болды. Сонымен қатар, сауалнамаға педагог-шеберлер 4,0%, 1-санатты педагогтер 5,0% мен жоғары санаттағы педагогтердің 3,0%-ы қатысты. Бұл статистика 4.5-диаграммада айқын көрсетілген.



4.5-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаты (%-көрсеткішпен)


Педагог қызметкердің кәсібилігінің көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту.

Қазіргі уақытта педагогтардың біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» біліктілікті арттырудың Ұлттық орталығы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары. «Химия» пәні мұғалімдерінің соңғы 2021-2022 жылдарда біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 4.2-кестеде келтірілген.

4.2-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері (%-көрсеткішпен)

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	26,9	31	42,1
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	24	22,2	53,8

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 26,9 % бен 31,0 % аралығын қамтыса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 24,0% ды, ал 2022 жылы 22,2% қамтыған. Талдау нәтижесі 4.6-диаграммада берілген.



4.6-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған «Химия» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі МЖМБС) талаптарына сәйкестігі бойынша сауалнама нәтижелері талданды.

Сауалнамаға сәйкес, Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Химия» пәні мазмұны арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын талдау нәтижесі 4.3- кестеде көрсетілген.

4.3-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл	Жауап жоқ
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	69,0	23,0	2,0	6,0
Құрмет	68,0	16,0	3,0	13,0
Ынтымақтастық	74,0	18,0	2,0	6,0
Еңбек пен шығармашылық	74,0	19,0	2,0	5,0
Ашықтық	62,0	29,0	3,0	6,0
Өмір бойы білім алу	78,0	16,0	3,0	3,0

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылатынын педагогтердің 70,8 өз жауаптарында көрсеткен.

Педагогтердің орта есеппен 20,2% ішінара жүзеге асырылатын белгілеген. Ал орта есеппен 2,5% жүзеге асырылмайды деп жауап берді. Талдау нәтижелері 4.7-диаграммада берілген.

4.7-диаграмма. МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы




МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 4.4-кестеде берілген.

4.4-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	61,0	36,0	3,0
Сөйлем құрылымы	58,0	38,0	4,0
Қолжетімділігі	61,0	36,0	3,0
Айқындылығы	57,0	39,0	4,0

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Химия» оқу пәні бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 59,3% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін өз жауаптарында белгілеген. Талдау нәтижелері 4.8-диаграммада берілген.


4.8-диаграмма. МЖМБС пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсініктілігі



МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- ✓ Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- ✓ Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- ✓ Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы
- ✓ Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- ✓ Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 4.9-диаграммада берілген.

4.9-диаграмма. МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі



Пән мұғалімдерінің шамамен 61,6% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.

Орташа сәйкестігі туралы жауапты мұғалімдердің 36,2% көрсетті.

«Химия» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 4.5-кестеде берілген.

4.5-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар


МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	87,0	5,0	8,0
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	90,0	5,0	5,0
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	85,0	5,0	10,0
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	85,0	7,0	8,0
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	57,0	26,0	17,0

Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	59,0	23,0	18,0
--	------	------	------

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің 77,2% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- ✓ жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
 - ✓ Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
 - ✓ Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
 - ✓ Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.
- Талдау нәтижелері 4.10-диаграммада берілген.

4.10-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



«Химия» оқу пәнінің өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Химия» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді.

Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста болуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы және пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттарының көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі % көрсеткішпен 4.6-кестеде берілген.


4.6-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі

МЖМББС	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМББС талаптарына сәйкес келеді	56,0	42,0	2,0
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	46,0	51,0	3,0
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	49,0	44,0	7,0
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	46,0	46,0	8,0
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	56,0	38,0	6,0
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	49,0	40,0	11,0
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	55,0	41,0	4,0

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 51,0% пән мазмұнының негізгі талаптарға толық сәйкестігін көрсеткен.

Ішінара сәйкес келеді деген жауапты белгілеген мұғалімдердің үлесі орта есеппен 43,1% құрады. Талдау нәтижелері 4.11-диаграммада берілген.

4.11-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі



Сонымен қатар «Химия» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының артықшылықтары туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі 4.7-кестеде берілген.

4.7-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары


Негізгі артықшылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	56,0	38,0	6,0
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	59,0	38,0	3,0
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	52,0	42,0	6,0
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	52,0	46,0	2,0
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	47,0	42,0	11,0
Білім мазмұнында пәндер бойынша зерттеу сұрақтары, жобалық зерттеу жұмыстары жеткілікті қамтылған	60,0	35,0	5,0

Пәндер бойынша зертханалық жұмыстар білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	56,0	36,0	8,0
--	------	------	-----

10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын «Химия» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті.

Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 54,5 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға және негізделгенін атап көрсеткен.

Сонымен қатар, пән бойынша практикалық жұмыстар, жағдаяттық, жобалық зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген. Талдау нәтижелері 4.12-диаграммада берілген.



4.12-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Сонымен қатар білім алушылар үшін «Химия» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама сұрақтарына сәйкес талдау нәтижесі 4.8-кестеде берілген.

4.8-кесте - Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	47,0	50,0	3,0
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	50,0	46,0	4,0
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	45,0	50,0	5,0
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	53,0	47,0	0,0
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	54,0	45,0	1,0

Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағытталуы зерделенді. Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 47% оқу бағдарламасының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті. Талдау нәтижелері 5.13-диаграммада көрсетілген.

4.13-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы



«Сізге қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді, оқыту мақсаттарын көрсетіңіз», деген сауалнама сұрағына педагогтер оқыту мақсаттары түсінікті, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған деп жауап берді. Өз жауаптарында бөлімдер мен тақырыптар жүйелі берілгенін көрсетті.

Қиындық тудырған мақсаттарға ішінара келесілерін көрсетті:

10.3.1.1 ішкі энергия және энтальпия өзгерістер жылу эффектісі болып табылатындығын түсіну

10.3.1.2 химиялық реакциялар - байланыстардың үзілуі мен жаңа байланыстардың түзілу процесін қамтитындығын түсіну;

10.3.1.3 реакцияның энтальпия өзгерісін тәжірибе жүзінде анықтау және оны анықтамалық деректер негізінде есептеу;

10.3.1.4 Гесс заңының физикалық мәнін түсіндіру және оны химиялық реакцияның энтальпия өзгерісін есептеу үшін қолдана алу;

10.3.1.5 энтропияны жүйенің ретсіздік өлшемі ретінде түсіндіру және оны анықтамалық деректер бойынша есептеу

Сонымен қатар білім алушылар үшін «Химия» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша жүргізілген талдау Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Химия» оқу пәнінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы арқылы оқу процесінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың жүзеге асырылуы және үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы шамамен орта есеппен 50% құрайтындығын көрсетті.

5. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәні

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогикалық жұртшылықтың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағытында «География» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

Жоғары мектептегі «География» пәнінің мақсаты – білім алушылар қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық,

геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

Пәннің міндеттері:

1) білім алушының бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;

2) геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;

3) білім алушылар картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;

4) білім алушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

5) геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру.

Қазіргі жағдайда мектептерде қоғамдық гуманитарлық бағыттан гөрі Жаратылыстану математикалық бағыт басым. Арнайы мамандандырылған физика математика ,техникалық мектептерде ҚГБ небәрі аптасына 1 сағаттан өтіледі. Сондықтанда сауалнамаға аз мұғалімдер қатысқандығы.

2022-2023 оқу жылында «География» пәні бойынша оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің таңдау пәні бойынша тереңдетілген деңгейде 3сағаттан 2 сағатқа, стандарттық деңгейде 2 сағаттан 1 сағатқа қысқартылды. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді. Зерделеу тек 1 тоқсан нәтижесі бойынша жүргізілді. Пән мазмұны бойынша пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.

«География» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазастан Республикасының 11 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер 5.1-кесте берілген.

5.1-кесте. Педагогтер туралы мәліметтер.

№	Өңірлер	Мектеп саны
1	Ақмола облысы	4
2	Алматы қаласы	1
3	Алматы облысы	3
4	Атырау облысы	4
5	Қызылорда облысы	2
6	Маңғыстау облысы	3

7	Астана қаласы	5
8	Павлодар облысы	3
9	Солтүстік Қазақстан облысы	2
10	Жетісу облысы	2
12	Жамбыл облысы	4

Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы 5.2-кестеде көрсетілген.

5.2-кестеде Ауыл мектеп мұғалімдері басым.

ауыл мектебінде	22
қала мектебінде	11
шағын жинақты мектепте	

5.1-диаграмма.



Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: педагогтердің 21 жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 2 – бакалаврлар.

Сауалнамаға қатысқан еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті.

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (37,5%) тәжірибелі мамандар болып табылады және 25% педагогтің 10-15 жылдық еңбек өтілдері бар.

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 15 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 50% және 50% - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды.

Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу нәтижесінде пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог - сарапшылар 25%, педагог-модераторлар 18,7% және санаты жоқ педагогтер 18% құрағанын көруге болады. Педагогтердің үлесі 15%, педагог-зерттеушілер 40% болды. Сонымен қатар, сауалнамаға педагог-шеберлер 45%-ы қатысты.

Педагог қызметкердің кәсібилігінің көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту.

Қазіргі уақытта педагогтардың біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы арқылы өтілуде. – «Өрлеу» біліктілікті арттырудың Ұлттық орталығы және және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары. «География» пәні мұғалімдерінің соңғы 2021-2022 жылдарда біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 5.3-кестеде келтірілген.

5.3-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері (адам санымен)

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	12	14	4
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	6	5	5

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған «География» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының тараулары оңтайландырылды.

5.4 кесте. 10 сыныпта оңтайландырылған мақсаттар

3. Табиғатты пайдалану және геоэкология		
3.2 Геоэкологиялық зерттеулер негіздері	Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі	10.3.2.1 - геоэкологиялық зерттеулердің мәнін, мазмұнын, бағыттарын және негізгі категорияларын графикалық түрде ұсыну
	Геосфералардың ластануы	10.3.2.2 - геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу
	Геоэкологиялық аудандастыру	10.3.2.3 - дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру
	Геоэкологиядағы антропогендік факторлар	10.3.2.4 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру және графикалық түрде ұсыну 10.3.2.5 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторлардың азайту жолдарын ұсыну
	Ғаламдық экологиялық проблемалар	10.3.2.6 ғаламдық экологиялық проблемалардың пайда болуында географиялық заңдылықтардың орнын анықтау 10.3.2.7 - ғаламдық экологиялық проблемаларды шешудегі әлемдік тәжірибені зерттеу
	Экологиялық проблемаларды шешудегі ғылыми-техникалық прогресс	10.3.2.8 - экологиялық проблемаларды шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің рөлін анықтау

	Қазақстанның экологиялық проблемалары	10.3.2.9 - Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастыру негізінде экологиялық проблемалардың шешу жолдарын ұсыну
1.1. Жалпы географиялық әдістер	Зерттеу әдістерінің түрлері	10.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістерін қолдану; 10.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес сандық әдістерді қолдану
2.1 Картография	Заманауи картографиялық әдістер	10.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану
2.2 Геоинформатика негіздері	Географиялық деректер базасы	10.2.2.1 - Microsoft Excel бағдарламасының қолданысымен тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру
	Географиялық деректерді визуализациялау	10.2.2.2 - статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды жасау 10.2.2.3 - ақпараттық-коммуникациялық технология-лар графикалық редакторларын қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сай сауалнама нәтижелері талданды.

Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «География» пәні мазмұны арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын талдау нәтижесі 5.5- кестеде көрсетілген.

5.5-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)

МЖМББС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік азаматтық	80	20	
Құрмет	75	25	0
Ынтымақтастық	82	17	1
Еңбек пен шығармашылық	80	20	0
Ашықтық	75	25	0
Өмір бойы білім алу	90	10	1

5.2-диаграмма.



Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар қысқа мерзімде 1 тоқсан бойынша қарастырылған.

Педагогтердің басым көпшілігі 2 балдық көрсеткіштердің 80 аспайтындығын 1 тоқсан тақырыптарына байланыстырады. Егер 3-4 тоқсан сауалнама нәтижелері болса ол көрсеткіштер 0-95 аралығында болатын еді. жүзеге асырылмайды деп жауап берді. Талдау нәтижелері 5.6-диаграммада берілген.

МЖМБС-дағы география пәні бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 6.6-кестеде берілген.

5.6-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	80	19	1
Сөйлем құрылымы	60	29	1
Қолжетімділігі	65	31	1
Айқындылығы	50	40	0

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «География» оқу пәні бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 60,4% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін өз жауаптарында белгілеген.

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- ✓ Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- ✓ Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;


Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;

Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 5.7-диаграммада берілген.

5.7- кесте құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	60	38	2
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	65	35	
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	20	60	20
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	85	15	0
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	80	20	0

5.3-диаграмма. МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі



Пән мұғалімдерінің шамамен 68,4% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.

Орташа сәйкестігі туралы жауапты мұғалімдердің 27% көрсетті.

«География» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 5.8-кестеде берілген.


5.8-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	88,2	1,4	10,4
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	87,1	4,4	8,5
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	63,8	30	16,2
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	82,7	5,5	11,8
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	79,5	6	14,5
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	69,6	18	12,4

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің 68,5% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
- Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
- Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
- Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген. Талдау нәтижелері 5.4-диаграммада берілген.

5.4-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



«География» оқу пәнінің өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «География» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді.

Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста болуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы және пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттарының көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі % көрсеткішпен 5.9-кестеде берілген.

5.9-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі

МЖМББС	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	85	10	0
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	80	20	2
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	70	30	0
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	75	25	0
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	65	35	3,2
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	20	65	15
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	65	35	0

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 65,4% пән мазмұнының негізгі талаптарға толық сәйкестігін көрсеткен.

Ішінара сәйкес келеді деген жауапты белгілеген мұғалімдердің үлесі орта есеппен 30% құрады. Талдау нәтижелері 5.5-диаграммада берілген.

5.5-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі



10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын «География» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті.


Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 50,8 ден 69,7 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға және негізделгенін атап көрсеткен. Сонымен қатар, пән бойынша практикалық жұмыстар, жағдаяттық, жобалық зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген. Талдау нәтижелері 5.10-кестеде берілген.

5.10 кесте Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	80	20	0
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	90	10	2,5

Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	60	40	0
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	70	25	5
Білім мазмұнында қоғамдық гуманитарлық бағытындағы пәндер бойынша зерттеу сұрақтары, жобалық зерттеу жұмыстары жеткілікті қамтылған	85	15	0

Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары бойынша талдау нәтижелері 5.6-диаграммада берілген.



«Қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді, оқыту мақсаттарын көрсетіңіз», деген сауалнама сұрағына мұғалімдер оқыту мақсаттары түсінікті, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталғанын айта отырып информатика

сабағын тереңдете оқытуды картография геоинформатика бөлімдерінің сөзі ауырлау. бөлімдер мен тақырыптар жүйелі берілгенін қалайды.

Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша жүргізілген талдау Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «География» оқу пәнінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы арқылы оқу процесінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың жүзеге асырылуы және үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы шамамен орта есеппен 55,5% құрайтындығын көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын орташа көрсеткіші 70 % қамтығанын көруге болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

10-11-сыныптарға арналған «География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге және пән мазмұнының жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігі туралы пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

2022-2023 оқу жылында Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптардың «География» пәні бойынша оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің таңдау пәні бойынша стандарттық деңгейде 2 сағаттан 1 сағатқа өзгерді. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді. Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде

1 тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.

«География» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 8 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер (% көрсеткішпен) 5.11- кестеде берілген.

5.11- кестеде. Педагогтер туралы мәліметтер

Ақмола облысы	10
Алматы қаласы	3
Алматы облысы	4

Атырау облысы	2
Қызылорда облысы	11
Маңғыстау облысы	4
Астана қаласы	
Павлодар облысы	2
Солтүстік Қазақстан облысы	4
Жетісу облысы	3
Абай облысы	8
Жамбыл облысы	7
Батыс Қазақстан облысы	4
Қостанай	4

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде:

Түркістан облысы Қызылорда, Ақмола, Абай облысы (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 50%); Астана қаласы педагогтері белсенді қатысты.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің көп санын 57,1% қалалық мектептердің педагогтері және 28,5% ауыл мектептерінің педагогтері құрады, ал шағын жинақты мектеп педагогтерінің үлесі –14,2% көрсетті.

5.7-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері



Сауалнамаға қатысқан ««География» пәндерінің педагогтерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 5.7-диаграммада көрсетілген.

5.7-диаграмма. Пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер (% көрсеткішпен)



5.11 кесте - сауалнамаға қатысқан «География» пәні педагогтерінің Білім деңгейі бойынша талдау нәтижелері келесідей:

Жоғары	48
Бакалавр	25
Магистр	2

5.8-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі туралы мәліметтер



Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің контингентін еңбек өтілі бойынша зерттеу 5.12-кестеде көрсетілген.

5.12-кесте. Еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерін талдау.

№	Еңбек өтілі	Педагогтер саны %
1	1-5 жыл	12
2	5-10 жыл	28
3	10-15 жыл	20
4	15 жылдан жоғары	

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі 5-15 жылдық еңбек өтілі бар. Талдау нәтижелері 5.9-диаграммада берілген.



5.9-диаграмма. Педагогтердің еңбек өтілі

Педагог қызметкердің кәсібилігінің негізгі көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында педагогтердің біліктілігін арттыру «Өрлеу» БАҰО және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы арқылы іске асқан. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 5.13-кестеде келтірілген

5.13-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	37	29	7
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	3	2	

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 48,6% мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 10,4% ды,

Сонымен қатар 2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны 7.

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы (бұдан әрі МЖМБС) талаптар жаратылыстану-математика бағытындағы «География» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуы туралы сауалнама нәтижелері жеке-жеке талданды.

«География» пәні педагогтерінің Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы жөніндегі талдау нәтижесі 5.14- кестеде көрсетілген.

5.14-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	85	20	0
Құрмет	80	20	0
Ынтымақтастық	65	35	0
Еңбек пен шығармашылық	85	15	0
Ашықтық	60	40	0
Өмір бойы білім алу	89	11	

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБС- да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде 62,2 мен 80% аралығында жүзеге асырылатынын көрсетті. Сонымен қатар, аталған базалық құндылықтардың ішінен оқу процесінде жүзеге асырылатын басым құндылықтар қатарына «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік» 80%, «Өмір бойы білім алу» 74,7%, Еңбек пен шығармашылық 74,3% және «Құрмет» 74,3% құрағанын көруге болады. Талдау нәтижелері 5.10-диаграммада берілген. 5.10-диаграмма. МЖМБС базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы



Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 5.15-кестеде берілген.

5.15-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	80	20	0
Сөйлем құрылымы	65	35	0
Қолжетімділігі	85	15	0
Айқындылығы	55	45	0

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілген «География» оқу пәндері бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 58,3% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін көрсетті. Сонымен қатар, күтілетін нәтижелердің, қолжетімділігі 60,3%, айқындылығы 58,7%, дұрыс тұжырымдалуын суалнамаға жауап берушілердің 65,7% құрағанын көруге болады.


Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуді анықтауға арналған сауалнама нәтижесі пайыздық көрсеткішпен 5.16-кестеде берілген.

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	67,8	35,1	1,7
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	62	36,3	1,2
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	52,9	40,2	0,6
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	72,8	36,3	1,3

Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	79,6	38,3	1,6
---	------	------	-----

Сауалнама нәтижесі «География» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелердің практикаға бағытталуын педагогтердің 79,6%; оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз етуін 72,8%; Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкестігін педагогтердің 67,8%; сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамытуға бағытталуын 62%, оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығын 52,9% белгілеген. Талдау нәтижелері 5.11-диаграммада берілген.



Пән мұғалімдерінің орта есеппен 68,6% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес деген жауапты белгілеген.

Сонымен қатар, пән мұғалімдері пән мазмұнының практикаға бағыттылығына басымдық берілсе деген ұсыныстарын білдірген.

«География» оқу пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 5.17-кестеде берілген.

5.17-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	80	20	5
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	90	10	0
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	80	15	5
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	80	12	8
Білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі	2	80	18
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	65,6	19,8	14,6

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 82,9% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
- Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
- Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
- Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.

Пән мұғалімдерінің 65,6 % білім алушылардың оқу жүктемесінің артуын білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететінін белгілеген.

Сонымен қатар, педагогтердің 62,4 % білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі білім сапасын арттыруға кері әсер ететінін көрсеткен. Талдау нәтижелері 6.14-диаграммада берілген.

5.12-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлардың қатарына ұсыныс ретінде пәндік курстар ұйымдастырылуын және География бойынша оқыту мақсаттарына жағдаяттық тапсырмаларды кіріктіруді ұсынды.

Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Сауалнамаға берілген жауаптар негізінде 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы «География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді. Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы, пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі 5.18-кестеде берілген.

5.18-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі (% көрсеткішпен)

Негізгі талаптар	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	80	20	0
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	58	42	0
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	65	35	0
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	58	38	4
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	75	25	0
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	65	35	0
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	64	36	0

Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі бойынша сауалнама сұрақтарына жасалған талдауда пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келетінін пән мұғалімдерінің:

69 %, үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың қызығушылығын арттыратынын;

68,2%, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуын;

67,8%, тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын;


62,2%, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылғанын;

60,3 %, үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылғанын;

58,5 %, үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін;

57,1 % -ның жауаптарында көрсетілген. Талдау нәтижелері 5.13-диаграммада берілген.

5.13-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі



Сонымен пән мұғалімдерінің орта есеппен 63,3% пән мазмұнының негізгі талаптарға сәйкестігін көрсеткен.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі б.19-кестеде берілген.


– білім беру мазмұны білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы;

– жобалық, зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылуын;

– білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделгенін атап көрсеткен.

Сонымен қатар, пәндер бойынша практикалық жұмыстардың білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген.

5.14-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы



Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесіне сәйкес жүргізілген талдау Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың «География» пәні арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын пән мұғалімдерінің орта есеппен 69%, ал үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы орта есеппен 66,2% көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 63,3 % қамтығанын көруге болады.

Сонымен Жалпы орта білім беру деңгейінің МЖМБС, үлгілік оқу жоспарларына және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер бойынша байқау нәтижесі оқу бағдарламаларын оқу процесінде жүзеге асыруда айқындалған кемшіліктерді анықтау, оны оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруде қолданылатын болады.

6. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағытында «Дүниежүзі тарихы» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 10-11-сыныпқа арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің таңдау пәні бойынша тереңдетілген деңгейде 3сағаттан 2 сағатқа қысқартылды. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен 2 сағатқа арналған үлгілік оқу бағдарламасы бойынша келесі оқыту мақсаттары қысқартылды:

1.10-сынып бойынша:

«Өркениеттің индустриалдық даму кезеңі» тақырыбынан 10.1.2.3 өркениеттің индустриалды түрінің ерекшеліктерін түсіндіру;

«Өркениеттің постиндустриалды даму кезеңі» тақырыбынан 10.1.2.4 өркениеттің постиндустриалды дамуының ерекшеліктерін түсіндіру

«Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері» тақырыбынан 10.1.3.2 ежелгі өркениеттердің дамуына діни наным-сенімдердің әсерін анықтау, 10.1.3.5 аймақтардың өркениеттік ерекшеліктер трансформациясының себептерін анықтау

«Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы» тақырыбынан 10.1.3.7 әлемдік діндердің философиялық негіздерін түсіндіру, 10.1.3.8 әлемдік діндер ілімдеріндегі жалпы адамгершілік құндылықтарды анықтау;

«Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық аясы» тақырыбынан 10.1.4.3 өркениеттерді жақындастыру факторы ретінде дипломатияның маңызын анықтау;

«Этностардың пайда болуы және дамуы туралы теориялар» тақырыбы қысқартылды және осы тақырыптан 10.2.1.3 этногенездің теорияларын жүйелеу және тұжырымдау; 10.2.1.4 Л.Н. Гумилевтің этностардың пайда болуы мен дамуы туралы ғылыми көзқарастарының ерекшеліктерін зерттеу;

«Әлемнің этникалық картасы: өткен заманда және қазіргі уақытта» тақырыбы мен осы тақырыптан 10.2.1.5 әлем картасын пайдалана отырып тарихи кезеңдердегі этникалық процестерді түсіндіру; 10.2.1.6 қазіргі кездегі ассимиляция мен саны аз этностардың жойылып кету себептерін анықтау; 10.2.1.7 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени лікті сақтаудың маңыздылығын негіздеу;

«Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болуы теориялары» тақырыбы қысқартылды және осы тақырыптан 10.3.1.2 мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктерін түсіндіру үшін мемлекеттің пайда болу теорияларын салыстыру;

«Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы» тақырыбынан 10.3.2.2 антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын талдау;

«Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары» тақырыбынан 10.3.2.7 әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының салдарларын салыстыру;

«Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды әдісі ретінде» тақырыбынан 10.3.3.3 революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау, 10.3.3.6 социалистік революциялардың нәтижесінде қоғамның әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді түсіндіру;

«Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін» тақырыбы мен осы тақырыптан 10.3.1.3 тарих контекстінде мемлекеттік құрылыс формасының өзгеруінің заңдылықтарын анықтау және талдау; 10.3.1.4 мемлекеттердің тарихи формаларына тән белгілерін анықтай отырып, салыстыру

«Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы» тақырыбы қысқартылды және осы тақырыптан 10.4.3.1 деректерді талдау негізінде адамзаттың рухани-моральдық құндылықтарының қалыптасу қайнар көздерін анықтау оқыту мақсаттары қысқартылды.

2.11-сынып бойынша:

«Дәстүрлі (аграрлық) экономика» тақырыбынан 11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру;

«Экономиканың аралас түрі» тақырыбынан 11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру;

«Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары» тақырыбынан 11.1.3.5 дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжау;

«Табиғи-географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы» тақырыбы мен 11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздеу;

«Құқықтық мемлекет түсінігі» тақырыбынан 11.2.1.2 құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттеу;

«Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі» тақырыбынан 11.2.1.4 мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекет принципте рiнiңжүзеге асу ерекшелiктерiн салыстыру;

«Азаматтық қоғамдағы үкiметтiк емес ұйымдар» тақырыбынан 11.2.1.8 азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкiметтiк емес ұйымдардың рөлiн анықтау;

«Халықаралық қауiпсiздiкке төнген қазiргi кездегi қауiп-қатерлер» тақырыбынан 11.2.3.3 халықаралық қауiпсiздiк жүйесiнiң дамуының ықтимал нұсқаларын болжау;

«Бейбiтшiлiк пен қауiпсiздiктi сақтауда мемлекеттердiң бiрлескен әрекеттерi» тақырыбынан 11.2.3.5 қауiпсiз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжау;

«М. Ганди және оның бейбiт жолмен қарсыласу идеясы» тақырыбынан 11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмiрдегi тұлғаның рөлi жайлы қорытындылар жасау;

«Мартин Лютер Кингтiң ұлы арманы» тақырыбынан 11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмiрдегi тұлғаның рөлi жайлы қорытындылар жасау;

«Н. Манделла –апартеидке қарсы күресушi» тақырыбынан 11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмiрдегi тұлғаның рөлi жайлы қорытындылар жасау;

«Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы» тақырыбынан 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлi жайлы қорытындылар жасау;

«Дэн Сяопин – көрнектi қытай реформаторы» тақырыбынан 11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелi кезеңдерiндегi реформалардың маңыздылығын бағалау, 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлi жайлы қорытындылар жасау;

«Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад: «үшiншi әлемнен бiрiншi әлемге» тақырыбынан 11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелi кезеңдерiндегi реформалардың маңыздылығын бағалау, 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлi жайлы қорытындылар жасау;

«Н. Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделi» тақырыбынан 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлi жайлы қорытындылар жасау;

«Жоғары бiлiм беру жүйесi: өткенi мен бүгiнi» тақырыбынан 11.4.1.8 тарихи даму контекстiнде жоғары бiлiм беру жүйесiнiң дамуындағы өзгерiстер мен сабақтастықтарды анықтау;

«Ғылыми-техникалық прогресс және қазiргi заманның жаһандық проблемалары» тақырыбынан 11.4.2.6 қазiргi заманның жаһандық мәселелерiн шешудегi ғылыми-техникалық прогрестiң дамуының ықтимал жолдарын болжау;

«Қазiргi ғылымның перспективтi салалары» тақырыбынан 11.4.3.3 робототехника және космонавтиканың мемлекеттердiң бәсекеге қабiлеттi дәрежесiне әсерiн зерттеу оқыту мақсаттары қысқартылды.

Өзгерiстер енгiзiлген оқу бағдарламаларының оқу процесiнде жүзеге асырылуын зерделеу негiзiнде 1 тоқсан нәтижесi бойынша талдау жүргiзiлдi.

Пән мазмұны бойынша талдау білім беру ұйымдарының басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 16 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер 6.1-кесте берілген.

6.1-кесте. Педагогтер туралы мәліметтер.

№	Өңірлер	Пайыздық құрамы
1	Ақмола облысы	7%
2	Түркістан облысы	13%
3	Батыс Қазақстан облысы	2%
4	Атырау облысы	10%
5	Қызылорда облысы	12%
6	Маңғыстау облысы	5%
7	Астана қаласы	3%
8	Павлодар облысы	10%
9	Солтүстік Қазақстан облысы	5%
10	Жетісу облысы	3%
11	Абай облысы	3%
12	Жамбыл облысы	18%
13	Қарағанды облысы	2%
14	Қостанай облысы	3%
15	Ұлытау облысы	2%
16	ШҚО	2%

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Түркістан және Жамбыл облысының педагогтері сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 32% құрап белсенді қатысты.

Ал Атырау, Қызылорда және Павлодар облыстары 10 %, Ақмола облысы, Маңғыстау облысы, Солтүстік Қазақстан облысы 5,6%, Жетісу облысы, Абай облысы , Астана қаласы, Қостанай облысы бойынша пән мұғалімдерінің үлесі 3,3% құрады.

Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы 6.1-диаграммада толығырақ берілген.

6.1-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері (% көрсеткішпен)




Сауалнамаға қатысқан қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарда сабақ беретін «Дүниежүзі тарихы» пәні мұғалімдерінің көп саны 67% ауыл мектептерінің педагогтері, қалалық мектептердің педагогтері 33% көрсетті. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 7.2-диаграммада берілген.



Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: педагогтердің 98,3 % – ы жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 11,2% – ы магистрлер, 58% – ы – бакалаврлар. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 6.3-диаграммада көрсетілген.

6.3-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі




Сауалнамаға қатысқан еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті.

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (75,4%) тәжірибелі мамандар болып табылады және 50,9% педагогтің 15-одан да жоғары жылдық еңбек өтілі бар тәжірибелі мамандар.

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 15 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 24,5% және 13,2% - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 6.4-диаграммада көрсетілген.

6.4-диаграмма Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің еңбек өтілі (%-көрсеткішпен)



Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу нәтижесінде пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог-шебер 2%, педагог - сарапшылар 27%, педагог-модераторлар 17%, мен зерттеушілер 17% және санаты жоқ педагогтер 3% құрағанын көруге болады. Педагогтердің үлесі 12,5%, педагог-зерттеушілер 6,9% болды. Сонымен қатар, 1, 2-санатты педагогтер мен жоғары санаттағы педагогтердің 14%-ы қатысты. Бұл статистика 6.5-диаграммада айқын көрсетілген.

6.5-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаты (%-көрсеткішпен)



Педагог қызметкердің кәсібилігінің көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту.

Қазіргі уақытта педагогтардың біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» біліктілікті арттырудың Ұлттық орталығы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары. «Дүниежүзі тарихы» пәні мұғалімдерінің соңғы 2021-2022 жылдарда біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 6.2-кестеде келтірілген.


6.2-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері(%-көрсеткішпен)

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан

			өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	20	20	20
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	1	0	19

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 20 бен 20 аралығын қамтыса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 1 ғана мұғалім курстан өтсе, қалғандары 2022 жылы курстан өтпеген. Бұдан көретініміз пәндік біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырудың қажеттілігі бар екенін атап өткіміз келеді. Талдау нәтижесі 6.6-диаграммада берілген.

6.6-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер



Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі МЖМБС) талаптарына сәйкестігі бойынша сауалнама нәтижелері талданды.

Сауалнамаға сәйкес, Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Дүниежүзі тарихы» пәні мазмұны арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын талдау нәтижесі 6.3- кестеде көрсетілген.


6.3-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік	44	14	2
Құрмет	38	11	11
Ынтымақтастық	20	16	4
Еңбек пен шығармашылық	16	18	6
Ашықтық	4	41	12
Өмір бойы білім алу	11	21	3

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБС-да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылатынын педагогтердің 45 мен 75% өз жауаптарында көрсеткен. Мәселен, МЖМБС-да құндылықтар жақсы айқындалған жүргізілу жолы тиімді, Жаңа Қазақстанның нағыз патриоттарын қалыптастыру деген сияқты да жауаптар берілген, базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге әрдайым асырылып отыратындығын атап өтеді.

Педагогтердің орта есеппен 20% ішінара жүзеге асырылатын белгілеген. Ал орта есеппен 0,7% жүзеге асырылмайды деп жауап берді. Талдау нәтижелері 6.7-диаграммада берілген.

6.7-диаграмма. МЖМБС-да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы




МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 6.4-кестеде берілген.

6.4-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	65%	27%	5%
Сөйлем құрылымы	50%	32%	2%
Қолжетімділігі	61%	42%	3%
Айқындылығы	63%	50%	1%

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 65% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін өз жауаптарында белгілеген. Сондай-ақ, «Адам және қоғам» саласы бойынша пәндердің мазмұнының тәрбиелік ықпалына да тоқтала отырып, педагогтардың 30 пайызы оқыту мен оқу, тәрбие бір-бірімен тығыз байланыста болу керек деген пікір білдірген. Талдау нәтижелері 6.8-диаграммада берілген.


6.8-диаграмма. МЖМБС пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсініктілігі



МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- ✓ Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- ✓ Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- ✓ Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- ✓ Кейбір тақырыптардағы бірізділік, практикаға бағыттау, пәндердің ықпалдастығы, мазмұны мен мақсат арасында алшақтық;
- ✓ Білім беруді практикаға негіздеу;
- ✓ Оқулық сапасын арттыру қажеттігі;

- ✓ Сын тұрғысынан шығармашылық позитивті ойлауды қалыптастыру
 - ✓ Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 6.9-диаграммада берілген.
- 6.9-диаграмма. МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі



Пән мұғалімдерінің шамамен 68,4% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.

Орташа сәйкестігі туралы жауапты мұғалімдердің 27% көрсетті.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 6.5-кестеде берілген.

6.5-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	90%	20%	8%
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	79%	14%	8%
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	82%	11%	6%

Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	85%	10%	5%
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	78%	12%	10%
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	90%	20%	8%

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің 75% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- ✓ жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
 - ✓ Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
 - ✓ Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
 - ✓ Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.
- Талдау нәтижелері 6.10-диаграммада берілген.

6.10-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар



«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді.

Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста болуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы және пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттарының көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі % көрсеткішпен 6.6-кестеде берілген.


6.6-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	42%	25%	33%
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	52%	32%	16%
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	65%	30%	5%
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	34%	43%	23%
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	51%	37%	12%
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	65%	29%	6%
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	62%	26%	12%

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 60% пән мазмұнының негізгі талаптарға толық сәйкестігін көрсеткен.

Ішінара сәйкес келеді деген жауапты белгілеген мұғалімдердің үлесі орта есеппен 30% құрады. Талдау нәтижелері 6.11-диаграммада берілген.

6.11-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі



Сонымен қатар «Дүниежүзі тарихы» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының артықшылықтары туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі 6.7-кестеде берілген.

6.7-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары


Негізгі артықшылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	52%	11%	2%
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	64%	32%	3%
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	37%	65%	2%
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	38%	24%	4%
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	14%	24%	15%
Білім мазмұнында қоғамдық гуманитарлық бағытындағы пәндер бойынша зерттеу сұрақтары, жобалық зерттеу жұмыстары жеткілікті қамтылған	67%	25%	13%

10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті.

Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 52 ден 63 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға және негізделгенін атап көрсеткен.

Сонымен қатар, шығармашылық, жобалық зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген. Талдау нәтижелері 6.12-диаграммада берілген.

6.12-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары



Сонымен қатар білім алушылар үшін «Дүниежүзі тарихы» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама сұрақтарына сәйкес талдау нәтижесі 6.7-кестеде берілген.

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
-----------------------------------	--------	--------	--------


Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	75%	15%	10%
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	80%	20%	0%
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	34%	48%	18%
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	62%	29%	9%
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	47%	45%	8%
Барлығы	60%	31%	9%

Талдау нәтижесі 6.12-диаграммада берілген.



Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағытталығы зерделенді.

Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 85% оқу бағдарламасының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті. Талдау нәтижелері 6.13-диаграммада көрсетілген.



6.13-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы

«Сізге қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді, оқыту мақсаттарын көрсетіңіз», деген сауалнама сұрағына педагогтер оқыту мақсаттары түсінікті, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған деп жауап берді. Өз жауаптарында бөлімдер мен тақырыптар жүйелі берілгенін көрсетті.

Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша жүргізілген талдау Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы арқылы оқу процесінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың жүзеге асырылуы және үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы шамамен орта есеппен 67,4% құрайтындығын көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 65,4 % қамтығанын көруге болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

10-11-сыныптарға арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген

өзгерістерге және пән мазмұнының жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігі туралы пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

2022-2023 оқу жылында Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптардың «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің таңдау пәні бойынша стандарттық деңгейде 2 сағаттан 1 сағатқа өзгерді. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен 1 сағатқа арналған үлгілік оқу бағдарламасы бойынша келесі оқыту мақсаттары қысқартылды:

1.10-сынып бойынша:

«Өркениеттің индустриалдық даму кезеңі» тақырыбынан 10.1.2.3 өркениеттің индустриалды түрінің ерекшеліктерін түсіндіру;

«Өркениеттің постиндустриалды даму кезеңі» тақырыбынан 10.1.2.4 өркениеттің постиндустриалды дамуының ерекшеліктерін түсіндіру;

«Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері» тақырыбынан 10.1.3.2 ежелгі өркениеттердің дамуына діни наным-сенімдердің әсерін анықтау, 10.1.3.5 аймақтардың өркениеттік ерекшеліктер трансформациясының себептерін анықтау;

«Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы» тақырыбынан 10.1.3.7 әлемдік діндердің философиялық негіздерін түсіндіру, 10.1.3.8 әлемдік діндер ілімдеріндегі жалпы адамгершілік құндылықтарды анықтау;

«Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық аясы» тақырыбынан 10.1.4.3 өркениеттерді жақындас тыру факторы ретінде дипломатияның маңызын анықтау;

«Өркениеттің индустриалдық даму кезеңі» тақырыбы қысқартылды және 10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау, 10.1.2.3 өркениеттің индустриалды түрінің ерекшеліктерін түсіндіру;

«Өркениеттің постиндустриалды даму кезеңі» тақырыбы қысқартылды және 10.1.2.4 өркениеттің постиндустриалды дамуының ерекшеліктерін түсіндіру, 10.1.2.5 ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтау;

«Мәдениеттер диалогі» тақырыбы қысқартылды және 10.1.4.8 өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау, 10.1.4.9 жаһандандудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау;

«Этностардың пайда болуы және дамуы туралы теориялар» тақырыбынан 10.2.1.3 этногенездің теорияларын жүйелеу және тұжырымдау, 10.2.1.4 Л.Н. Гумилевтің этностардың пайда болуы мен дамуы туралы ғылыми көзқарастарының ерекшеліктерін зерттеу;

«Әлемнің этникалық картасы: өткен заманда және қазіргі уақытта» тақырыбынан 10.2.1.5 әлем картасын пайдалана отырып тарихи кезеңдердегі этникалық процестерді түсіндіру, 10.2.1.6 қазіргі кездегі ассимиляция мен саны аз этностардың жойылып кету себептерін анықтау, 10.2.1.7 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени лікті сақтаудың маңыздылығын негіздеу;

«Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болуы теориялары» тақырыбынан 10.3.1.2 мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктерін түсіндіру үшін мемлекеттің пайда болу теорияларын салыстыру;

«Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы» тақырыбынан 10.3.2.2 антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын талдау;

«Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары» тақырыбынан 10.3.2.7 әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының салдарларын салыстыру;

«Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды әдісі ретінде» тақырыбынан 10.3.3.3 революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау; 10.3.3.6 социалистік революциялардың нәтижесінде қоғамның әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді түсіндіру;

«Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін» тақырыбы қысқартылды және 10.3.1.3 тарих контекстінде мемлекеттік құрылыс формасының өзгеруінің заңдылықтарын анықтау және талдау, 10.3.1.4 мемлекеттердің тарихи формаларына тән белгілерін анықтай отырып, салыстыру

«Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы» тақырыбы қысқартылды және 10.4.3.1 деректерді талдау негізінде адамзаттың рухани-моральдық құндылықтарының қалыптасу қайнар көздерін анықтау оқыту мақсаттары қысқартылды.

2.11-сынып бойынша:

«Дәстүрлі (аграрлық) экономика және Экономиканың аралас түрі» тақырыптарынан 11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру;

«Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары» тақырыбынан 11.1.3.5 дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжау;

«Табиғи-географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы» тақырыбы қысқартылды және 11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздеу;

«Құқықтық мемлекет түсінігі» тақырыбынан 11.2.1.2 құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттеу;

«Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі» тақырыбынан 11.2.1.4 мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекет принципте рiнiңжүзеге асу ерекшелiктерiн салыстыру;

«Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар» тақырыбынан 11.2.1.8 азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың рөлін анықтау;

«Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер» тақырыбынан 11.2.3.3 халықаралық қауіпсіздік жүйесінің дамуының ықтимал нұсқаларын болжау;

«Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері» тақырыбынан 11.2.3.5 қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжау;

«М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы» тақырыбы қысқартылды және осы тақырыптан 11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;

«Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы» тақырыбы қысқартылды және осы тақырыптан 11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;

«Н. Манделла –апартеидке қарсы күресуші» тақырыбы қысқартылды және осы тақырыптан 11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;

«Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы» тақырыбы қысқартылды және осы тақырыптан 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;

«Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы» тақырыбы қысқартылды және осы тақырыптан 11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау, 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;

«Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге» тақырыбы қысқартылды және осы тақырыптан 11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау, 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау

«Н. Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі» тақырыбы қысқартылды және осы тақырыптан 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;

«Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні» тақырыптан 11.4.1.8 тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды анықтау;

«Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары» тақырыптан 11.4.2.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуының ықтимал жолдарын болжау;

«Қазіргі ғылымның перспективті салалары» тақырыптан 11.4.3.3 робототехника және космонавтиканың мемлекеттердің бәсекеге қабілетті дәрежесіне әсерін зерттеу оқыту мақсаттары қысқартылды.Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1

тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 17 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер (% көрсеткішпен) 6.14-диаграммада берілген.



Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде:

Жамбыл облысы (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 13%);

Қызылорда, Ақмола облыстары (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 11%);


Абай облысы педагогтері (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 10%) белсенді қатысты.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың орташа көрсеткішін Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Алматы және БҚО, Атырау облысы мен Түркістан, Қостанай облыстары педагогтері (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 7,1%) қамтыды.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің көп санын 60% қалалық мектептердің педагогтері және 37% ауыл мектептерінің педагогтері құрады, ал шағын жинақты мектеп педагогтерінің үлесі –2% көрсетті.


Сауалнамаға қатысқан ««Дүниежүзі тарихы» пәндерінің педагогтерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 6.15-диаграммада көрсетілген.

6.15-диаграмма. Пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер (% көрсеткішпен)



Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: сауалнамаға қатысқан «Дүниежүзі тарихы» пәні педагогтерінің 100 % жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 35,5% – ы магистрлер, 14,8% – бакалаврлар. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 6.16-диаграммада көрсетілген.

6.16-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі туралы мәліметтер




Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің контингентін еңбек өтілі бойынша зерттеу 6.8-кестеде көрсетілген.

6.8-кесте. Еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерін талдау.

1-5 жыл	14,2
5-10 жыл	21,4
10-15 жыл	28,5
15- одан да жоғары	35,7

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі 35,7% тәжірибелі мамандар болып табылады және пән мұғалімдерінің 28,5% -ның 10-15 жылдық еңбек өтілі бар.

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 10 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 24,1% және 14,2% - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 6.17-диаграммада көрсетілген.



Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу 6.17-кестеде көрсетілген.

6.17-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаттары бойынша талдау нәтижелері.

№	Біліктілік санаттары	Педагогтер саны
		%
1	Жоғары	1,2
2	Санаты жоқ	11,4
4	Педагог	2
5	Педагог-модератор	17

6	Педагог- сарапшы	31
7	Педагог- шебер	10
9	Педагог-зерттеуші	28

Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог сарапшылар 31%, педагог-модераторлар 17% мен біліктілік санаттары жоқ 11,4% педагогтер құрады. Біліктілік санаттарына ауыспаған педагогтер 14,2% , ал жоғары санатты педагогтер сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 1,2%-ын көрсетті. Бұл статистика 6.18-диаграммада айқын көрсетілген.



6.18-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаттары

Педагог қызметкердің кәсібилігінің негізгі көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында педагогтердің біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» БАҰО және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 6.10-кестеде келтірілген.


6.10-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	28%	55%	17%
«Назарбаев Зияткерлік	20%	37%	43%

мектептері» ДББҰ			
------------------	--	--	--

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 28% мен 525% аралығын құраса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 20% ды, ал 2022 жылы 37% қамтыған.

Сонымен қатар 2021-2022жж «Өрлеу» БАҰО ДББҰ біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны 17%, ал «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 43% көрсеткен. Талдау нәтижесі 6.19-диаграммада айқын көрсетілген.



6.19-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы мәліметтер

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы (бұдан әрі МЖМБС) талаптар жаратылыстану-математика бағытындағы «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуы туралы сауалнама нәтижелері жеке-жеке талданды.

«Дүниежүзі тарихы» пәні педагогтерінің Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы жөніндегі талдау нәтижесі 6.11- кестеде көрсетілген.

6.11-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)


МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
-------	--------	--------	--------

Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	78	25	0,6
Құрмет	65	30	0,7
Ынтымақтастық	72	23	0,6
Еңбек пен шығармашылық	75	22,1	1,1
Ашықтық	65,4	31	2,5
Өмір бойы білім алу	75	25	0,9

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБС- да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде 75 мен 90% аралығында жүзеге асырылатынын көрсетті.

Сонымен қатар, аталған базалық құндылықтардың ішінен оқу процесінде жүзеге асырылатын басым құндылықтар қатарына «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік» 78%, «Өмір бойы білім алу» 75%, Еңбек пен шығармашылық 75% және «Құрмет» 65% құрағанын көруге болады.

Талдау нәтижелері 6.20-диаграммада берілген.




6.20-диаграмма. МЖМБС базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 6.12-кестеде берілген.

6.12-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	55	30	1,7
Сөйлем құрылымы	45	30	2,3
Қолжетімділігі	56	40	0,5
Айқындылығы	60	25	2

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілген «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 85% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін көрсетті. Сонымен қатар, күтілетін нәтижелердің, қолжетімділігі 80%, айқындылығы 58,7%, заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы респонденттердің 65,7% құрағанын көруге болады. Талдау нәтижелері 6.21-диаграммада берілген.




Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуді анықтауға арналған сауалнама нәтижесі пайыздық көрсеткішпен 6.13-кестеде берілген.

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	70	40	1,7
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	62	35	1,2
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	50	26	0,6
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	75	35	1,3
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	62	36	2

Сауалнама нәтижесі «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелердің практикаға бағытталуын педагогтердің 62%; оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз етуін 75%; Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкестігін педагогтердің 70%; сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамытуға бағытталуын 62%, оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығын 52,9% белгілеген. Талдау нәтижелері 6.22-диаграммада берілген.



Пән мұғалімдерінің орта есеппен 75% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес деген жауапты белгілеген.

Сонымен қатар, пән мұғалімдері пән мазмұнының практикаға бағыттылығына басымдық берілсе деген ұсыныстарын білдірген.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын

арттыруға әсер ететін факторларды анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 6.14-кестеде берілген.

6.14-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	79	5,5	8
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	65	6,2	4
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	90	4,5	13
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	85	7,6	8
Білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі	16	50	25
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	56	20	12

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 79% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
- Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
- Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
- Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.

Пән мұғалімдерінің 76 % білім алушылардың оқу жүктемесінің артуын білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететінін белгілеген.

Сонымен қатар, педагогтердің 66 % білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі білім сапасын арттыруға кері әсер ететінін көрсеткен. Талдау нәтижелері 6.23-диаграммада берілген.



6.23-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлардың қатарына ұсыныс ретінде пәндік курстар ұйымдастырылуын және Дүниежүзі тарихы бойынша оқыту мақсаттарына жағдаяттық тапсырмаларды кіріктіруді ұсынды.

Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Сауалнамаға берілген жауаптар негізінде 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді. Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы, пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі 6.15-кестеде берілген.

6.15-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі (% көрсеткішпен)

Негізгі талаптар	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	70	30	1
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	65	40	2
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	60	37	3
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	60	36	12
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	62	35	2
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	70	40	2
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	65	32	1

Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі бойынша сауалнама сұрақтарына жасалған талдауда пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келетінін пән мұғалімдерінің:

65 %, үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың қызығушылығын арттыратынын;

70%, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуын;

50%, тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын және оқу мақсаттары сауатты құрастырылған, бірақ ЖМБ бағыты ескеру керектілігін;

62%, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылғанын;


60 %, үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылғанын;

60 %, үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін;

57,1 % -ның жауаптарында көрсетілген. Талдау нәтижелері 6.24-диаграммада берілген.

Сондай-ақ, респонденттердің 70 пайығы жуығы оқу бағдарламасы түсінікті, заман талабына сай берілген, ал оқулықтардың сапасының төмендігін, Оқулықтардың мазмұны терең емес, ғылыми, педагогикалық негізде жазылмаған деп атап көрсеткен.

6.24-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі



Сонымен пән мұғалімдерінің орта есеппен 65% пән мазмұнының негізгі талаптарға сәйкестігін көрсеткен.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі

6.16-кестеде берілген.

6.16-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Негізгі артықшылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	72	30	2
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	52	30	1
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	80	40	2
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	82	40	2
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	30	42	14
Пәндер бойынша практикалық жұмыстар білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	20	32	3
Пәндер бойынша жобалық, зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	75	12	3

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтарын анықтауға арналған сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті. Талдау нәтижелері 6.25-диаграммада берілген.



6.25-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 30 дан 72 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде:

– білім беру мазмұны білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы;

– жобалық, зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылуын;

– білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделгенін атап көрсеткен.

Сонымен қатар, пәндер бойынша практикалық жұмыстардың білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген.

10-11-сыныптардың жаратылыстану-математикалық бағыттындағы «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларында оқу процесінде қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдердің болуы туралы сауалнама нәтижесі келесідей нәтиже көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 92,9% «қиындық жоқ» деп жауап берді. Сізге қиындық тудырған оқыту мақсаттарын көрсетіңіз деген сауалнама сұрағына педагогтердің 99,8 % «қиын оқыту мақсаты жоқ» деп жауап берген.

Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама бойынша пән мұғалімдерінің жауаптары талданды. Сауалнама нәтижесі 6.16-кестеде берілген.

6.16-кесте. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы


Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	80	30	3
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	80	25	3
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	70	30	4
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	60	40	2
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	50	16	2

Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста

еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағытталығы зерделенді.

Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 66,2% пән бойынша оқу бағдарламаларының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті. Талдау нәтижелері 6.26-диаграммада көрсетілген.

6.26-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы



Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесіне сәйкес жүргізілген талдау Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың «Дүниежүзі тарихы» пәні арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын пән мұғалімдерінің орта есеппен 72%, ал үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы орта есеппен 60% көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 63,3 % қамтығанын көруге болады.

Сонымен Жалпы орта білім беру деңгейінің МЖМБС, үлгілік оқу жоспарларына және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер бойынша байқау нәтижесі оқу бағдарламаларын оқу процесінде жүзеге асыруда айқындалған кемшіліктерді анықтау, оны оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруде қолданылатын болады.

7. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

10-11-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының басшылары және пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына апробациядан өткізу қорытындысы бойынша педагогтардың пікірін зерделеу бойынша сауалнама 10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағытында «Құқық негіздері» пәнінен сабақ беретін мұғалімдері арасында жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 10-11-сыныпқа арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің таңдау пәні бойынша тереңдетілген деңгейде 3сағаттан 2 сағатқа қысқартылды. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» пәнінен 2 сағатқа арналған үлгілік оқу бағдарламасы бойынша келесі оқыту мақсаттары қысқартылды:

«Құқықтық мемлекет түсінігі және оның принциптері» тақырыбынан 10.1.2.1 құқықтық мемлекеттің принциптерін айқындау;

«Азаматтық қоғам түсінігі, оның негізгі элементтері мен институттары» тақырыбынан 10.1.2.3 - конституциялық принциптер негізінде азаматтық қоғамның элементтері мен институттарын ажырату; 10.1.2.4 - азаматтық қоғамның мәні мен функционалдық маңызы туралы білімін көрсету;

«Азаматтық құқықтың принциптері мен субъектілері» тақырыбынан 10.3.1.2 - азаматтық құқық принциптерін нақты мысалдар арқылы түсіндіру;

«Қазақстан Республикасында еңбек қатынастарының құқықтық реттелуі» тақырыбынан 10.3.4.2 - әртүрлі өмірлік жағдаяттарда еңбек құқықтарының іске асуын зерттеу;

«Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарының дамуы» тақырыбынан 11.1.2.3 - Қазақстан Республикасының азаматтық қоғам институттары қызметінің тиімділігін бағалау (Үкіметтік емес ұйымдар және тағы басқалар);

«Мұрагерлік құқық» тақырыбынан 11.3.1.4 - заң және өсиет бойынша мұрагерлікке ие болуды ажырату;

«Авторлық және сабақтас құқықтың құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны» тақырыбынан 11.3.3.2 - авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық жолдарын ұсыну;

«Отбасы. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттемелері» тақырыбынан 11.3.4.1 - Отбасын отбасы құқығының институты ретінде айқындау оқыту мақсаттары қысқартылды.

Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1 тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау білім беру ұйымдарының басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды.


«Құқық негіздері» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 12 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер 7.1-кесте берілген.

7.1-кесте. Педагогтер туралы мәліметтер.

№	Өңірлер	Пайыздық құрамы
1	Ақмола облысы	6,2%
2	Алматы қаласы	6,2%
3	Алматы облысы	6,2%
4	Атырау облысы	6,2%
5	Қызылорда облысы	18,7%
6	Маңғыстау облысы	6,2%
7	Астана қаласы	6,2%
8	Павлодар облысы	6,2%
9	Солтүстік Қазақстан облысы	6,2%
10	Жетісу облысы	6,2%
11	Абай облысы	6,2%
12	Жамбыл облысы	18,7%

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде Қызылорда және Жамбыл облысының педагогтері сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 18,7% құрап белсенді қатысты. Ал Астана қаласы, Алматы қаласы, Ақмола облысы, Алматы облысы, Атырау облысы, Жамбыл облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Жетісу облысы, Абай облысы бойынша пән мұғалімдерінің үлесі 6,2% құрады.

Өңірлер бойынша сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің статистикасы 7.1-диаграммада толығырақ берілген.




7.1-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері (% көрсеткішпен)

Сауалнамаға қатысқан қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарда сабақ беретін «Құқық негіздері» пәні мұғалімдерінің көп саны 63,5% ауыл мектептерінің педагогтері, қалалық мектептердің педагогтері 31,2%, шағын жинақты мектеп педагогтерінің үлесі 5,2% көрсетті. Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 7.2-диаграммада берілген.



7.2-диаграмма. Пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер

Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: педагогтердің 100 % – ы жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 12,5% – ы магистрлер, 18,7% – ы – бакалаврлар. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 7.3-диаграммада көрсетілген.




7.3-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі

Сауалнамаға қатысқан еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті.

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (37,5%) тәжірибелі мамандар болып табылады және 25% педагогтің 10-15 жылдық еңбек өтілі бар.

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 15 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 25% және 12,5% - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 7.4-диаграммада көрсетілген.



7.4-диаграмма Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің еңбек өтілі (%-көрсеткішпен)

Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу нәтижесінде пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог - сарапшылар 25%, педагог-модераторлар 18,7% және санаты жоқ педагогтер 18% құрағанын көруге болады. Педагогтердің үлесі 12,5%, педагог-зерттеушілер 6,9% болды. Сонымен қатар, сауалнамаға педагог-шеберлер, 1-санатты педагогтер мен жоғары санаттағы педагогтердің 6,2%-ы қатысты. Бұл статистика 7.5-диаграммада айқын көрсетілген.



7.5-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаты (%-көрсеткішпен)


Педагог қызметкердің кәсібилігінің көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту.

Қазіргі уақытта педагогтардың біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» біліктілікті арттырудың Ұлттық орталығы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары. «Құқық негіздері» пәні мұғалімдерінің соңғы 2021-2022 жылдарда біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері 7.2-кестеде келтірілген.

7.2-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері(%-көрсеткішпен)

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	37,5	31,2	31,2
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	31,2	6,2	62,7

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 37,5% бен 31,2 % аралығын қамтыса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 31,2% ды, ал 2022 жылы 6,2% қамтыған. Талдау нәтижесі 7.6-диаграммада берілген.



7.6-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

10-11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған «Құқық негіздері» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі МЖМБС) талаптарына сәйкестігі бойынша сауалнама нәтижелері талданды.

Сауалнамаға сәйкес, Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Құқық негіздері» пәні мазмұны арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын талдау нәтижесі 7.3- кестеде көрсетілген.

7.3-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)


МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен жауапкершілік	81,2	18,7	
Құрмет	75	24	0,8

Ынтымақтастық	75,5	23	0,8
Еңбек пен шығармашылық	78,4	20,6	2
Ашықтық	65,6	33	1,6
Өмір бойы білім алу	79,1	19,9	1

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылатынын педагогтердің 65,6 мен 81,1% өз жауаптарында көрсеткен.

Педагогтердің орта есеппен 20% ішінара жүзеге асырылатын белгілеген. Ал орта есеппен 1% жүзеге асырылмайды деп жауап берді. Талдау нәтижелері 7.7-диаграммада берілген.

7.7-диаграмма. МЖМБСда айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы




МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 7.4-кестеде берілген.

7.4-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	73	25	2
Сөйлем құрылымы	50	49	1
Қолжетімділігі	62,5	32,5	2
Айқындылығы	56,2	40,7	2

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 60,4% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін өз жауаптарында белгілеген. Талдау нәтижелері 7.8-диаграммада берілген.



7.8-диаграмма. МЖМБС пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсініктілігі

МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- ✓ Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- ✓ Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- ✓ Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы
- ✓ Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- ✓ Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуге сәйкестігін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 7.9-диаграммада берілген.



7.9-диаграмма. МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі

Пән мұғалімдерінің шамамен 68,4% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес келеді деген жауапты белгілеген.

Орташа сәйкестігі туралы жауапты мұғалімдердің 27% көрсетті.

«Кұқық негіздері» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау бойынша сауалнама нәтижесі 7.5-кестеде берілген.

7.5-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	88,2	1,4	10,4
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	87,1	4,4	8,5
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	63,8	30	16,2
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	82,7	5,5	11,8
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	79,5	6	14,5
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	69,6	18	12,4

Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды талдау нәтижесі 7.10-диаграммада берілген.



7.10-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің 68,5% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- ✓ жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
 - ✓ Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
 - ✓ Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
 - ✓ Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.
- Талдау нәтижелері 8.10-диаграммада берілген.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Құқық негіздері» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.

Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді.

Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста болуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы және пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттарының көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі % көрсеткішпен 7.6-кестеде берілген.

7.6-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	68,5	30,5	0,9
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	68	30	2
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	65,6	30,7	3,7
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	67,4	30	2,5

Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	66,6	30,2	3,2
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	66,3	30,4	2,3
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	63,4	35,3	1,4

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 65,4% пән мазмұнының негізгі талаптарға толық сәйкестігін көрсеткен.

Ішінара сәйкес келеді деген жауапты белгілеген мұғалімдердің үлесі орта есеппен 30% құрады. Талдау нәтижелері 7.11-диаграммада берілген.

7.11-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі



Сонымен қатар «Құқық негіздері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының артықшылықтары туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі 7.7-кестеде берілген.

7.7-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Негізгі артықшылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
-----------------------	--------	--------	--------

Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	61,1	36	2,9
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	62	36,6	1,5
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	56	41,5	2,5
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	56	41,1	2,9
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	50,8	41,5	7,7
Білім мазмұнында қоғамдық гуманитарлық бағытындағы пәндер бойынша зерттеу сұрақтары, жобалық зерттеу жұмыстары жеткілікті қамтылған	69,7	29,3	1

10-11-сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын «Құқық негіздері» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті.

Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 50,8 ден 69,7 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға және негізделгенін атап көрсеткен.

Сонымен қатар, пән бойынша практикалық жұмыстар, жағдаяттық, жобалық зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген. Талдау нәтижелері 7.12-диаграммада берілген.

7.12-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары




Сонымен қатар білім алушылар үшін «Құқық негіздері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы мұғалімдердің жауаптары да зерделенді.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама сұрақтарына сәйкес талдау нәтижесі 7.7-кестеде берілген.

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	81,2	17,5	1
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	68,7	31,2	
Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	62,2	35,9	1,8
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	68,7	30,2	1
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	56,2	42,4	1,4

Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы бойынша талдау нәтижелері 7.13-диаграммада көрсетілген.



7.13-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы

Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағытталығы зерделенді. Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 67,4% оқу бағдарламасының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті.

«Сізге қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді, оқыту мақсаттарын көрсетіңіз», деген сауалнама сұрағына педагогтер оқыту мақсаттары түсінікті, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған деп жауап берді. Өз жауаптарында бөлімдер мен тақырыптар жүйелі берілгенін көрсетті.

Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша жүргізілген талдау Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Құқық негіздері» оқу пәнінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламасы арқылы оқу процесінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың жүзеге асырылуы және үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы шамамен орта есеппен 67,4% құрайтындығын көрсетті. Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 65,4 % қамтығанын көруге болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша байқау нәтижелері

10-11-сыныптарға арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістерге және пән мазмұнының жалпы орта білім беру деңгейінің жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігі туралы пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесі зерделенді.

2022-2023 оқу жылында Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптардың «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің таңдау пәні бойынша стандарттық деңгейде 2 сағаттан 1 сағатқа өзгерді. Сондықтан үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» пәнінен 1 сағатқа арналған үлгілік оқу бағдарламасы бойынша келесі оқыту мақсаттары қысқартылды:

«Құқықтық мемлекет түсінігі және оның принциптері» тақырыбынан 10.1.2.1 құқықтық мемлекеттің принципте рін айқындау;

«Азаматтық қоғам түсінігі, оның негізгі элементтері мен институттары» тақырыбынан 10.1.2.3 - конституциялық принциптер негізінде азаматтық қоғамның элементтері мен институттарын ажырату; 10.1.2.4 - азаматтық қоғамның мәні мен функционалдық маңызы туралы білімін көрсету;

«Азаматтық құқықтың принциптері мен субъектілері» тақырыбынан 10.3.1.2 - азаматтық құқық принциптерін нақты мысалдар арқылы түсіндіру;

«Қазақстан Республикасында еңбек қатынастарының құқықтық реттелуі» тақырыбынан 10.3.4.2 - әртүрлі өмірлік жағдаяттарда еңбек құқықтарының іске асуын зерттеу;

«Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарының дамуы» тақырыбынан 11.1.2.3 - Қазақстан Республикасының азаматтық қоғам институттары қызметінің тиімділігін бағалау (Үкіметтік емес ұйымдар және тағы басқалар);


«Мұрагерлік құқық» тақырыбынан 11.3.1.4 - заң және өсиет бойынша мұрагерлікке ие болуды ажырату;

«Авторлық және сабақтас құқықтың құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны» тақырыбынан 11.3.3.2 - авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық жолдарын ұсыну;

«Отбасы. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттемелері» тақырыбынан 11.3.4.1 - Отбасын отбасы құқығының институты ретінде айқындау оқыту мақсаттары қысқартылды.

10-11-сыныптарда әр тақырыптық бөлімнен кейін берілетін зерттеу жұмысы тақырыптары қысқартылды.

Өзгерістер енгізілген оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуын зерделеу негізінде 1 тоқсан нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Пән мазмұны бойынша талдау пән мұғалімдеріне арналған сауалнама сұрақтары арқылы жүзеге асырылды. «Құқық негіздері» пәні бойынша өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнамаға Қазақстан Республикасының 8 өңірінен педагогтер қатысты. Педагогтер туралы мәліметтер (% көрсеткішпен) 7.14-диаграммада берілген.



7.14-диаграмма. Өңірлер бөлінісіндегі сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері

Сауалнама бойынша сұрақтарға жауап беруде:

Түркістан облысы (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 35,7%);

Абай облысы (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 14,2%);


Астана қаласы педагогтері (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 14,2%) белсенді қатысты.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың орташа көрсеткішін Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Алматы және Жамбыл облысы мен Алматы қаласының педагогтері (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 7,1%) қамтыды.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің көп санын 57,1% қалалық мектептердің педагогтері және 28,5% ауыл мектептерінің педагогтері құрады, ал шағын жинақты мектеп педагогтерінің үлесі –14,2% көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан «Құқық негіздері» пәндерінің педагогтерінің жұмыс орны туралы мәліметтер 7.15-диаграммада көрсетілген.

7.15-диаграмма. Пән мұғалімдерінің жұмыс орны туралы мәліметтер (% көрсеткішпен)



Білім деңгейі бойынша респонденттердің осы контингентін талдау нәтижелері келесідей: сауалнамаға қатысқан «Құқық негіздері» пәні педагогтерінің 100 % жоғары білімі бар, пән мұғалімдерінің 64,3% – ы магистрлер, 35,7% – бакалаврлар. Пән мұғалімдерінің білімі бойынша талдау нәтижелері 7.16-диаграммада көрсетілген.



7.16-диаграмма. Пән мұғалімдерінің білімі туралы мәліметтер


Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің контингентін еңбек өтілі бойынша зерттеу 7.8-кестеде көрсетілген.

7.8-кесте. Еңбек өтілі бойынша пән мұғалімдерін талдау.

№	Еңбек өтілі	Педагогтер саны %
1	1-5 жыл	14,2
2	5-10 жыл	21,4
3	10-15 жыл	28,5
4	15 жылдан жоғары	35,7

Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі 35,7% тәжірибелі мамандар болып табылады және пән мұғалімдерінің 28,5% -ның 10-15 жылдық еңбек өтілі бар.

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 5 жылдан 10 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 24,1% және 14,2% - ы 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар болды. Пән мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша талдау нәтижелері 7.17-диаграммада көрсетілген.




Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінің контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу 7.9-кестеде көрсетілген.

7.9-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілік санаттары бойынша талдау нәтижелері.

№	Біліктілік санаттары	Педагогтер саны%
1	Жоғары	10
2	I	7,5
4	Санаты жоқ	15
5	Педагог	14,2
6	Педагог-модератор	15
7	Педагог- сарапшы	16,2
9	Педагог- шебер	7,5

Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу пән мұғалімдерінің басым бөлігін педагог сарапшылар 16,2%, педагог-модераторлар 15% мен біліктілік санаттары жоқ 15% педагогтер құрады. Біліктілік санаттарына ауыспаған педагогтер 14,2% , ал жоғары санатты педагогтер сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 10,6%-ын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан педагог-шеберлер мен 1 санаттағы педагогтердің үлесі 7,5% құрады. Бұл статистика 7.18-диаграммада айқын көрсетілген.



Педагог қызметкердің кәсібилігінің негізгі көрсеткіші-біліктілікті арттыру курстарында оқыту болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында педагогтердің біліктілігін арттырудың екі ірі ұйымы бар – «Өрлеу» БАҰО және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру

курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері
7.10-кестеде келтірілген.


7.10-кесте. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы талдау нәтижелері

Біліктілікті арттыру ұйымдары	2021 жыл	2022 жыл	2021-2022жж біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны
«Өрлеу» БАҰО ДББҰ	35,7	14	21,4
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	21,4	7,1	42,8

Кестеде көрсетілгендей пән мұғалімдерінің 2021 және 2022 жылдары «Өрлеу» БАҰО курстарынан өткен педагогтер саны 35,7% мен 14% аралығын құраса, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 2021 жылы 21,4% ды, ал 2022 жылы 7,1% қамтыған.

Сонымен қатар 2021-2022жж «Өрлеу» БАҰО ДББҰ біліктілікті арттыру курсынан өтпеген педагогтер саны 21,4%, ал «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бойынша 42,8% көрсеткен. Талдау нәтижесі 7.19-диаграммада айқын көрсетілген.

7.19-диаграмма. Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы мәліметтер



Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы (бұдан әрі МЖМБС) талаптар жаратылыстану-математика бағытындағы «Құқық негіздері» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу

бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуы туралы сауалнама нәтижелері жеке-жеке талданды.

«Құқық негіздері» пәні педагогтерінің Жалпы орта білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы жөніндегі талдау нәтижесі 7.11- кестеде көрсетілген.


7.11-кесте. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы (% көрсеткішпен)

МЖМББС	2 балл	1 балл	0 балл
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	80	24,3	0,6
Құрмет	74	25,3	0,7
Ынтымақтастық	68	27,3	0,6
Еңбек пен шығармашылық	74,3	24,6	1,1
Ашықтық	62,2	35,2	2,5
Өмір бойы білім алу	74,7	23,3	0,9

Кестедегі талдау нәтижесіне сәйкес МЖМББС- да айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде 62,2 мен 80% аралығында жүзеге асырылатынын көрсетті.

Сонымен қатар, аталған базалық құндылықтардың ішінен оқу процесінде жүзеге асырылатын басым құндылықтар қатарына «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік» 80%, «Өмір бойы білім алу» 74,7%, Еңбек пен шығармашылық 74,3% және «Құрмет» 74,3% құрағанын көруге болады.

Талдау нәтижелері 7.20-диаграммада берілген.




7.20-диаграмма. МЖМБС базалық құндылықтардың оқу процесінде жүзеге асырылуы

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі туралы сауалнама нәтижесі (% көрсеткішпен) 7.12-кестеде берілген.

7.12-кесте. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі

МЖМБС	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы	65,7	29,6	1,7
Сөйлем құрылымы	48,6	38,5	2,3
Қолжетімділігі	60,3	38,6	0,5
Айқындылығы	58,7	39,2	2

Талдау нәтижесіне сәйкес 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілген «Құқық негіздері» оқу пәндері бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 58,3% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде берілгендігін көрсетті. Сонымен қатар, күтілетін нәтижелердің, қолжетімділігі 60,3%, айқындылығы 58,7%, дұрыс тұжырымдалуын суалнамаға жауап берушілердің 65,7% құрағанын көруге болады. Талдау нәтижелері 7.21-диаграммада берілген.




7.21-диаграмма. МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің түсінікті тілде берілуі.

Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің:

- Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету;
- Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз етуді анықтауға арналған сауалнама нәтижесі пайыздық көрсеткішпен 7.13-кестеде берілген.

МЖМББС	2 балл	1 балл	0 балл
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы	67,8	35,1	1,7
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі	62	36,3	1,2
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы	52,9	40,2	0,6
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету	72,8	36,3	1,3
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету	79,6	38,3	1,6

Сауалнама нәтижесі «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелердің практикаға бағытталуын педагогтердің 79,6%; оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз етуін 72,8%; Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкестігін педагогтердің 67,8%; сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамытуға бағытталуын 62%, оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығын 52,9% белгілеген. Талдау нәтижелері 7.22-диаграммада берілген.



7.22-диаграмма. МЖМБС күтілетін нәтижелердің негізгі бағыттарға сәйкестігі

Пән мұғалімдерінің орта есеппен 68,6% МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелердің сауалнамада көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес деген жауапты белгілеген.

Сонымен қатар, пән мұғалімдері пән мазмұнының практикаға бағыттылығына басымдық берілсе деген ұсыныстарын білдірген.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтауға арналған сауалнама нәтижесі 7.14-кестеде берілген.

7.14-кесте. Пән бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

МЖМББС	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу	87	3,6	9,5
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі	89,1	5,4	5,5
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу	89,7	5,7	14
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту	83,2	7,1	9,6
Білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі	1,2	62,4	37,4


Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы	65,6	19,8	14,6
--	------	------	------

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің орта есеппен 82,9% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде:

- жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу;
- Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі;
- Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу;
- Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгертуді белгілеген.

Пән мұғалімдерінің 65,6 % білім алушылардың оқу жүктемесінің артуын білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететінін белгілеген.

Сонымен қатар, педагогтердің 62,4 % білім алушылардың оқу белсенділігінің төмендеуі білім сапасын арттыруға кері әсер ететінін көрсеткен. Талдау нәтижелері 8.23-диаграммада берілген.



7.23-диаграмма. Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдері білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлардың қатарына ұсыныс ретінде пәндік курстар ұйымдастырылуын және құқық негіздері бойынша оқыту мақсаттарына жағдаяттық тапсырмаларды кіріктіруді ұсынды.

Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

Сауалнамаға берілген жауаптар негізінде 10-11-сыныптардағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі қарастырылды.


Сауалнама бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының МЖМБС талаптарына сәйкестігі, білім алушылар үшін қызықты және жас

ерекшеліктеріне сәйкес келуі зерделенді. Сонымен қатар, оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы, пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылғандығы анықталды. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі 7.15-кестеде берілген.

7.15-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі (% көрсеткішпен)

Негізгі талаптар	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	69	29,3	1,7
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылар үшін қызықты	68,2	41,7	2,5
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді	57,1	38,9	3,9
Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылған	58,5	38	3,5
Оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылған	60,3	36,7	2,9
Бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс тапқан	67,8	39,4	5,8
Пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылған	62,2	35,9	1,9

Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі бойынша сауалнама сұрақтарына жасалған талдау нәтижелері 7.24-диаграммада берілген.



7.24-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі

Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі талаптарға сәйкестігі бойынша сауалнама сұрақтарына жасалған талдауда пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС талаптарына сәйкес келетінін пән мұғалімдерінің:

69 %, үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың қызығушылығын арттыратынын;

68,2%, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуын;

67,8%, тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын;

62,2%, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылғанын;

60,3 %, үлгілік оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылғанын;

58,5 %, үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін;

57,1 % -ның жауаптарында көрсетілген. Сонымен пән мұғалімдерінің орта есеппен 63,3% пән мазмұнының негізгі талаптарға сәйкестігін көрсеткен.

Білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары туралы сауалнама сұрақтарына жүргізілген талдау нәтижесі 7.16-кестеде берілген.

7.16-кесте. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

Негізгі артықшылықтар	2 балл	1 балл	0 балл
Білім беру мазмұны білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған	62	36	2,9
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді	68,3	36,6	1,5
Білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген	59,6	41,5	2,5
Білім беру мазмұны жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделген	56	41,1	2,9
Білім беру мазмұнында Қазақстанның ғылыми жетістіктері қарастырылған	45,8	46,5	7,7
Пәндер бойынша практикалық жұмыстар білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	57,7	38,8	3,5
Пәндер бойынша жобалық, зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылған	68	22	1,2

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтарын анықтауға арналған сауалнама сұрақтарына жасалған талдау келесідей нәтиже көрсетті.

Пән мұғалімдерінің басым бөлігі 45,8 дан 68,3 % оқу бағдарламасындағы негізгі артықшылықтары ретінде:

- білім беру мазмұны білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі; білім алушыларда ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталуы;

- жобалық, зерттеу жұмыстары білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылуын;

- білім беру мазмұны практикалық дағдыларды және жаһандық құзыреттерді қалыптастыруға негізделгенін атап көрсеткен.

Сонымен қатар, пәндер бойынша практикалық жұмыстардың білім беру мазмұнында жеткілікті қамтылғанын белгілеген.

Талдау нәтижелері 7.25-диаграммада берілген.

Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары



7.25-диаграмма. Үлгілік оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары

10-11-сыныптардың жаратылыстану-математикалық бағыттындағы «Құқық негіздері» оқу пәнінің өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларында оқу процесінде қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдердің болуы туралы сауалнама нәтижесі келесідей нәтиже көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 92,9% «қиындық жоқ» деп жауап берді. Сізге қиындық тудырған оқыту мақсаттарын көрсетіңіз деген сауалнама сұрағына педагогтердің 99,8 % «қиын оқыту мақсаты жоқ» деп жауап берген.

Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы туралы сауалнама бойынша пән мұғалімдерінің жауаптары талданды. Сауалнама нәтижесі 7.16-кестеде берілген.


7.16-кесте. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы

Құндылықтар мен тәрбиелік әлеуеті	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	76,8	37	3,2
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ете ме?	68,9	40,1	3,6

Бағдарлама қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге мүмкіндік бере ме?	54,1	41,1	4,8
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере ме?	69,2	38,6	2,3
Бағдарлама мазмұны өмір бойы білім алуға бағытталған ба?	62,1	32	2,3

Талдау нәтижесі бойынша бағдарламаның отбасылық құндылықтарды, ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік беруі, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және қазақ халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге ықпал етуі, бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға және білім мазмұнының өмір бойы білім алуға бағытталуы зерделенді.

Сауалнама нәтижесі бойынша пән мұғалімдерінің орта есеппен 66,2% пән бойынша оқу бағдарламаларының құндылыққа бағытталғандығын көрсетті. Талдау нәтижелері 7.26-диаграммада көрсетілген.



7.26-диаграмма. Оқу бағдарламасының құндылықтарға бағытталуы

Сонымен пән мұғалімдерімен жүргізілген сауалнама нәтижесіне сәйкес жүргізілген талдау Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы базалық құндылықтардың «Құқық негіздері» пәні арқылы оқу процесінде жүзеге асырылуын пән мұғалімдерінің орта есеппен 69%, ал үлгілік оқу бағдарламаларының құндылықтарға бағытталуы орта есеппен 66,2% көрсетті.

Сауалнама сұрақтарына сәйкес пән бойынша үлгілік оқу бағдарламалары

тақырыптарының логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес болуы мен пән мазмұнында тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылуын пән мұғалімдерінің 63,3 % қамтығанын көруге болады.

Сонымен Жалпы орта білім беру деңгейінің МЖМБС, үлгілік оқу жоспарларына және үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер бойынша байқау нәтижесі оқу бағдарламаларын оқу процесінде жүзеге асыруда айқындалған кемшіліктерді анықтау, оны оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруде қолданылатын болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім берудегі заманауи үрдістерді ескере отырып, Үлгілік оқу жоспарларын және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерінің оқу бағдарламаларын байқаудан өткізу қорытындысы бойынша талдамалық есеп алынған нәтижелерді оқу бағдарламаларын одан әрі жетілдіруде пайдалану үшін әзірленді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын байқаудан өткізуді жүргізу әдістемесі білім беру мазмұнына енгізілген өзгерістер жағдайында білім алушыларды оқытудың табыстылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Талдамалық материалда апробация процесін бақылаудың негізгі әдістері мен құралдары көрсетілген. Байқаудан өткізу құралы ретінде сауалнама жауаптары сараланды.

Талдамалық есеп 2022-2023 оқу жылынан бастап республиканың жалпы білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарларына енгізілген өзгерістерге сәйкес әзірленген оқу бағдарламаларының оқу процесіндегі сапасын бағалауға негізделді.

Талдамалық есептің 1-бөлімінде Бастауыш білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде емес), «Цифрлық сауаттылық», «Жаратылыстану», «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуы зерделенді. Сауалнамаға Қазақстан Республикасының өңірлерінен 9016 (оқыту орыс және қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар бойынша) бастауыш сынып педагогтері және білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Бастауыш білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында анықталған базалық құндылықтар оқу процесінде жүзеге асырылуы, МЖМБС пән бойынша күтілетін нәтижелердің мазмұнға сәйкестігі педагогтер мен білім беру ұйымдарының басшыларының 76% оң жауаптарынан анықталды. Сонымен қатар апробация нәтижесі бойынша респонденттердің 76,7%-ы «Еңбекке баулу» мен «Бейнелеу өнері» пәнін екі пәнге бөліп оқытудың оқу процесіндегі тиімділігін көрсетті. Талдау нәтижесіне сәйкес «Еңбекке баулу» мен «Бейнелеу өнері» пәндері білім алушылардың әр түрлі құралдармен, материалдармен жұмыс істеуін және ерте жастан еңбек дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретіні анықталды. Сонымен қатар қоршаған әлемге сүйіспеншілікті, эстетикалық қабылдауды, еңбекке оң көзқарасты қалыптастырады..

Екінші бөлімде Негізгі орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Жаратылыстану», «Алгебра», «Физика», «Химия», «Биология», «Қазақстан тарихы» оқу пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуы зерделенді. Сауалнамаға Қазақстан Республикасының өңірлерінен 70145 (оқыту орыс және қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар бойынша) пән мұғалімдері мен білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша апробация нәтижесіне сәйкес Пән бойынша жеке бөлімдерді мен тақырыптарды терең зерделеу, күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде анықталған. Оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары ретінде пән мұғалімдерінің 61,3%-білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруы, білім беру мазмұны практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталуын қолдаған.

Сонымен қатар, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндеріне бөлініп оқытылуын апробация нәтижесі бойынша респонденттердің 62,6%-ы «Әлем әдебиеті» пәнін енгізуді 66,8%-ы тиімді деп көрсетті.

Үшінші бөлімде Жалпы орта білім беру деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Шетел тілі (екінші). Ағылшын тілі, Шетел тілі (екінші). Француз тілі, Шетел тілі (екінші). Неміс тілі, «Алгебра және анализ бастамалары», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерінен өзгерістер енгізілген үлгілік оқу бағдарламаларының оқу процесінде жүзеге асырылуы зерделенді.

Сауалнамаға Қазақстан Республикасының өңірлерінен 2083 (оқыту орыс және қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар бойынша) пән мұғалімдері мен білім беру ұйымдарының басшылары қатысты. Талдау нәтижесіне сәйкес, пән мұғалімдерінің 79,5% білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторлар ретінде оқу бағдарламасы бойынша пән мазмұнының терең зерделеуге мүмкіндік беретін зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізуді ұсынған. Сонымен қатар, пән мұғалімдерінің 60,6 % жауабынан оқу бағдарламасы тақырыптары логикалық жүйелі, өзара байланыста құрылуы, оқу мақсаттары айқын, өлшемді мазмұнға сәйкес құрылуы, бағдарлама мазмұнында ұлттық құндылықтар көрініс табуы, пән бойынша тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары көбірек қамтылғандығы анықталды.

Талдау нәтижесінде жекелеген оқу пәндері бойынша оқу процесінде меңгеруге қиындық тудырған оқыту мақсаттары мен тақырыптар анықталды.

Сонымен қорытындылай келгенде, талдау нәтижесінде оқу процесіне енгізілген білім беру мазмұнының ғылыми педагогикалық тиімділігі анықталды.

Ұсынылып отырған талдамалық материал оқу бағдарламаларын енгізудің сапасы мен тиімділігін бағалау үшін негіз болып табылады. Апробация нәтижелері оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруде қолданылатын болады.

ҚОСЫМША**Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша
САУАЛНАМА**

(білім беру ұйымының басшылары мен директордың орынбасарлары үшін)

Құрметті респондент!

Сіздерге өтініш: сұрақтарды мұқият оқыңыз және бағандарды ұқыпты толтырыңыз.

I бөлім. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Келесі мәліметтерді көрсетіңіз:

1.1 Сіз жұмыс істейтін өңір

1. Астана қаласы
2. Алматы қаласы
3. Шымкент қаласы
4. Ақмола облысы
5. Ақтөбе облысы
6. Алматы облысы
7. Атырау облысы
8. Батыс Қазақстан облысы
9. Жамбыл облысы
10. Қарағанды облысы
11. Қостанай облысы
12. Қызылорда облысы
13. Маңғыстау облысы
14. Павлодар облысы
15. Солтүстік Қазақстан облысы
16. Шығыс Қазақстан облысы
17. Ұлытау облысы
18. Жетісу облысы
19. Абай облысы
20. Түркістан облысы

1.2 Жұмыс орныңыз

- а) ауыл мектебінде
- ә) қала мектебінде
- б) шағын жинақты мектепте

1.3 Білімі

Орта арнаулы
 Жоғары
 Бакалавр
 Магистр
 П.ғ.к /PhD

1.4. Еңбек өтілі

1-5 жыл
 5-10 жыл
 10-15 жыл
 15- одан да жоғары

1.5. Санаты

Жоғары
 I
 II
 Санаты жоқ
 Педагог
 Педагог-модератор
 Педагог- сарапшы
 Педагог-зерттеуші
 Педагог- шебер

1.6. Біліктілікті арттыру курстары

«Өрлеу» БАҰО курстары
 «НЗМ» ДББҰ курстары
 Өткен уақыты:
 2020
 2021
 2022

II бөлім. БІЛІМ МАЗМҰНЫ

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша

2.1. Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтар оқу процесінде қаншалықты жүзеге асырылады? («белгі» қойыңыз):

(2 балл- жүзеге асырылады, 1 балл – ішінара жүзеге асырылады, 0 балл – жүзеге асырылмайды)

	2 балл	1 балл	0 балл
--	-----------	-----------	-----------

Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;			
Құрмет;			
Ынтымақтастық			
Еңбек пен шығармашылық			
Ашықтық;			
Өмір бойы білім алу			

2.2. Жоғарыдағы жауабыңызды негіздеңіз.

2.3 МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер түсінікті тілде / берілген («белгі» қойыңыз):

(2 балл-түсінікті, 1 балл – орташа түсінікті, 0 балл – түсініксіз)

	2 балл	1 балл	0 балл
Күтілетін нәтижелер тұжырымы			
Сөйлем құрылымы			
Қолжетімділігі			
Айқындылығы			

2.4 МЖМБС-дағы пән бойынша күтілетін нәтижелер келесі аспектілерге қаншалықты сәйкес келеді? («белгі» қойыңыз):

(2-сәйкес келеді; 1-сәйкестігі орташа; 0-сәйкес келмейді)

	2 балл	1 балл	0 балл
Заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы			
Сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі			
Оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы			
Оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету			
Білім беру мазмұнының практикаға бағытталуын қамтамасыз ету			

2.5 Жоғарыдағы жауабыңызды негіздеңіз.

2.6 Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін факторларды белгілеңіз

	Әсер етеді	Кері әсер етеді	Жауап беруге қиналамын
Пән бойынша жеке бөлімдерді, бөлімшелерді және тақырыптарды тереңірек зерделеу			
Оқу бағдарламасының кейбір бөлімдерін қайталау мүмкіндігі			
Оқу бағдарламасы бойынша зерттеу немесе жоба жұмыстарын жүргізу			
Күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгерту			
Білім алушылардың оқуға деген белсенділігінің төмендеуі			
Білім алушылардың оқу жүктемесінің артуы			

Білім алушылардың білім сапасын арттыруға әсер ететін басқа да факторларды ұсыныңыз

2.7 Білім алушылардың дағдыларын қалыптастырудағы «Еңбекке баулу» оқу пәнін оқытудың тиімділігін төмендегі бағалау шкаласы бойынша белгілеңіз

2-тиімді;

1-тиімділігі орташа;

0-тиімсіз

2.8 Жоғарыдағы жауабыңызды негізденіңіз.

2.9 Білім алушылардың дағдыларын қалыптастырудағы «Бейнелеу өнері» оқу пәнін оқытудың тиімділігін төмендегі бағалау шкаласы бойынша белгілеңіз

2-тиімді;

1-тиімділігі орташа;

0-тиімсіз

2.10 Жоғарыдағы жауабыңызды негіздеңіз.

2.11 Бастауыш сыныпта тілдік пәндерді кезең-кезеңмен оқыту бойынша көзқарасыңызды төмендегі бағалау шкаласы бойынша белгілеңіз (2- тиімді; 1-тиімділігі орташа; 0-тиімсіз)

Оқу пәндері	2 балл	1 балл	0 балл
1-сыныпта «Әліппе», «Ана тілі»			
2-сыныптан «Орыс тілі»,			
3-сыныптан «Шет тілі»			

Жоғарыдағы жауабыңызды негіздеңіз.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе		3
1	Бастауыш білім берудің МЖМББС, ҮОЖ және Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан (байқаудан) өткізу қорытындысы бойынша талдамалық есеп	5
2	Негізгі орта білім берудің МЖМББС, ҮОЖ және Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан (байқаудан) өткізу қорытындысы бойынша талдамалық есеп.....	126
3	Жалпы орта білім берудің МЖМББС, ҮОЖ және Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан (байқаудан) өткізу қорытындылары бойынша талдамалық есеп	217
Қорытынды		399
Қосымша		401